

**БАС РЕДАКТОР
С.Ж. ПИРӘЛИЕВ**

педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. – Абай ат. КазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор;

Сейсенбаева Ж.А. – ф.ғ.к., Абай ат. КазҰПУ бас ғалым хатшысы;

Айдемір Окай – Ыстамбұл университеті, Байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. – Абай ат. КазҰПУ, Педагогика және психология институтының директоры, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. – ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті;

Бейсенова Ә.С. – Абай ат. КазҰПУ, География және экология ғылыми-әдістемелік орталығының жетекшісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ. – Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры, пед.ғ.д.;

Ғаббасов С. – жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі, академик;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. – Абай ат. КазҰПУ «Жалпы педагогика» кафедрасының пед.ғ.д., профессор;

Қирабаев С.С. – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. – Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. – пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. – филос.ғ.д., әл-Фараби ат. КазҰУ, «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ф.М. – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нәрібаев К.Н. – ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. – ҚР Парламентінің Сенат депутаты, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Сманов Б.Ө. – пед.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. – Абай ат. КазҰПУ, Филология институтының «Практикалық тілдер» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР
С.Ж. ПРАЛИЕВ

доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. – директор Научного центра формирования интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор;

Сейсенбаева Ж.А. – к.ф.н., главный ученый секретарь КазНПУ им. Абая;

Айдемир Окай – декан факультета Связи Стамбульского университета, профессор;

Альмухамбетов Б.А. – директор Института педагогики и психологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. – к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагуна;

Бейсенова А.С. – руководитель научно-методического центра географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. – д.п.н., профессор кафедры «Начальное образование и изобразительное искусство» Таразского инновационно-гуманитарного университета;

Габбасов С. – писатель, Заслуженный работник здравоохранения СССР, доктор медицинских и педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан, действительный член Международной академии имени Нострадамуса, академик;

Есполов Т.И. – ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. – ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагуна, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. – д.пед.н., профессор кафедры «Общей педагогики» КазНПУ им. Абая;

Кирабаев С.С. – д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. – заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. – директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. – профессор кафедры «Религиоведения и культурологии» КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. – ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, академик НАН РК;

Нарибаев К.Н. – зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. – депутат Сената Парламента РК, кандидат педагогических наук;

Сманов Б.О. – д.пед.н., профессор, академик НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия) и Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. – д.п.н., профессор, зав кафедрой «Практических языков» института филологии КазНПУ им. Абая.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. – the director of Research center of formation of intellectual nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor;

Seysenbaeva Zh.A. – the candidate of philological science, the chief scientific secretary of KazNPU named after Abai;

Aydemir Okay – the dean of the Faculty of Communications of Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. – the director of Institute of Pedagogy and Psychology of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Baisabaev B.A. – the candidate of philological science, the docent of Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. – the chair of sud department «The scientifically-methodical centre on geography and ecology», the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Boleev K. – the doctor of pedagogical sciences, the professor of chair of «Primary education and fine art» of Taraz innovation and humanitarian university;

Gabbasov C. – the writer, honored worker of Health of the USSR, the doctor of Medical and Pedagogical Sciences, the professor, honored worker of the RK, member of the International Academy of Nostradamus, academician;

Espolov T.I. – the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. – the rector of Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn, the doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T. – the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNPU named after Abai;

Kirabaev S.S. – the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. – head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. – Ph.D., Associate Professor, the director of the Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. – the professor of the chair «Religious and cultural studies» KazNU named after Al-Farabi, Doctor of Philosophy;

Mutanov G.M. – the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, the academician of the NAS RK;

Naribaev K.N. – the vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, the academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. – the deputy of the Senate of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. – the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the NAS RK, the academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia) and International Aytmatov academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. – the doctor of philological sciences, the professor. Head of the Chair of Practical Languages of KazNPU named after Abai.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2017



**«Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі,
яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс»**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев.

МРНТИ 14.09.03.

ЕЛБАСЫНЫҢ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АТТЫ ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДА СЕЙТАЛИЕВ ҚАДЫРЖАН БІРӘНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

С.Т. Иманбаева

Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.д., профессор, ХПБҒА-ның академигі,
Халықаралық КОНКОРД академиясының корреспондент мүшесі (Франция)

Мақалада Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, профессор, педагогика ғылымдарының докторы Сейталиев Қадыржан Бірәнұлының педагогика ғылымына қосқан үлестеріне ғылыми талдау жасалынады. Тұлғалық қасиеттердің дамуы, ұстаздардың білімін жетілдірудегі қолтаңбасы, этнопедагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі, жас ғалымдардың жұмыстарына жетекшілік етуі, педагогика тарихының дамуына қосқан үлестері айшықталып көрсетіледі.

Түйін сөздер: Педагогика ғылымы, тұлғалық қасиеттер, қолтаңба, ұстаздардың білімін көтеру, этнопедагогика ғылымы, педагогика әдіснамасы, әлемдік білім кеңістігі, парасат мектебі.

В статье дан анализ вклада доктора педагогических наук, академика Академии социальных наук Республики Казахстан Сейталиева Қадыржана Бирановича в развитие педагогической науки. Раскрыты пути развития его личностных качеств, вклад в развитие национальной педагогики, научное руководство поисками молодых исследователей, роль в развитии университетского образования.

Ключевые слова: Педагогическая наука, личностные качества, почерк, повышение квалификации учителей, этнопедагогика как наука, методология педагогики, мировое образовательное пространство, школа мудрости.

The article analyzes the contribution of the doctor of pedagogical sciences, professor Seitaliev Kadyrzhан Biranovich in the science teaching development. The way of his personal qualities development, script in republic teachers' training system, scientific management of the search for young researchers, scientist place in the world space, role in the university education development are revealed.

Keywords: Teaching science, personality, script, teachers' training advance, pedagogy methodology, world educational space, wisdom school.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. ...саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз. Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім»[1], - деп ұсынылып

отырған идеяның негізі қазақ елінің қасиеті, ұлан байтақ жері, рухы асқақ, намысы биік ел, қазақ елінің қалыптасуындағы мызғымас берік идеологиялық негізі, ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық құндылық, ұлттық тәрбие т.б. мәңгілік ел идеясын іске асырудағы негізгі ұстанымы болып табылатыны көреміз. Қазақстанда әлемнің алпауыт та алып елдерінің көшіне ілесуде интеллектуалды ұлт қалыптастыру, интеллектуалды әлеуетті арттыру – негізгі стратегиялық міндет болып табылатындықтан қоғамның алдында тұрған негізгі міндет - рухы күшті тұлға, халық, қуатты мемлекетті қалыптастыру мәселесі тұр. Ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға – өз ана тілін білетін, басқа тілді

күрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық салт-дәстүрден нәр алған, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын адамды қалыптастыру көзделеді. Осы тұрғыда тұлғаны қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің, бәсекеге қабілетті зияткер тұлға қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің орны ерекше. Бүгінгі егемен еліміздің елдігі мен бірлігі ұстаз тәрбиелеген жас ұрпақтың рухының биіктігінде, біліктілігі мен білімінде екені әлемдегі жаһандану үдерісі көрсетіп отыр. Осының басы-қасында ұстаз, ғалым, тәлімгерлер тұр. Ұстаз ұлы тұлға! Бүгінгі егемен еліміздің елдігі мен бірлігі ұстаз тәрбиелеген жас ұрпақтың рухының биіктігінде, *біліктілігі мен білімінде екені әлемдегі жаһандану үдерісі көрсетіп отыр. Бәсекеге* қабілетті зияткер тұлға қалыптастыруда ұстаздың орны ерекше.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру аясында» идеясын іске асыруда, тәрбие мен білім беруде Сейталиев Қадыржан Бірәнұлының мұрасын ерекше атауға болады. Педагогика атты ғылымның негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Оның есімі «ұлы дала елінің ғұлама ойшылдары» атты тізімде алдыңғылардың қатарынан орын алады.

Сейталиев Қадыржан Бірәнұлының дара тұлға. Елбасының мақаласында «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», - деп атап көрсетуі де, қазақ халқының жер бетінен жойылмай сақталуы да ата-бабаларымыздың ұлттық рухының жоғары болуында десек артық айтпаған болар едік, яғни бұл – тарихи шындық[1]. Елі мен жерін, халқының бостандығын және мемлекет ретінде тәуелсіздігін сақтау, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу. Яғни, аталған идеяларды іске асыру бүгінгі жаһандандыру үрдісінде, ұлттық идеялардың әлемдік идеялармен өзара сабақтастыру жағдайында, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттер қатарынан көрінуі тұтас педагогикалық процестен күрделі, түбір-

лі өзгерісті талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда Қадыржан Бірәнұлы Батыс өңіріндегі ғылыми кеңістікті құруға белсене ат салысқан дара тұлғалардың бірі. Оның бойындағы адами қасиеттер, тазалық, ғылымға деген әділеттілігі ешкіммен салыстыруға келмейтін қасиеттері болып табылады.

Батыс өңіріндегі ғылыми кеңістікті құрудағы орны. Батыс өңіріндегі бірден бір ғылыми кеңістік – сол кездегі кандидаттық диссертациялық қорғау кеңесі еді. Диссертациялық кеңестің негізін салғандардың бірі және оны көпжылдар басқарған Сейталиев Қадыржан Бірәнұлы. Батыс өңіріндегі ғалымдардың басын біріктірген аталған қорғау кеңесінде ғылым атты киелі әлемге қаншама жас ұрпақты самғатты. Осы ғылым кеңістігінде де ғалымның өзіндік орны, қолтаңбасы болды. Кейін университеттегі докторлық кеңестің ғылыми деңгейінің өсуіне септігін тигізді. Диссертациялық кеңеске келіп түскен ғылыми жұмыстардың шешіміне де ғалымның өзіндік қолтаңбасы болды. Кейіндері Қадыржан Бірәнұлы қайтыс болғаннан кейін кейбір кездесетін олқылықтарға «Қадыржан Бірәнұлы болса бұлай болмас еді», - деген сөздер айтылып, ол кісінің парасаттылығы жиі-жиі еске алғандарын естуші едім. Себебі, ғалым ретінде сол кеңестегі көптеген диссертациялық жұмысқа оппонент болғанымда, ол кеңестің ғалым атты әлемдік кеңістікте өз орнының бар екені айқын аңғарылатын. Сейталиев Қадыржан Бірәнұлының парасаттылығынан оның артынан батыс өңіріндегі педагогика әлемі атты ғылыми мектепте А.С.Иманғалиев, Ш.И.Джанзақова, Ж.С.Хасанова т.б. тұлғалар ғылым атты үлкен биікке көтерілді, қанша парасатты тұлғалар осы батыс өңірінің ғылыми мектебінде қалыптасуына ықпал етіп, өзіндік қайталанбас ғылыми мектепті қалыптастырды.

Педагогика тарихы ғылымының дамуына қосқан үлесі. Ұлттың ұлттық қасиетінен нәр алған ғалымның бойындағы ұлттық рухы, парасаттылығы оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұраларды жинақтауға алып келді. Алғашқылардың бірі болып «Педагогика тарихы»

оқулығын жазды. Ұлттық білім беру жүйесінің даму тарихын зерделей отырып, оның әлемдік кеңістіктен алар орнын да айқындай білді.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаладағы негізгі бағыттардың бірі тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда ғалымның кандидаттық «Қазақ кеңес мектебінің даму тарихындағы адамгершілік тәрбие мәселелері 1920-1945 жж.» зерттеуі көкейкестілігін аша түскендей. Адамгершілік тәрбие бойынша жүргізілген зерттеуінде қазақ мектебінің даму тарихына өте ыждахатпен қарай отырып, тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды негізге алуды басты нәтиже тұрғысынан қарастырды. Ғалымның еңбектері Елбасы ұсынған «Ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық жаңғыру» деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. ... ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полостерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды»[1], - деген тұжырымдаманы іске асыруда ғалымның артына қалдырған зерттеуі негізгі орын алады.

Ауыл мектебін дамытудағы қолтаңбасы. Ауыл мектебін дамытудағы еңбектері егемен еліміздің дамуына қосқан іргелі үлесі деп бағалауға болады. Жоғары мектеп пен ауыл мектебінің арасындағы байланыс ғалымның еңбегінің негізгі арқауы болғанын оның еңбектерінен аңғаруға болады. Өзі басқарған кафедра ұжымының ауыл мектебінің дамуына қосқан ғылыми нәтижелері «Ауыл мектебімен байланысты іске асыруда педагогика кафедрасының іс-тәжірибесі» атты оқу құралында дәлелді түрде ғылыми теориялық және практикалық тұрғыда нақтыланып беріледі. Сонымен қатар, «Үздіксіз білім беру жүйесінде ауыл мектебі мұғалімін кәсіби даярлаудың жоғары оқу орнына дейінгі кезеңі», «Ауыл мектебіне мұғалім кадрларын даярлаудың көкейкесті мәселелері», «Ауыл мектебіне

кәсіптік бағдар берудің педагогикалық мәселелері», «Педагогикалық оқу орындары мен ауыл мектептерінің өзара байланысы», «Үздіксіз білім беру жүйесінде ауыл мектебіне мұғалім кадрларын даярлаудың ерекшеліктері» т.б. ерекше атауға болады.

Асылы, ұлттық рухты үнемі ұлықтап жүретін қазақтың тәлім-тәрбиесінің қайнар көзі ғалымның еңбегінің қайнар көзі болып табылады. Ұлттық тәрбие қайнарынан қанып сусындаған ұрпақ дені сау, ақылды, білімді, ұлтжанды, еңбекқор, кішіпейіл болып өседі. Халықтың өмір тәжірибесінен, рухынан, өнерінен, ділі мен тілінен, ұлттық мінезінен туатын ішкі заңдылықтарды дұрыс түсіндіре білу – жастарымыздың тәрбиесіне оң әсерін тигізбек. Ұлттық тәрбиедегі аса көңіл бөліп отырған мәселеміз – мемлекетшілдік нышандарды дамыту, оны ұрпақ тәрбиесімен ұштастыру және осы арқылы жастардың отаншылдық рухын ояту. Олай болса, елдің, ұлттың мәңгілік болуы оның уақытқа бағынбайтығында, халқын, елін, жерін шексіз сүйетін азаматтарды қалыптастырып, тәрбиелеуде жатқаны айқын.

Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруге қосқан үлесі. Ресей Білім академиясының академигі В.А.Сластениннің ғылыми жетекшілігімен «Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы (1920-1991 ж.ж.)» зерттеу жұмысының мақсаты – жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуына ғылыми теориялық тұрғыда талдау жасай отырып, бәсекеге қабілетті, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын ұлттық сана-сезімі жоғары деңгейде қалыптасқан жаңа тұрпатты болашақ маман тұлғасын тәрбиелеу еді. Ғалымның артына қалдырған мұралары ұлттық тарихымыз, ұлттық тәрбиеміз, ұлттық мәдениетіміздің дамуына аса көрегендікпен мән берілгенін байқауға болады. Профессор Қадыржан Бірәнұлының ғылыми-зерттеу жұмысы мен еңбектерінің негізгі бағыттарын саралап қарасақ, Қазақстанда педагогикалық ой-пікірдің даму тарихына, оның ішінде Қазақстанда жоғары педагогикалық білім

берудің қалыптасуы мен дамуына байланысты зерттеу еңбектері ерекше орын алады. «Педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ ұстазды кәсіптік-педагогикалық даярлауды жетілдіру» еңбегін алатын болсақ кәсіби бағдар беру жұмысынан бастап, тұлғаның құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін нақты айқындай білген. Болашақ мұғалімнің жеке тұлға ретінде кәсіптік қалыптасуында жоғары оқу орнында тәлімгерліктің ролі де ғалымның зерттеуінің негізгі арқауы болып табылады.

Елбасының «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе *жас ұрпақ бойындағы ерлік пен елдіктің рухын себетін негізгі күш – туып өскен жері мен елі, ұлттық мұра мен ұлттық байлығымыз* екені дау туғызбайды», - деген тұжырымы профессор Қадыржан Бірәнұлының өз туған елі мен жері туралы зерттеген «Гурьев облысында халық ағарту ісінің даму тарихынан», «Маңғыстауда халық ағарту ісінің даму тарихы», «Жоғары оқу орындарының қалыптасуы», «Бөкей Ордасында халық ағарту ісінің дамуы» т.б. еңбектері бүгінгі еліміздің даму үдерісінде оның елі мен жеріне деген құрметі, халқына деген сүйіспеншілігі азаматтық парасаттылығын айқындай түседі. Елбасының мақаласында «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», - деп атап көрсетуі де, қазақ халқының жер бетінен жойылмай сақталуы да ата-бабаларымыздың ұлттық рухының жоғары болуында десек артық айтпаған болар едік, яғни бұл – тарихи шындық. Елі мен

жерін, халқының бостандығын және мемлекет ретінде тәуелсіздігін сақтау, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу болса, ғалымның мұрасы осыны нақтылай түседі.

Профессор Қ.Б. Сейталиевтің «Халелтану» ғылымына қосқан үлесі. «Халелтану» атты ғылыми-танымдық пәнді университеттің оқу-тәрбие үдерісіне енгізуде ғалымның ғылыми ізденісін ерекше атауға болады. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы педагог, дәрігер Х.Досмұхамедовтың мұраларын бір жүйеге келтіре отырып, XX ғасырдың басында қалыптасқан ұлттық идеяларды сабақтастық тұрғыда оқу-тәрбие үдерісіне енгізу арқылы, ұлттық сананы қалыптастыру мәселесіне аса мән бере отырып, ұлттық тарихи құндылықтар жүйеленіп берілді. Х.Досмұхамедов ұлттық білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесін, оның мұраларының құндылығын ескере отырып, республикадағы жоғары оқу орындарындағы педагогикалық мамандықтардың оқу жоспарына таңдау пәні ретінде оқу жоспарларына енгізу қажет. Яғни, аталған идеяларды іске асыру бүгінгі жаһандандыру үдерісінде, ұлттық идеялардың әлемдік идеялармен өзара сабақтастыру жағдайында құнды пікірі ата салтымызды сақтауға, туған жер мен ел алдындағы перзенттік парызымызды ақтауға шақырады, оқушы – жастардың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға негізделген іс-шаралар белсенді ойлау қызметінің дамуын, негізгі құндылықтарды және осы заманғы ғылыми дүниетанымды қалыптастыру, олардың санасезімінің сенімді және қажетті біліммен толығын, ақыл-ой қабілеті мен білімге құмарлығын дамыту аса жоғары деңгейде іске асууға қосқан үлесіміз болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. /Айқын. 13 сәуір, 2013
2. Сейталиев К.Б. Педагогика тарихы. Алматы. «Білім». 2008. - 413 б.
3. Сейталиев К.Б. Тәрбие теориясы. Оқу құралы. –Алматы: «Мектеп», 1986.

МРНТИ 14.01.11

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ПРИНЦИПТЕРІ

Д.Б. Есимбекова

I. Жансүгіров атындағы ЖМУ аға оқытушысы, магистр

Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» ұстанымдары арқылы ЖОО студенттеріне рухани-өнегелі, азаматтық-патриоттық тәрбие беру өзекті мәселелердің бірі табылады. Мақалада автор төл әдебиетіміздің бастауы саналатын ежелгі мұралардағы елдік рух пен бүгінгі күн талабы талдайды. Күлтегін жазуында айтылған өсиеттер мен ұстанымдардың нақтылы жүзеге асырылып жатқандығын нақты мысалдармен дәлелдейді.

Түйін сөздер: ұлттық құндылық, отансүйгіштік, рухани жаңғыру, Күлтегін, мәдени мұра.

На сегодняшний день одним из актуальных проблем ВУЗ-ов является духовно-нравственное, гражданско-патриотическое воспитание студентов согласно принципам «Духовного возрождения». В статье автор с точки зрения современных требований анализирует дух государственности в древней казахской литературе. В частности, доказывает на реальных примерах нынешнее воплощение идей и принципов Кюльтегина.

Ключевые слова: национальные ценности, патриотизм, духовное возрождение, Кюльтегин, культурное наследие.

To date, one of the topical problems of higher education institutions is the spiritual and moral, civic-patriotic education of students in accordance with the principles of «Spiritual Revival». In the article the author analyzes the spirit of statehood in the ancient Kazakh literature from the point of view of modern requirements. In particular, he proves on real examples the current embodiment of Kultegin's ideas and principles.

Keywords: national values, patriotism, spiritual revival, Kultegin, cultural heritage.

«Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет ата-ну еді. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті...», - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, әрбір ісіміз, мұратымыз ел іргесін бекітуге, халықтың береке-бірлігін бекемдеуге негізделуі тиіс.

ЖОО-нда академиялық топтарда өтілетін кураторлық сағаттардың дені студенттердің бойында патриоттық сезімдерін артыруға бағытталады. Себебі, өз елін, өз жерін сүйетін азаматтар оның гүлденуі жолында адал еңбегімен үлес қосары сөзсіз.

Бүгінгі өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды, асыл мұраларымызды сіңіруде төл әдебиетіміздің орны айрықша. «Білімді болу деген – жаңалық ашуға қабілетті болу», - деп ғұлама ғалым әл Фараби айтқандай, жаңашылдық мәселесі қашанда өзекті.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында ерекше аталатын білім, ғылымның салтанат құруы дегенде дәстүрлі құндылықтарды дәріптеумен қатар, даму мен инновацияларды енгізу, халықтың пайдасына жаратуды меңзейді деген ойдамыз.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының ұстанымдары әрбір дәрістің, іс-тәжірибелік сабақтың, кураторлық сағаттың мазмұнында негіз ретінде алынуы тиіс деп ойлаймыз.

Мәселен, ежелгі әдебиет нұсқаларын оқу барысында студенттер ондағы келелі мәселелерді бүгінгі күн тұрғысынан қызу талқылап, талдайды. Мәселен, «Күлтегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нормасына келтірілген Ғұбайдолла Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» – деген жолдар бар. Бұл жерде олардың ойынша, қаған елдің тарих сахнасынан кетпей, сақталуын тілейді.

Елбасының президенттікке келген алғашқы күнінен бергі бүкіл саналы қызметі мен сарабал саясаты шекарамызды шегендеп, еліміздің әлемдік аренадағы өз орнын ойып алуын көздегені – тарихи шындық.

«Рухани-өнегелік, интеллектуалдық тәрбие» модулі бойынша кураторлық сағаттарда Күлтегін жазуында айтылған өсиеттер мен ұстанымдары бүгінгі күні нақтылы жүзеге асырылып отырғанының көрінісі ретінде төмендегі фактілері атап өтілді:

1. «Өтікен жерінде отырып, керуен жіберіп отырсаң, онда мұңың жоқ. Өтікен жынысында отырсаң, мәңгі ел тұтып отырар ең сен» делінген ескерткіште [2, 63 б.]. Осы тектес қағидатты Білге қаған, Теркін мәтінінен де оқимыз. Мұндағы *Өтікен* – түркілердің астанасындай қасиетті жері. Байырғы түркілер өз мемлекетінің астанасын ерекше құрметтегенін әсте кездейсоқтық емес. Себебі, ол – мемлекетшіл сана мен рухтың ажырағысыз серігі. Ендеше, елдікке тірек боларлық орда керек екенін Елбасы өткен ғасырдың соңында-ақ түйсініп, өзі бас сәулетшісі болған шаһар – Астананы төрткүл дүниеге паш етті. 2017 жылы әлемнің барлық мемлекеті өздерінің ең үздік технологиялық, ғылыми, мәдени жетістіктерін көрсеткен ЕХРО халықаралық мамандандырылған көрмесі арқылы қазақ елінің аты тарихта алтын әріптермен жазылды. Биылғы жылы Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесіне **төрағалық** етуі де ел мерейінің үстемдігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

2. Күлтегін жазуы былай дейді: «Нендей бір айтар сөзім болса, мәңгі тасқа бастым. Мұны көріп біліңдер, түрік халқы, бектері, бөдке (таққа) кіріптарсындар ғой, жұртыңмен бірге жаңылғышсыздар ғой сіздер». Бұл қағидаттан екі қорытынды шығаруға болады: бірі – мемлекеттің даму стратегиясын, ішкі және сыртқы саясатын анықтағанда қателікке жол бермеу, екіншісі – билік пен халық арасындағы ынтымақ, түсіністік мәңгіліктің кепілі екенін баса көрсету. Осынау ұстаным қазіргі Қазақстан үшін бейтаныс емес.

3. Көреген Күлтегін былайша толғанады:

«Мен мәңгітас тіктім (тұрғыздым). Табғач қағаннан бедізші келтірдім. Бедіз еттім. Менің сөзімді бұзбады». Демек, мәңгіліктің негізінде материалдық, геосаяси, әскери фактор ғана жатқан жоқ екен. Бұрмалаудан, әсірелеуден ада, ақиқатқа суғарылған тіл мен сөз, руханият пен идеология, тұжырым мен теория мәңгілікке жетелейтініне бабаларымыздың күмән-күдігі болмаған. Бұл қағидат бүгін де өз күшінде. Елбасымыз қабылданатын барлық шешімдердің прагматизмі мен эволюциялылығын талап етуде. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясында: «Экономикада, саясат пен әлеуметтік тұрмыста ешбір секіріске, жөнсіз сынақ пен авантюраларға жол беруге болмайды. Айналамыздағы әлем қалай тез өзгертін болса, еліміз бен қоғамымыз да солай жылдам өзгеруге тиіс», – дегені бәріміздің есімізде.

4. Күлтегін жазуында мынадай жолдар бар: «Көңілдегі сөзімді (бастырттым)... [...] он-иелік ұрпағыңа, кірмелеріңе дейін бұны көріп біліңдер. Мәңгі тас тоқыттым». Бұл тұжырымның мәнісі, біздіңше, мынада: ұрпақтар жалғастығы қаншалықты маңызды болса, этникалық, рухани, идеологиялық, тілдік, т.б.с.с. құндылықтардың сабақтастығы одан бір мысқал кем емес. Бұлар мәңгіге айналғанда әркімнің және баршаның бәсекеге қабілеттілігі шындалады. Елдің мәңгілігі негізделеді. Осы орайда тәуелсіздік жылдары жүзеге асқан ұлттық тарих, мәдениетті қолдау жылдарының, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының, қазіргі Ұлт жоспары: 100 нақты кадамның маңызын тағы да мойындайсыз.

5. Күлтегіннің соңғы өсиеті: «Бұл киелі жер еді. Қазір де киелі жер. Осындай киелі жерге мәңгі тас тоқыттым, жаздырдым. Бұны көріңдер, осылайша біліңдер». Тобықтай түйіні, біздің ойымызша, мемлекет үшін де, халық үшін де мәңгіліктің қасиетті көзі – жер дегенге саяды. Жер – бұл табиғат, экономика, байлық, өмір салты, геосаясат, руханият. Осылай болған және бола да береді

Қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және

Ұлы дала елін ортақ Отан еткен жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық мүдделерін біріктіретін күш – «Рухани жаңғыру» принциптері.

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жөніндегі трактат» – әл-Фарабидің ең кемел туындыларының бірі. Бұл еңбек 948 жылы жарыққа шықты. Бұл трактатта әл-Фараби өзі тұрған «қайырымды қала» туралы оқуды баяндайды. Адам толығымен дамып жетілуі үшін ол көптеген нәрселерден тәуелді. Себебі ол барлық өзіне қажет нәрселерді жалғыз өзі жасай алмайды, әрі қол жеткізе алмайды дейді. Сондықтан адам өзінен басқа адамдардың қоғамдастығында өмір сүруі керек және сонда ғана ол толық жетіліп, бақытқа қол жеткізе алады дейді. Жалпы адам қоғамдастығын ғалым екі түрге бөліп көрсетеді: толық және толық емес. Толық қоғамдастықтың өзін ол үш түрге бөледі: үлкен, орташа, кіші. Үлкен қоғамдастық деп ол бүкіл жерді мекендеуші барлық адамдардың жалпы қоғамдастығы деп көрсетеді. Ал орташа қоғамдастық дегеніміз белгілі бір халық ретіндегі қоғам дейді, кіші қоғамдастықты ол белгілі бір қала ретінде көрсетеді [4, 21-23 б.].

Толық емес қоғамдастыққа келсек Фараби оларды төртке бөліп көрсеткен. Олар – квартал, көше, үй және ауыл. Соңғысы қала құрамына кірмегенімен ол қалаға қызмет көрсетуші толық емес қоғам болып табылады. Жоғары деңгейдегі даму мен игілікке адам ең бірінші ретте ең кіші дегенде қалада ғана қол жеткізе алады деп көрсетіледі. Кез келген нәрсеге шын көңіл білдіріп, шынайы таңдау жасап талаптанып жетуге болатындықтан кез-келген қалада бақытқа қол жеткізуге болады дейді. Әрбір тұрғыны бақытқа жету жолында бір-біріне көмектесетін қала қайырымды қала деп түсіндіріледі. Және сол секілді қайырымды қоғам, қайырымды халық та болады дейді.

Ал сол қалада тұратын тұрғындарды бес топқа бөледі. Яғни қайырымды қала бес түрлі адамдар тобынан құралады: ең құрметті адамдардан, шешендерден, өлшеушілерден,

жауынгерлерден және байлардан. Әл-Фараби ең құрметті адамдарға ақылдыларды, пайымдағыш адамдарды, маңызды істерде беделге ие болғандарды жатқызады. Екінші топтағы шешендерге – діни қызметкерлерді, ақындарды, музыканттарды, хатшыларды сол сияқты шығармашылық жұмыспен айналысатындарды, ал өлшеушілерге-есепшілерді, дәрігерлерді, астрологтарды, математиканы оқытушыларды қосады. Әл-Фараби бойынша, байлар дегеніміз – қалада байлық табатындар, егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қол өнершілер.

Қайырымды қаланы әл-Фараби сау әрі мінсіз адам денесіне ұқсас дейді. Себебі оның әрбір мүшесі денсаулықты сақтау үшін бір-біріне көмектесіп өмір сүреді. Бірақ адам денесіндегі органдар бір-бірінен табиғаты, атқаратын қызметіне байланысты айырмашылық жасайтындығы сияқты қала тұрғындары да өздерінің қыметі мен қоғамдағы орны бойынша айырмашылық жасайды дейді. Қалада бір басшы болады, ол өзінен бір саты төмендегілерден белгілі бір істің атқарылқын талап етеді, ал талап етілгендер өз кезегінде өздерінен кейінгілерден талап етеді, осылайша ең төменгі ешкімнен талап ете алмайтын сатылардағыларға да жетеді дейді.

Әдебиетіміздің асыл мұраларын оқыту арқылы өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, ізгілікке, әділдікке, кемелдікке баулимыз. Төл әдебиетімізді бүгінгі күн тұрғысынан саралап қана қоймай, ондағы идеялар мен ұстанымдарды күнделікті өмірде пайдаланудың мәні зор.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы қазақстандықтарға жаңа серпін беріп, тың өзгерістерге бастары айдан анық. Әсіресе, жастардың бойына ұлтжандылық, ізгілік, білімділік, бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін сіңіруде маңызы зор. Демек, әр оқу орнында, мекемеде аталмыш бағдарлама принциптерін басшылыққа алу арқылы жарқын болашаққа нық қадам басатынымыз сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли..) – Алматы, «Өлке» баспасы, 2001. – 144 бет.
2. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік / Көне түркі тілінен ауд. және алғы сөзі мен түсінік. жазғ. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
3. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы. – <http://www.akorda.kz>
4. «Аңыз адам» журналы. №17, 2011. -21-23 б.
5. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 232 бет.

МРНТИ 11.01.11

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – БОЛАШАҚТЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

Б.К. Ахметова

*«Ақын Қабан Жырау атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі, бастауыш сынып мұғалімі*

*Мақсатқа жету үшін біздің санамыз
ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын
жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және
экономикалық жаңғыруларды толықтырып
қана қоймай, олардың өзегіне айналады.*

Н.Ә. Назарбаев

Рухани жаңғыру – болашақтың жарқын көрінісіне басты қадам. Әрбір қазақстандық оны түсінуі керек. Бұл мақалада Қазақстан халқының рухани жаңғыру жолдары сипатталған. Уақыт ағымын бейімдеу арқылы біз жаңа ғасырдың оң аспектілерін қабылдауға тиіспіз. Мақалада бүкіл қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыттары көрсетілген. Және де сол бағыттардың маңыздылығы түбегейлі ашылған.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, білім, мемлекет басшысы, қабілеттілік, дәріптеу, прагматизм, бағыт, бағдар.

Духовное возрождение – это важный шаг на пути к светлому будущему. Это должен осознать каждый казахстанец. И не просто осознать, а широко пропагандировать эту идею. В этой статье описаны пути духовного возрождения народа Казахстана. Через адаптацию с течением времени, мы должны принять положительные стороны нового века. В статье указаны несколько направлений возрождения сознания целого общества и каждого казахстанца.

Ключевые слова: духовное возрождение, образование, глава государства, способность, похвала, прагматизм, направление, ориентация.

Spiritual rebirth is an important step on the road to a brighter future. Every Kazakhstani should realize this. And not just to realize, but to widely propagate this idea. This article describes the ways of spiritual revival of the people of Kazakhstan. Through adaptation over time, we must accept the positive aspects of the new century. The article points out several directions for the revival of the consciousness of the whole society and every Kazakhstani.

Keywords: spiritual revival, education, head of state, ability, praise, pragmatism, direction, orientation.

Кез келген адам баласы дүние есігін ашқан соң есейе келе алдына мақсат-міндеттер қояды. Меніңше, ең басты өмірлік міндетіміз – рухани жаңғыру. Себебі, адамның жан-дүниесі байымай тұрып, материалдық байлыққа қол жеткізе алмайды. Бірақ, бұл орайда «Рухани жаңғыру дегеніміз не?» деген ой миымызға тап ете қалады. Бірінші, осы дүниені талдап, талғап, мәнін ашып алайықшы.

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңаруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз.

Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру» дәлел. Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз негіз болып табылады.

Рухани жаңғырудың негізі – халықтың, жеке адамның тұлғаға айналуы. Әр заманның өз міндеті, ұрпаққа қояр талабы бар демекші, мемлекеттің дамуы – ұрпақтың уақыт талабына сай бейімделіп, мәдени ортаға қалыптасуға деген ұмтылысына байланысты.

Рухани жаңғыру дегенде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан

Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы ойымызға ауқымды бағдар ұсынады [1]. Бұл мақалаға көз жүгітсек, ол ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айрықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» [1]. Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы

күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. *Ұлттық бірегейлікті сақтау;*
2. **Бәсекеге қабілеттілік;**
3. **Прагматизм;**
4. **Білімнің салтанат құруы;**
5. **Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;**
6. **Сананың ашықтығы [1].**

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. Рухани жаңғырудың аталған бағыттарын мағынасын аша атап өтсек:

1. Ұлттық бірегейлікті сақтау.

Ұлттық жаңғыру – ұлттық сананың кемелденуі. Біріншіден – Елбасымыз айтқандай, «жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты ұлттық кодты сақтай білу». Ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншіден – ұлттық болмыстың өзегін сақтау, өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту.

2. Бәсекеге қабілеттілік.

Ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықтағы бағасы, өзгелерден сапасымен ұтымды дүние ұсынуға қабілеті. Заман талабына сай тұтас халық қана емес, жеке адамның өзі бәсекелік қабілетін арттырып, табысқа жетуге мүмкіндік алады.

3. Прагматизм.

Өзінің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, сол байлықты үнемдей отыра қолдана білу. Болашақты жоспарлай отыра, ысырапшылдық пен даңғойлық қасиеттерге жол бермеу. Білім алуға, мақсатқа жетуге, кәсіби тұрғыдан жетілуге деген ынта ықылас, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану мінездің прагматизмі. Заманауи әлемдегі

бірден-бір үлгі.

4. Білімнің салтанат құруы.

Біздің қанымызда бар қасиет – білімді болуға ұмтылу. Табысты болудың басты факторы – білім. Жыл өткен сайын, біз жүрісі жылдам дамыған дәуірге аяқ басып келеміз. Сондықтан, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт биік табыстарға жетеді.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.

Күллі XX ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды. Бұл осы аумақтағы барша ұлттарға мейлінше әсер етіп, бүкіл болмысын өзгертті. Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа. Біреуге өзінің көзқарасыңды еріксіз таңуға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ.

6. Сананың ашықтығы.

Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі [1].

Осылайша, Елбасы өзінің мақаласында құнды ой толғамдарын нақтылықпен жеткізе білген. Осы мақаладағы принциптерді ары қарай түбегейлі санамызға қондырып орындау жастарымыздың еншісінде.

«Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы

оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - деп ашып көрсетеді [2]. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Мен Елбасының осы сөздерін толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелдену барысында әрбір маман иесі кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы қажеттілігін түсінемін. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім жүйесі әрдайым бірінші кезектегі орында тұруы міндет деп есептеймін.

Ұлттық жаңғыруды ұлттық санамен тығыз байланысты деп қарасақ. Оның түпкі мақсаты

– ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді» [1], – дейді Н.Ә.Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», - деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз

береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар». Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр.

Ендеше, рухани жаңғыру – болашақтың жарқын көрінісі екенін алда айтылған ой-толғамдардан көруге болады. Рухани жаңғыру арқылы әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, баршамыз бірлік туы астында мәңгілік ел болып, бақытқа бірге жетейік!

Қорыта айтқанда, бұл Елбасымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген асыл үндеу өсиеті. Рухани жаңғыру – адам баласының ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі өзгерісті қабылдай білуі. Тарлан тарихтың, жасампаз бүгіні мен жарқын болашағын үйлесімді үйлестіретін ұлт жадының тұғырнамасы. Осы тұғырнамадан ауытқымай, елбасымыз ұрпаққа меңзеген дара жолымен биік-биік шыңдарды бағындыратынымызға сенімдімін!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 13 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. «Егемен Қазақстан» газеті, №4, 2017 ж.

МРНТИ 14.01.11

ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ

М.Б. Тумабаева

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының докторанты

С. Сейтимбетова

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының оқытушысы, магистр

Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Бүгінгі қазақ елінің білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

Түйін сөздер: Ұлттық тәрбие, рухани құндылықтар, ізгілік, әдепті, ұлтжанды, интеллектуалды.

Национальное образование является неотъемлемой частью системы образования, основанной на воспитании будущего высококвалифицированного профессионала национального сознания. Цель состоит в том, чтобы воспитывать полноправного многонационального человека, обладающего национальным сознанием, который может способствовать процветанию национальных интересов, взаимодействию с национальными ценностями и универсальными ценностями. Обеспечить конкурентоспособность современной казахской нации в духе образования и культуры других цивилизаций; формирование цивилизационного сознания общества и человека, человеческих и природных отношений в национальном духе.

Ключевые слова: Национальное воспитание, духовные ценности, гуманизм, этика, патриот, интеллектуальный.

National upbringing – component of education system based on bringing up future qualified young specialists with high national consciousness. The goal – to bring up a patriot with formed national consciousness, which could contribute to the prosperity of national interests and a perfect companion that would combine national values and universal values. To ensure that today's Kazakh nation is competitive in education, culture and spiritually with other civilizations; formation of civilization consciousness of man and nature in the national spirit.

Keywords: National education, spiritual values, humanism, ethics, patriot, intellectual.

Әлемдік тәжірибеде мойындалған бір ақиқат бар. Ол – ел болудың биік мағыналы ұғым екені. Оның іргетасы – мемлекет, анығырағы ұлттық мемлекет. Әділіне көшсек, тек мемлекет құрған ел ғана әлемдік көшке ілесе алады, өзіндік келбеті бар өркениет жасай алады, өз кезегінде өркениет жасай алған ел ғана басқа өркениетті елдермен терезесі теңесе алады. Олай болса, еліміздің тап бүгінгі болмысы мен әлемдік кеңістіктен

өз орнын табуға ұмтылысын мемлекетшілдік бастаулары деп айтуға толық негіз бар. Ресейге отар ел болып тұрғанымызда «туған ұлт», «ұлттық», «ұлтшылдық», «ұлттық идея», «ұлттық мүдде», «ұлттық тәрбие» мәселесі туралы сөз қозғау мүмкін болмады. Өйткені, бұл жайында сөз қозғау отарлаушы елдің «жасампаз» интернационалистік идеологиясына қарсы шыққандық деп есептелетін. Қазір уақыт өзгерді, заман басқа, уақыт

сұранысына жауап беретін талап та басқа. Бүгінде ұлт, ұлттық, ұлтшылдық мәселесі жақсы мағынада елдік санаға ұласып отыр. Елдік сана дегенде ең алдымен ойға оралатын нәрсе, еліміздің рухани жаңғыруы.

Енді ұлттық биік сананы қалай қалыптастырамыз, оны жүзеге асырудың жолдары қандай деген мәселеге келейік. Қазір барлық елдер мен мемлекеттер біркіндікті жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделу үстінде. Негізгі кіндігі еркін таңдау және жеке бастама жасай алатын жеке адам бостандығы идеясына негізделген Батыс өркениеті болып отыр. Соңғы жылдары жаһанданудың бір тетігі ретіндегі батыстану – бұл тек батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік реттеудің (адам құқығы, жеке адамның тұлғалық тұлғаты, діни сенімі, ұлттық төзімділік, әдептілік, т.б.) мәдени-өркениеттік қалыптар кешенін де қабылдау екенін түсінген дәстүрлі қоғамды жақтаушылардың табанды қарсылығына тап болуда. Бұл тұрғыда негізгі келіспеушілік өркениеттердің өзара кірігуі мен ұштасып кетуіне қарсылықта болып тұр. Анығырақ айтқанда, жаһандану барысында Батыс мәдени құндылықтарының басымдық танытуы жергілікті халықтың байырғы төлтумалық сипатының жоғалуына түрткі болуы мүмкін деген қауіпке әкеліп тірейді. Өйткені, өткен ғасырдың орта шенінен айтыла бастаған өркениет бәсекесі қазір шын мәнінде ақиқатқа айнала бастады. Бәсеке бүгінгі күні экономикада, саясатта, идеологияда, мәдениетте, білімде, ақпаратта, технологияда, тағы басқа салаларда қызу қарқынмен жүріп жатыр.

Рас, Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздер үшін өте қажет, алайда, Батыс өркениетінің қоршаған ортаға тек пайда табу көзі деп қарауға үйретуі, оны технологиялық тұрғыдан бөлшектеп сату түрінде түсіндіруі, бұл мәселеде бізге үлгі бола алмайды. Сондықтан Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік жақсылықтың

нышаны емес. Тағы да қайталап айтудың реті келіп тұр, батыстың технологиялық жаңалығына ұмтылу, экономикалық өндірісті ұйымдастырудағы жетістіктерін игеру – қажеттілік, ал одан керісінше бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұн іздеу – бос әреушілік. Өкінішке орай, Батыс өркениеті бұл тұрғыда ешқандай жетістікке жеткен жоқ, қайта тоқырауға ұшырады. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамы мәдени құндылықтарды еш уақытта тауар деп қабылдамайды, негізгі ұстанымы бойынша қоғамның шаңырағын шайқалтпай ұстап тұруға тиіс тетік, өмірлік ұстын ретінде қарастырады. Ал Батыс өркениетінде бұл тұрғыдағы ұстаным мүлдем басқа, олар мәдени құндылықтарды тауар ретінде қабылдайды, мақсат – сату (сатылу) және пайда табу. Қанша аз уақыт жұмсалса, сонша пайдасы көп. Алайда басы ашық мәселенің бірі – қазақ қоғамы қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үрдісінің ықпалынан, өзі қаламаса да, оқшау бола алмайды. Бұлт шығар күндей анық мәселе. Жаһандануды әрбір ұлт, әрбір этнос, әрбір мемлекет өзінің болмысына бейімдеп сіңіре алғанда ғана осынау қауіптілеу болып көрінетін құбылыстың игілігін көреді. Егер жаһандануды ұлттық мемлекеттік болмысқа икемдей алмасақ, оның ықпалына түсіп алып, жалаң еліктеуге ұрынатын болсақ, онда мемлекет те, сол мемлекетті жасап отырған ұлт та геосаяси тобырға айналып, рухани жаулаушы өркениеттің құлақкесті құлы болып қала береді.

Ендеше, оған қарсы тұру үшін не істеу керек? Одан өз бітім-кескінін сақтаған қазақ қоғамын аман алып қалудың қандай тетіктері бар? Біздің ойымызша, оның ең тиімді үлгісі – ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу. Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ол жайдан-жай емес, әрине. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен

өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы мемлекетшілдік, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені, біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Ол бізге мынау аждаһадай төніп келе жатқан дүлей дүниеде біржола жоғалып кетпеуімізге кепіл болуға тиіс. Қалай десек те ендігі жерде өзіндік “менін” сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай болса, осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын мойындауға мәжбүрміз.

Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшебасар ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсінуіміз керек. Яғни, парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз. Сондықтан мұнда алдымен мемлекет жасауға ұйытқы болып отырған этнос пен мемлекеттің мүддесі қатар тұруға тиіс. Өйткені, біз бұдан былайғы кезеңде бүкіл адамзат баласы жасаған өркениеттермен қатар дамуға тиіс мәдениеттің (қазақ мәдениетінің) мүшесі болып саналамыз. Ендеше, адамзат баласының

осы уақытқа дейін жасаған озық тәжірибелері мен жетістіктерін қолдан келгенше түгел игеріп, қажетімізге пайдалануымыз керек. Сондай-ақ, ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиедегі негізгі қағиданың біріне айналуға тиіс. Бұл үшін қазақ ұлтын қай тұрғыдан да жана дәрежеге, жаңа интеллектуалды сапаға көтеріп алу тиімді.

Бүгінгі қазақ ұлты – бұрынғы көшпенді тұрмысқа бейімделген дала халқы емес. Бүгінгі қазақ ұлты – өркениет орталығы саналатын қала халқына айналып, сапалық жағынан көп ілгеріледі, бүтіндей аграрлық жағдайдан гөрі, индустриялық-инновациялық мемлекет құруға көшіп отыр. Сонымен бірге «Мәңгі ел» ұлттық идеясымен қаруланған тәуелсіз халық. Қазіргі кезде әлем жұртшылығы ұлт лидері Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей бастамасымен Үкімет осы бағытта үлкен мемлекеттік бағдарлама жасап, барлық деңгейдегі билік өкілдері елдің индустриялық-инновациялық даму жолына түсуін қатаң бақылауына алып, жіті қадағалап отыр. Түсінген адамға мұның түпкі астарында да мемлекеттік идеядан туындаған ұлттық мүдде, ұлттық ұстын жатыр. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен интеллектуалды ресурстарымен тығыз байланысты. Интеллектуалды ұлт болу деген тар шеңбердегі ұғым емес, оның түпкі иірімінде ұлттық негіз, ұлттық ұстын, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, рух тазалығын тәрбиелеу арқылы да биік мұратқа жетуге болады. Ал, оның түпкі мақсатында инновациялық терең білім алу қажеттілігі мен технологиялар әлемінде қабілеттілік таныту сұранысы мен мұнда лап тұр. Өкінішке орай, бүгінгі таңда біздің елімізде интеллектуалдық «тапшылықты» «дефициті» қай кездегіден де жоғары. Елдік сананы қалыптастыру үшін неге ұлттық тәрбиені бірінші кезекке қоямыз? Ұлттық тәрбие өзара тығыз байланысты екі

бастаудан нәр алуға тиіс. Оның біріншісі, қазақ халқының тарихи тағдыры қалыптастырған мейірім, жарасым, төзім, шапағат, парасат, ізет, бақыт туралы арман-аңсар. Таратып айтсақ, осындай арман-аңсардың мәдениет пен өнерде, салт-дәстүрде, тіл мен ділде, діни сенім-нанымда түрліше көріністері болуы керек. Екіншісі, бүгінгі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіріп отырған қоғамдық-психологиялық ахуал. Бірінші жағдайға қатысты ойымызды одан әрі өрбітер болсақ, халықтың мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен салт-дәстүрі, тілі мен ділі, сенім-нанымы мен діні дегенде тарихтың сүзгісінен сараланып өткен рухани құндылықтарға басымдық сипат берілуі керек. Мұның өзі қоғамның тарихи, психологиялық даму бағытында екінші мәселенің де оң шешімін табатын жолмен ілгері басуына кепіл бола алар еді.

Әрине, бүгінгі қоғамдық-психологиялық ахуал дегенде осы бағыттағы әлемдік тәжірибелердің озық үлгілері мен жетістіктері де назардан тыс қалмауға тиіс. Түсінген кісіге қазіргі заман көзімен қарасақ, қоғам түбегейлі өзгерген. Жастардың психологиясы, таным түйсігі мүлдем басқаша. Бүгінгі қоғамдық қатынастар өкшебасар ұрпақты бәрібір өз дегеніне көндіруде. Тіпті ұлттың құрамы да ала-құла. Ұлттың (отбасының) құрамы ала-құла болған соң, тілі де біркелкі емес. Осыған байланысты бүгінгі қазақ отбасының ұлттық тәрбиесі күрделі өзгерістерді бастан кешіруде. Мұндай өзгерістерге біз әрқашан дайын болуымыз керек. Ол үшін білім арқылы тәрбиелеудің әлемдік озық үлгілеріне арқа сүйегеннен ұтпасақ, ұтылмайтынымыз анық. Сонда ғана біз бәсекелестікке қабілетті жас ұрпақ тәрбиелеуге қол жеткізе аламыз. Халықаралық деңгейдегі білімнің басты ерекшелігі – күшті нарықтық бәсекеге қажет кадр даярлау болса, оның алғышарты білім арқылы тәрбие берудің ішкі механизмін қалыптастыратын жүйе құру деген сөз. Мұны дүниежүзілік тәлім-тәрбие берудің озық тәжірибелерін игермей ұлттық тәрбие идеясын толыққанды жүзеге асыра

алмаймыз. Бүгінгі тарихи-психологиялық ахуал бізден осыны талап етіп отыр. Онсыз білім де, тәрбие де өз деңгейінде болмайды. Шын мәнінде тәуелсіздік дегеніміздің өзі ұлттық мәдениеттің сақталуы және халыққа рухани қызмет ету әлеуеті емес пе?! Ол-ол ма, ұлттық бостандық ұғымының түпкі мазмұн-мағынасы да осыған саяды. Жастарды ойдағыдай тәрбиелеуде біздің мүмкіндігіміз бар. Өйткені, ол үшін батыс мәдениетімен, білімімен бәсекеге түсе алатындай ХХІ ғасырда рухы биік мәдениетіміз бен білімі әлеуетімізді қалыптастыруды қолға алу өте мөте маңызды. Рухы мен мәдениеті биік, білімі терең деңгейдегі ұлт жаһандану деген алып мұхиттың үстінде өзінің келбетін жоғалтпайды. Ондай ұлттың да, мемлекеттің де болашағы жарқын. Ол үшін ұлттық тәрбиені дамытудың ғылыми негізделген тұжырымдамасын жасау керек. Өйткені, ұлттық тәрбие бастауларынан нәр алған мәдениетті, парасатты жастар оқу-білімді өзінің өмірлік мұратына айналдырып, жан-жақты ізденетіні, ғылыммен шұғылданатыны сөзсіз. Білім мен ғылым шындығында, аса зор өндіргіш күш, үлкен байлық. Сондықтан да әлемдік жаңа идеология білім күшіне сүйенеді. Сондай-ақ қазіргі замандағы білім беру жүйесінің міндеті қазіргі жастарымыздың білім алып қана қоймай, тәрбиелі, әдепті, ұлтжанды, бір сөзбен айтқанда, интеллектуалды болуын қамтамасыз ету. Ұлттық тәлім-тәрбиенің ең басты қажеттілігі – жастардың рухани тәрбиесін жетілдіру дейтін болсақ, бұл бүгінгі күндегі ең өзекті мәселенің бірі саналады.

Ал, ұлттық тәрбиенің көздері фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады. Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттері, ізгілік сынды тағы басқа сапалық белгілер ұлттық тәрбиенің негізгі көрінісі болады.

Қорыта айтсақ, ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық

тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. - 163 б
2. Бөлеев Қ. Қазақ этнопедагогикасы – ұлттық тәрбие берудің негізі. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2008. 110 б.
3. Боданов Ж. Ұлттық тәлім-тәрбиенің кейбір мәселелері. – Жамбыл, 1994.-61 б.
4. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. -232 б.
5. Нұрматов С. Ұлттық болмыс пен ұлттық сана. – Алматы: Ғылым, 1996.-131 б.

МРНТИ 11.01.11

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН ЕЛ БОЛУЫМЫЗДЫҢ КЕПШІ

А.С. Есқанина

«Ақын Қабан Жырау атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі, бастауыш сынып мұғалімі

*«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен
сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне
айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен
жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты
толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді.
Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын
белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл
қазір артымызда қалды, сондықтан да мен
еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін»*

Н.Ә. Назарбаев

Мақалада рухани жаңару туралы мәселе қарастырылған. Рухани жаңғыру – бұл елдің гүлденуі. Әрбір азамат оны түсінуі керек. Мақсаттарға қол жеткізу үшін Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының мағынасын әрбір азамат терең түсіну қажет. Бұл мақалада Қазақстан халқының рухани жаңару жолдары сипатталған. Уақыт ағымын бейімдеу арқылы біз жаңа ғасырдың оң аспектілерін қабылдауға тиіспіз. Мақалада бүкіл қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыттары көрсетілген.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, білім, мемлекет басшысы, қабілеттілік, дәріптеу, прагматизм, бағыт, бағдар.

В статье рассмотрено духовное возрождение. Духовное возрождение – это путь к процветанию страны. Это должен осознать каждый казахстанец. Чтобы достичь высоких целей, необходимо глубокое осознание смысла статьи Президента «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». И не просто осознать, а широко пропагандировать эту идею. В этой статье описаны пути духовного возрождения народа Казахстана. Через адаптацию по течению времени мы должны принять положительные стороны нового века. В статье указаны несколько направлений возрождения сознания целого общества и каждого казахстанца.

Ключевые слова: духовное возрождение, образование, глава государства, способность, похвала, прагматизм, направление, ориентация.

The article considers the spiritual revival of the Kazakh people. Spiritual revival is the way to prosperity of the country. Every Kazakhstani should realize this. To achieve high goals, it is necessary to have a deep understanding of the meaning of the President's article «Looking into the Future: Modernizing Public Consciousness». And not just to realize, but to widely propagate this idea. This article describes the ways of spiritual revival of the people of Kazakhstan. Through adaptation over the course of time, we must accept the positive aspects of the new century. The article points out several directions for the revival of the consciousness of the whole society and every Kazakhstani.

Keywords: spiritual revival, education, head of state, ability, praise, pragmatism, direction, orientation.

Рухани жаңғыру – болашағы жарқын ел болуымыздың кепілі екені нақтылық. Рухани жаңғыру дегенде ең әуелден ойымызға Елбасының мақаласы оралады. Әрине, рухани жаңғыру дегенде елбасымыздың мақаласына шолмай өту ағаттық. Дүниеде барлық адам, барлық халық тәуелсіздік пен бостандықты, теңдікті аңсайтыны анық. Сол жолдағы тынымсыз күрес әлемнің кей түкпірінде әлі де жалғасып жатыр. Тәуелсіздік ұғымының терең астарын тарих қойнауынан, ата-бабамыздың өткенінен, оның сан ғасырлық арманынан іздегеніміз абзал.

Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, «Қазақстанның бүгінгі мен болашағы – халқымыздың ынтымақ-бірлігінде, ырыс-құтты тірлігінде» [1,145]. Сол бірліктің арқасында еліміз экономикалық даму мен әлеуметтік жаңару, жаңғырудың даңғыл жолына түсті. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Жолдауда қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгінгіміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Ал бұл мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі деп есептеймін.

Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам

мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұстаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы сөзге тиек болған мәселелерге назар аударсақ, рухани жаңғыру дегеніміз не, оның саяси жаңғыру мен экономикалық жаңғырудан қандай айырмашылығы бар? Өзге мемлекеттердегі жаңғырудан артықшылығы неде? [2] - деген сауалдар туындайтыны анық. Осы сауалдар төңірегінде жауаптар іздестіріп, маңызын жеткізе білу мақсатым болды.

Жаңғыру деген не? Жылдың басында Елбасымыз халыққа жолдауында үшінші модернизация стратегиясын жариялады. Бірінші модернизация егенмендік алған кезде, 1990 жылдың басында болды. Кеңес одағы ыдырап, жаңа мемлекет, Қазақстан Республикасы құрылды. Алайда Қазақстан экономикасының жағдайы мүшкіл болды. Сол кезде жоспарлық экономикадан нарықтық экономикаға көштік. Екінші модернизация стратегиясы – 1997 жылы 2030 стратегиясын қабылдаған кез. Ол уақытта алдымызға нақты жоспарлар мен мақсаттар қойдық. Ол мақсаттарға жеттік те, бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің қатарына кірдік. Сөйтіп елде дағдарыс басталды. Мұнайдың бағасы түсті. Сол кезде президент «Ұлт жоспары», «Жүз нақты қадам», «Нұрлы жол» т.б. бағдарламаларды қабылдады. Ал жылдың басында Елбасымыз үшінші жаңғыруды, үшінші модернизацияны жариялады. Мұны – алға қойған 2050 мақсатына үлкен көпір жасау, модернизация арқылы сол мақсатқа жету деп түсінеміз.

Саяси жаңғыру. Үшінші жаңғыру үш бағытты ұстанады. Бірінші саяси жаңғыру – конституциялық өзгерістердің болуы. Конституциялық өзгерістердің басты мақсаты – президенттің өкілеттіктерін парламентке, үкіметке беру. Яғни, үкіметтің, парламенттің дербестігін, жауапкершілігін арттыру, беделін көтеру. Парламентте халықтың қалаулары жұмыс істейді. Институттың негізінде парламенттің күшеюі – өте дұрыс үрдіс. Біздің қоғамда әрі қарай демократизацияның жалғасуына септігін тигізетін үрдіс.

Экономикалық жаңғыру. Халықтық мәселелер – су, жол, жұмыссыздық сынды мәселелер осы модернизация арқылы шешіледі. Экономикалық жаңғырудың басты мақсаты – экономикамыздың жаңа өсу моделін құру. Мұнайдың бағасы өсе ме, өспей ме, осы қалпында қала бере ме, бізге белгісіз. Мұндай жағдайда табиғи байлықтарға сеніп отыра беруге болмайды. Өзіміздің интеллектуалды, адами капиталымызға сүйеніп, жаңа, интеллектуалды экономика жасауымыз керек. Бұл – жастарға арналған үлкен жауапкершілік. Қазақ халқы – Қазақстан нарықтық, жаһандық экономикаға табиғи байлықтан басқа не ұсына алады? Осы мәселені шешу – экономикалық жаңғыру модернизациясында айқындалады.

Рухани жаңғыру. Үшінші модернизациядағы ең қиыны әрі ең маңыздысы – рухани жаңғыру. Бұл – біздің сана-сезіміміздің, мінез-құлқымыздың, жүріс-тұрысымыздың өзгеруі. Мәселен, жасөспірім спортпен шұғылданғысы келсе, ол бірінші өзінің күшіне сеніп, өзінен бастауы керек. Өзгеріс – өз-өзін жетілдіру деген сөз. Білім жағынан болсын, спорт жағынан болсын, жаңа заманға сай өзімізді өзгертіп тұру. Ең әуелі сананы өзгерту керек. Рухани жаңғыру – бұқаралық сананы өзгерту және бұл өте қиын жоба. Оның үстіне жақын арада біте салмайды. Келешекке, болашаққа арналған жоба. Президентіміздің көрегендік саясатының тағы бір үлгісі. Жастар осыны түсіне білу керек. Жаңа заманға сай өзімізді қалай жетілдіреміз, ең дамыған мемлекеттердің қатарына қалай қосыламыз? Осы сұрақтарды ойланyp, шешімін табуға атсалысу керек.

Қандай қасиетімізді өзгертуіміз керек? Президенттің мақаласында көрсетілгендей, біздің ұлттық тұрмысымызда, сана-сезімімізде жақсы да, жаман да қасиеттер бар, бұл – шындық. Сол қасиеттерді түсініп, кері тартатын мінездерімізді анықтап, саралап, соны өзгертуіміз керек. Мәселен ысырап-шылдық, мақтаншақтық, үстемшілдік, т.б. қылықтарымыздан арылу жайын ойлануымыз керек. Қазіргі заманда дамыған мемлекеттердің қатарынан табылғымыз келсе, олардың тәжірибелерін, ең жақсы қасиеттерін бойымызға сіңіру арқылы өзімізді дамытуымыз керек. Кері тартатын аталмыш қасиеттерге прагматизмді қарама-қайшы қойсақ, әрбір затты үнемді қолдану, үнемшілдік, қарапайымдылық т.б. қасиеттерді дамыта аламыз. Қазақ халқы не себепті шашылып той жасайды? Әрине, бар болса, неге жасамасқа? Алайда қаражатымыз жетпей, той жасау үшін несие аламыз да, оны 5-10 жыл төлеп жүреміз. Оның не қажеті бар? Бұл – дұрыс емес әрі прагматизмге жатпайды. Бізді кері тартатын үрдіс.

Біз қолымызда бар ресурстарды үнемді қолданып, бар күшті өзіміздің дамуымызға салуымыз керек. Ол үшін білімге қарай ұмтылуымыз маңызды. Білімді болу, көзіміздің, санамыздың ашық болуы, оған қоса ұлттық мәдениетімізді, ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпау – қазақстандықтардың басты мақсаты. Елбасымыз да мұны жақсы айтып кеткен.

Мемлекет басшысының жоғарыда аталған мақаласына қорытынды айтатын болсақ, аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына былайша тоқталған: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, заманасынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер, жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда еліміз

бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім, ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды.

Жалпы біздің дамуымыз рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс деп білеміз.

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, рухани жаңғыру баршамыздан жаһандық өзгерістерге және жаңашылдықтарға дайындықты және ұмтылысты қажет етеді. Себебі, біз

серпінділікпен жылжып келе жатқан зымыран уақытта өмір сүрудеміз. Әлемге танымал америкалық экономист Джон Коттердің «Өзгерістердің алдында» [3] атты еңбегіне назар аударсақ, ол еңбегінде бәсекелестерден ілгері болу үшін міндетті түрде өзгерістерді алдын-ала біліп, оны басқара білу қажеттілігін айтқан болатын. Жарқын болашағымыздағы өзгерістерді алдын-ала біліп, әрмен қарай қадамымызды нақтылауымыз керек. Осы орайда, Мемлекет басшысының сөзінде атап өтілгендей, еліміздің әрбір азаматы, бүкіл қоғам, саяси партиялар мен қозғалыстар, барша мемлекеттік органдар ағымдағы жағдайға талдау жасап, біздің қай жерде тұрғанымызды анықтап, әрбіріміздің не істеу керектігімізді жете ұғынуы керек. Ендігі ретте, біздің болашаққа басар қадамымыз айқын. Сондықтан, жаңару арқылы жарқын болашаққа жетейік!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н. Қазақстан жолы. – Астана, 2007 – 372 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 13 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы.
3. Kotter, J.P. Leading Change // Leadership Excellence. 2005. Vol. 22. p. 5-6.

МРНТИ 14.01.11

WHAT SHOULD BE THE TEACHER OF THE XXI CENTURY,
OR RATHER THE «TEACHER OF «MANGILIK EL»?»

A.M. Ainakulova

Kazakh National Pedagogical University named after Abay

Master of Humanitarian sciences, Researcher of SIP

Almaty, Kazakhstan

A.M. Ainakulova

I category teacher of English

Kordai Agricultural College

Korday, Kazakhstan

In the fast changing world of the early 21st century public education is also changing. As part of the changes the role of schools and education will also be different both in the educational system and in the society. Together with them the role of teachers will also change. In this article we are examining how the new social challenges and demands towards education and teachers change schools into institutions with modern aims and social contracts. We are going to depict the characteristic features of «ideal» teachers by exploring recent literature and the results of a survey. In the survey teachers reveal their professional aims and needs for the future. Finally, we are going to explore teachers' knowledge base in the 21st century.

Keywords: education, role of teacher, features of teacher, 21st century teacher, teacher of «Mangilik El».

XXI ғасыр ғылым ғасыры болғандықтан, жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты өзегі – ұстаз берген білім. Жеке тұлға, яғни, дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Сондықтан да, дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келетін кез келген мемлекет, ең алдымен, білім беру саласын жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Ендеше осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу XXI ғасыр мұғалімінің, яғни «Мәңгілік елдің» мұғалімінің еншісіне тиері анық. Бұл мақалада авторлар XXI ғасыр педагогына тән кәсіби және жеке қасиеттерін қарастырады. Авторлар Қазақстанның білім беру жүйесіндегі реформаларға, шетел ғылыми дереккөздеріне сүйене отырып, педагогтың қандай қасиеттерді меңгеруін жан-жақты қарастырады.

Түйін сөздер: білім беру, мұғалімнің ролі, мұғалімнің келешегі, XXI ғасыр мұғалімі, «Мәңгілік елдің» мұғалімі.

Изменения, происходящие в общественной, политической, экономической сферах нашей страны, влекут за собой коренные преобразования и в сфере образования. Образовательная реформа ориентирует учителя на информационно-технологическое обучение на уровне мировых стандартов. На новом этапе современные учебные заведения нуждаются в педагогическом профессионале новой формации, уверенно ориентирующемся в новых условиях возросшей свободы педагогических направлений, владеющем всем спектром современных методов, средств и информационных технологий. В связи с этим, авторы статьи описывают педагога XXI века, вернее «педагога «Мәңгілік ел», который должен развивать сам себя, жить в более широком пространстве, развивать не только свои интеллектуальные способности, но и способности всей душевно-духовной сферы.

Ключевые слова: образование, роль педагога, будущее педагога, педагог XXI века, педагог «Мәңгілік ел».

Recent technological advances have affected many areas of our lives: the way we communicate, collaborate, learn, and, of course, teach. Along with that, those advances necessitated an expansion of our vocabulary, producing definitions such as digital natives, digital immigrants, and, the topic of this post – «21st century teacher».

«21st century Educator» is probably the most popular buzzword in today's education. There is a growing and heated debate whether or not to label educators as 21st century and each camp has its own concept and arguments, however, for me personally I see teaching in 21st century as having undergone a paradigmatic shift. This is basically due to the emerging of the «social web» and the huge embrace of technology and particularly the mobile gadgetry in our classrooms. It would be unfair to ignore these huge transformations and their impact on education. Therefore, and as a result of these changes teachers now are required to have digital skills that were not called for before. It also becomes imperative for teachers to adapt their teaching practices to the developing learning needs of their students if ever this teaching is to be effective.

Obviously, teaching in the 21-century is an altogether different phenomenon; never before could learning be happening the way it is now – everywhere, all the time, on any possible topic, supporting any possible learning style or preference. But what does being a «21st.century teacher» really mean?

Below are 15 characteristics of a 21st century teacher:

1. Learner-Centered Classroom and Personalized Instructions

As students have access to any information possible, there certainly is no need to «spoon-feed» the knowledge or teach «one-size fits all» content. As students have different personalities, goals, and needs, offering personalized instructions is not just possible but also desirable. When students are allowed to make their own choices, they own their learning, increase intrinsic motivation, and put in more effort – an ideal recipe for better learning outcomes!

2. Students as Producers

Today's students have the latest and greatest tools, yet, the usage in many cases barely goes beyond communicating with family and friends via chat, text, or calls. Even though students are now viewed as digital natives, many are far from producing any digital content. While they do own expensive devices with capabilities to produce blogs, infographics, books, how-to videos, and tutorials, just to name a few, in many classes, they are still asked to turn those devices off and work with handouts and worksheets. Sadly, often times these papers are simply thrown away once graded. Many students don't even want to do them, let alone keep or return them later. When given a chance, students can produce beautiful and creative blogs, movies, or digital stories that they feel proud of and share with others.

3. Learn New Technologies

In order to be able to offer students choices, having one's own hands-on experience and expertise will be useful. Since technology keeps developing, learning a tool once and for all is not a option. The good news is that new technologies are new for the novice and and experienced teachers alike, so everyone can jump in at any time! I used a short-term subscription to www.lynda.com, which has many resources for learning new technologies.

4. Go Global

Today's tools make it possible to learn about other countries and people first hand. Of course, textbooks are still sufficient, yet, there is nothing like learning languages, cultures, and communication skills from actually talking to people from other parts of the world.

It's a shame that with all the tools available, we still learn about other cultures, people, and events from the media. Teaching students how to use the tools in their hands to «visit» any corner of this planet will hopefully make us more knowledgable and sympathetic.

5. Be Smart and Use Smart Phones

Once again -- when students are encouraged to view their devices as valuable tools that support knowledge (rather than distractions), they start using them as such. I remember my first years of teaching when I would not allow cell phones in

class and I'd try to explain every new vocabulary word or answer any question myself -- something I would not even think of doing today!

I have learned that different students have different needs when it comes to help with new vocabulary or questions; therefore, there is no need to waste time and explain something that perhaps only one or two students would benefit from. Instead, teaching students to be independent and know how to find answers they need makes the class a different environment!

I have seen positive changes ever since I started viewing students' devices as useful aid. In fact, sometimes I even respond by saying "I don't know -- use Google and tell us all!" What a difference in their reactions and outcomes!

6. Blog

I have written on the importance of both student and teacher blogging. Even my beginners of English could see the value of writing for real audience and establishing their digital presence. To blog or not to blog should not be a question any more!

7. Go Digital

Another important attribute is to go paperless -- organizing teaching resources and activities on one's own website and integrating technology bring students learning experience to a different level. Sharing links and offering digital discussions as opposed to a constant paper flow allows students to access and share class resources in a more organized fashion.

8. Collaborate

Technology allows collaboration between teachers & students. Creating digital resources, presentations, and projects together with other educators and students will make classroom activities resemble the real world. Collaboration should go beyond sharing documents via e-mail or creating PowerPoint presentations. Many great ideas never go beyond a conversation or paper copy, which is a great loss! Collaboration globally can change our entire experience!

9. Use Twitter Chat

Participating in Twitter chat is the cheapest and most efficient way to organize one's own PD, share research and ideas, and stay current

with issues and updates in the field. We can grow professionally and expand our knowledge as there is a great conversation happening every day, and going to conferences is no longer the only way to meet others and build professional learning networks.

10. Connect

Connect with like-minded individuals. Again, today's tools allow us to connect anyone, anywhere, anytime. Have a question for an expert or colleague? Simply connect via social media: follow, join, ask, or tell!

11. Project-Based Learning

As today's students have an access to authentic resources on the web, experts anywhere in the world, and peers learning the same subject somewhere else, teaching with textbooks is very "20th-century" (when the previously listed option were not available). Today's students should develop their own driving questions, conduct their research, contact experts, and create final projects to share all using devices already in their hands. All they need from their teacher is guidance!

12. Build Your Positive Digital Footprint

It might sound obvious, but it is for today's teachers to model how to appropriately use social media, how to produce and publish valuable content, and how to create sharable resources. Even though it's true that teachers are people, and they want to use social media and post their pictures and thoughts, we cannot ask our students not to do inappropriate things online if we ourselves do it. Maintaining professional behavior both in class and online will help build positive digital footprint and model appropriate actions for students.

13. Code

While this one might sound complicated, coding is nothing but today's literacy. As a pencil or pen were "the tools" of the 20th-century, making it impossible to picture a teacher not capable to operate with it, today's teacher must be able to operate with today's pen and pencil, i.e., computers. Coding is very interesting to learn -- the feeling of writing a page with HTML is amazing! Even though I have ways to go, just like in every other field, a step at a time can take go a long way. Again, lynda.com is a great resource to

start with!

14. Innovate

I invite you to expand your teaching toolbox and try new ways you have not tried before, such as teaching with social media or replacing textbooks with web resources. Not for the sake of tools but for the sake of students!

Ever since I started using TED talks and my own activities based on those videos, my students have been giving a very different feedback. They love it! They love using Facebook for class discussions and announcements. They appreciate novelty -- not the new tools, but the new, more productive and interesting ways of using them.

15. Keep Learning

As new ways and new technology keep emerging, learning and adapting is essential. The good news is: it's fun, and even 20 min a day will take you a long way! [1]

If we focus on the *teaching process*, we still realise that there are a great number of changes in this field as well, and all of them have an influence on the role of teachers. First of all, teachers in modern classrooms are no longer lecturers, they are facilitators, their main task is to set goals and organise the learning process accordingly. Then, in the past, teachers used to follow a syllabus which was compulsory for them. Nowadays, teachers have a National Curriculum, a Core Curriculum and a local (school) curriculum that they have to consider, but - on the other hand - they have independence to choose the teaching materials (textbook), make up a syllabus of their own and teach their pupils so that they can perform well both at examinations and in life. Curriculum design is a task teachers have to be prepared for, although the present generation of teachers has

been growing into making up syllabi for years.

Another difference between the past and present tasks of teachers is represented by the technical background they need to be able to use and handle effectively (computer, photocopier, power point, projectors, etc). Instead of teaching chalk face, they need to be an information technology expert, a technician or/and a photocopy master.

One of the biggest challenges for teachers is that their role in the *school management* has also changed. The school needs them as individuals, who can make decisions and cope with the stress of the changing world of schools. At the same time teachers need to be able to work in teams, co-operate with colleagues and parents, they have to write projects to gain money for the school programmes, they have to be PR experts and need to do all these things for a modest monthly income [2].

In our view, teacher education – rather than teacher training – needs to change in the near future. Some experts say it is too late to begin the changes, as we need new competencies in teaching right now. However, if teacher education in Hungary follows its best tradition, and it remains practical, flexible and child-centred, there is a hope that the next generation of learners will get the support and skills they need in life during their schooling years from their own teachers.

The need of a generation of teachers who aim to develop learners instead of teaching them, who help their pupils to become independent (learning to learn), who provide students with motivation and interest for life-long learning and urge them to become autonomous learners, is essential in the education of the future.

BIBLIOGRAPHY:

1. HARGREAVES, A. & M.G.FULLAN (1992). *Understanding Teacher Development*. London: Cassell
2. ROBERTS, J. (1998) *Language Teacher Education*. London: Arnold

МРНТИ 16.01.11

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫНЫҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Ә.А. Исатаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қазіргі мектептердің өзекті мәселелерінің бірі – оқушылардың тіл мәдениетін көтеру, сауатты жаза алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын азамат тәрбиелеу. Бұл мәселенің шешімі – бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін түрлі жаңартпа технологиялар арқылы дамытудың қажеттігінде. Оқушылардың сөйлеу тілінің қабілеттерінің қалыптасуы және дамуының нәтижелі шарттары мен дамуы әрдайым психологиялық-педагогикалық басшылықты қажет етеді. Сөйлеу тілін дамыту мен байытуда жүйелі жұмыс қажет. Мақалада балалардың тілін дамытудың бір жолы – білім беру барысында, олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, көрнекілік пен ойын құралдарын орынды пайдаланудың тиімділігі сипатталады.

Түйін сөздер: оқушылардың тіл мәдениеті, сөйлеу әрекеті, тіл дамыту, жаңартпа технологиялар.

Одним из актуальных вопросов современных школ является повышение языковой культуры учащихся, воспитание гражданина, который может грамотно писать и выражать свою мысль. Решением этой проблемы является необходимость того, чтобы ученики начальной школы развивали свою речь с помощью различных инновационных технологий. Формирование и развитие навыков и развития языка речи обучающихся всегда нуждаются в психологическом и педагогическом руководстве. Для развития и обогащения разговорной речи необходима систематическая работа. Одним из способов разработки детского языка в статье является эффективность использования визуальных и игровых инструментов в учебном процессе с учетом их возраста.

Ключевые слова: языковая культура учащихся, речь, развитие языка, технологии модернизации.

One of the topical issues of modern schools is the improvement of the language culture of students, the upbringing of a citizen who can competently write and express his thoughts. The solution to this problem is the need for elementary school students to develop their speech using various innovative technologies. Formation and development of skills and development of the speech language of students always need psychological and pedagogical leadership. Systematic work is necessary to develop and enrich conversational speech. One of the ways to develop a child's language in the article is the effectiveness of using visual and gaming tools in the learning process, taking into account their age.

Keywords: language culture of students, speech, language development, modernization technologies.

Білім берудің бастауыш сатысы – тұлғаның даму іргетасы, оқу әрекетін қалыптастыратын жауапты кезең. Бұл кезеңде баланың есте сақтау қабілеті, жаңаны қабылдауы, білімге қызығушылығы жоғары болады. Осыған орай, бастауыш сыныптағы баланың қабылдау мүмкіндігін ескере отырып, дамып жатқан оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалану ең маңызды іс болып табылады.

Қазіргі күннің талабына сай, бастауыш сынып оқушыларының танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін алдымен олардың сөйлеу әрекеттерін дамыту қажет. Бұл мақсатты оңтайлы жүзеге асыру үшін оқыту үрдісінде жаңартпа технологияны кеңінен пайдаланған тиімді. Бұл мұғалімге бастауыш сатыдағы оқу үрдісінің құрылымын түбегейлі өзгертуге, оқудағы пәнаралық байланысты күшейте

отырып, оқушының дүниетанымын кеңейтуге және олардың жеке қабілеттерін айқындап, оны дамытуға толық мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда қазақ мектептерінің өзекті мәселелерінің бірі – оқушылардың тіл мәдениетін көтеру, сауатты жаза алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын азамат тәрбиелеу. Бұл мәселенің шешімін бастауыш мектептен бастаған жөн, нақтырақ айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін түрлі жаңартпа технологиялар арқылы дамыту қажет деп санаймыз.

Кейінгі жылдары жиі пайдаланылып келе жатқан жаңа ұғымдардың бірі – инновация. Инновацияны жете түсініп, инновациялық әдіс-тәсілдерді мектеп өміріне кеңінен енгізу жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты болып табылады. Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация сөзін «жаңашыл», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп қарауға болады. Бұл ұғым кейде «жаңалықты енгізу», «жаңаны жасау», «реформалау» ұғымдарымен теңестіріледі, ал кең тұрғыдан алғанда, жүйедегі кез келген өзгеріс дегенді білдіреді.

Инновация теориясының алғашқы ұғымдарының негізін қалаушылар неміс ғалымдары В. Зобарт, В. Метчерлих және австриялық экономист Й. Шумпетер болып табылады [1; 2]. Олар бұл қағидаларды әлеуметтік-экономикалық және технологиялық үрдістерге байланысты қолданған. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қасиеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді

ұйымдастыруына көмектеседі. Инновациялық педагогикалық технологиялар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға өзінің зор үлесін қосады.

Жаңа технологияның мақсаты – балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің тұтастылығы; баланың танымдық қасиетін қалыптастыру және дамыту; балаға өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; өзін-өзі бағыттау, баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту, сөйлеу қабілеттерін дамыту болып табылады.

Сөйлеу мәселесіне келетін болсақ, **іштей сөйлеу** және **сырттай сөйлеу** болып екіге бөлінеді. Ал, сырттай сөйлеу ауызша, жазбаша, монологтік және диалогтік болады. Сонымен, психология ғылымында сөйлеу әрекеті ішкі және сыртқы сөйлеу деп аталатын үлкен екі түрге, ал сырттай сөйлеу ауызша, жазбаша болып тағы бөлінеді. Сөйлеудің бұл түрлері бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асып отырады. Өйткені олардың физиологиялық негізі бір.

Отандық психолог Т.Тәжібаевтың айтуынша [3], ауызша сөз бен жазбаша сөздің арасындағы үлкен айырмашылықтар бар, ол айырмашылықтар балалар тілінде айқын көрінеді. Бұл айырмашылықтардың себебі жазбаша сөздің өзгешелігінде, оның механикалық құрылысының күрделілігінде. Жазып сөйлегенде логикалық байланыс күшті сақталады. Ауызша сөздің бағыты да, мазмұны да әңгімелесуші оқушылардың пікіріне байланысты өзгеріп отырады. **Ауызша сөйлеу** кезінде актив және пассив сөздер болады. Актив сөздер күн сайын сөйлеу барысында жиі қолданылатын сөздер. Пассив сөздер сирек пайдаланылатын, мән-мағынасын түсінгенмен күн сайын қолданылмайтын сөздер. Мысалы, ғылыми-техникалық атаулар, лингвистикалық, фонетикалық т.б. атаулар. Сөйлеудің ерекше бір түрі – **жазбаша сөз**. Бұл арнайы бағдарлама, әдістер арқылы мектеп қабырғасына келгеннен кейін меңгеріледі. Жазбаша сөйлеу адамның сөйлеу қабілетінің біршама дамыған кезінде, яғни бастауыш білім сатысында пайда болады.

Жазбаша сөйлеудің кейбір ерекшеліктері:

а) жазған кезде ым-ишара қолданылмайды;
ә) логикалық жағынан өте қатаң талап қойылады;

б) грамматикалық ережелерді сақтау қатаң ескеріледі;

в) жазған адам қатты зейін қойып, әр сөзін ойлап оған қажетті баламалар, мағыналы сөз тіркестерін іздейді. Бұл күрделі ой жұмысын қажет етеді.

Сөйлеудің тағы бір түрі – **ішкі сөйлеу**. Бұл тілдік материалдар негізінде дауысталмай-ақ сөйлей алудың көрінісі. Әр ұлттың өкілі қандай да бір нәрсе туралы ойласа да, алдымен өз тілінде ойлайды. Осындай кезде адам ішкі сөйлеуін пайдаланады. Мысалы, сабақ айтқанда, жиналыста сөйлейтін оқушы өзі іштей сөйлеп дайындалуы ықтимал. Сыбырлап сөйлеп дайындалуы да мүмкін. Ішкі сөйлеудің сыртқы сөйлеуге алмасуы **экстериоризация** деп аталады. Сөйлеуші бұл үшін жаттығады. Сыртқы сөйлеуді ішкі сөйлеуге айналдыру – **интериоризация** деп аталады. Бұл мектепке дейінгі жастағы балаларда жиі кездеседі.

Жас ұрпақты өзінің ана тілінде еркін, мүдірмей сөйлетіп үйрету үшін оқыту әдістемесін жетілдіре түсу – бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі. Бүгінгі күннің талаптарына сәйкес білім мазмұнын жаңғырту, өмір талабына орай дамыта оқыту, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданып заман ағымына ілесе алу қазіргі мұғалімдерге көптеген жауапты істерді жүктейді.

Мектеп табалдырығын алғаш рет аттаған бүлдіршіндер үшін тіл – білім алудың қайнар көзі болып саналады. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекеттері жоғары деңгейде дамиды болса, онда оның кез келген пәндер бойынша білім алуы да жеңілдейді, сыныптастарымен өзара қарым-қатынасы да жақсарады, жалпы қоршаған ортаны тез және жеңіл танып, дүниеге жағымды көзқарас қалыптасады.

Сөйлеу – адамның тілдік амалдар арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу анатомиялық мүшелердің қатысуымен іске асқанымен, негізінен, адамның психикалық қабілетіне,

қоғамдағы пікір алмасу тәжірибесіне сүйенеді. Сөйлеу үрдісі айтылатын пікірдің мазмұнына, пікір айтудың жағдайына (пікірді ауызша не жазбаша айту, диалог түрінде айту, көпшілік алдында айту, тыңдаушының білім дәрежесін, жас мөлшерін ескеру т.б.) сай түрінде құрылады. Сондықтан сөйлеудің коммуникативтік жағдайға сай стилі қалыптасады. Сөйлеу мен тіл бір емес. Егер тіл қарым-қатынас құралы болып табылса, сөйлеу сол құралдың нақты қолданыста көрінетін түрі болып табылады. *Сөйлеуге тән қасиеттер: дыбысталу, тембрлік сипат, артикуляциялық анықтық, темп, акцент.*

Тіл – адамзат қоғамының белгілі бір кезеңінде туып, заңды түрде дамыған семантикалық жүйе [3]. Оның ең басты қызметі ақпарат хабарлардың жасалу, сақталуымен және оларды таратумен байланысты. Тіл адамды қоршаған шындық өмір туралы білімді сақтаумен бірге, жаңа білімді қабылдайтын, сөйтіп, адамның ойлау үрдісін жетілдіріп қамтамасыз ететін қоғамдық сипаты бар құбылыс. Тіл адамзат қоғамының негізгі коммуникативтік құралы. Тілдің дыбыстық табиғаты оның заттық көрінісі болып табылады.

Сөйлеу тіліне ең алдымен, анықтама беретін болсақ, «Сөйлеу тілі – күнделікті қарым-қатынаста пайдаланылатын әдеби тілдің бір түрі. Сөйлеу тілі белгілі бір жағдайда сөзбе-сөз тікелей жалғанатын қатынас тілі болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланысты болады. Ал ауызша сөйлеуде еркіндік басым келеді, яғни үйреншікті жағдайда адамдар еркін сөйлейді. Сонымен бірге сөйлеу тілі жазбаша түрде де қолданылады.

Оқушылардың сөйлеу тілінің қабілеттерінің қалыптасуы және дамуының нәтижелі шарттары қандай? Ең бірінші шарт ол – қарым-қатынастың қажеттілігі. Демек, өз пікірімен немесе ақпаратпен бөлісу тілегі мен қызығушылығын туғызатын, сөйлеу тілінің ынтасын айқындайтын жағдайларды қалыптастыру керек. Екінші шарт ол – қарым-қатынас ортасын құру. Қарым-қатынас ортасы – бұл ата-аналардың, жақындардың, достар-

дың әңгімелері, көркем әдебиет, бұқаралық ақпарат құралдары, мұғалімнің сөйлеу тілі, оқулықтардың тілі.

Сөйлеу тілі оқушыға қарым-қатынасқа түсуге және дүниені танып білуге көмектеседі. Бастауыш сынып оқушыларын сөйлеуге үйретуде олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Сөйлеу тілін дамыту үрдісінде адамның еркі, есте сақтау қабілеті, ой-өрісінің дамуы, сезімі, қабылдауы, қиялдай білу қабілеттері негізгі рөл атқарады.

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің дамуы әрдайым психология-педагогикалық басшылықты қажет етеді. Сөйлеу тілін дамыту мен байытуда жүйелі жұмыс қажет. Балалардың тілін дамытудың бір жолы – білім беру барысында олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, көрнекілік пен ойын құралдарын барынша көп және орынды пайдалану. Ойын арқылы түрлі тілдік жағдай туғызып, балалардың түрлі тақырыпта сөйлеуіне жағдай жасауға болады. Ойын кезінде баланың сөйлеуге ынтасы артады, көңіл-күйі өседі, сөйлеуге белсенді қатысады. Ойын баланың сана-сезіміне де әсер етіп, тәрбиелік мақсаттарды да жүзеге асырады. Ойын кезінде балалар бір-бірімен тіл арқылы тығыз қарым-қатынасқа түседі. Ойынның мазмұнына байланысты сөздер ойын кезінде бірнеше рет қайталанатын және баланың есінде жылдам сақталады. Сондықтан ойын-жаттығуларын тіл үйретуде жиі пайдалану аса тиімді және олар мына талаптарға сәйкес болуы қажет:

1. Ойын-жаттығу баланың жасына сай болуы керек.

2. Ойын-жаттығу негізінен сөйлесімнен құрылуы керек. Яғни, ойынның негізі болып саналатын тілдік жағдай сөйлеу әрекетін туғызуы тиіс.

3. Тілдік қатысымды жүзеге асыратын сөйлеу нәтижесіне ойнау әрекеті қосылу керек.

4. Ойын-жаттығу ұжымдық болады, бала ойында өзі қалаған рөлді таңдай алуы қажет.

5. Ойын-жаттығу баланың ауызша сөйлеу дағдысын нақтылы сөйлеу әрекеттері арқылы жүзеге асыру жағдайын белгілеу керек. Бұл әдіс арқылы білім мен ойын сабақта еріксіз

байланысады, ал бала өзін еркін ұстайды [4].

Қазіргі кезде қолданылатын оқытудың жанартпа технологияларына келесідей интербелсенді әдістер жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікір-таластар, кейс-стадийлер, топпен жұмыс, ой талқысы, сын тұрғысынан ойлау, викториналар, шағын зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, блиц-сұрақтар әдісі, сауалнама әдісі және т.б.

Мұғалім өз жұмысында қазіргі заманның оқу құралдарын кеңінен пайдалануы тиіс. Оларға электрондық оқулықтар, фонограмма, күйтабақтар, ұнтаспалар, бейнетаспалар, дидактикалық үлестірмелік материалдар, сөздіктер және т.б. жатады. Мұндай құралдарды, әдістерді пайдаланудың негізінде мұғалімнің рөлі де түбегейлі өзгереді, жауапкершілігі артады және білім сапасы да едәуір жоғарылайды.

Сонымен қатар бала тілін дамытып қалыптастыруда өз ұлтымыздың ауызекі шығармашылығының тигізерықпалы қашан да зор [5]. Халқымыздың ертегі, аңыз-әңгімелері, мақал-мәтелдері, жұмбақ-жаңылтпаштары, тапқатары және т.б. үлгілері ойнақы жеңіл тілмен беріледі. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны жатқа айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, есте сақтау қабілетін арттырады, ойлау қабілетін жетілдіреді, кейбір тілі келмей, бұзып айтатын дыбыстарды анық айтуға жаттықтырады. Жұмбақ шешкізу баланы тапқырлыққа үйретіп, ойлау қабілеті мен тілін ұштайды. Ал мақал-мәтелдерді пайдаланудың әдіс-тәсілдері өте көп. Оларды сыныпта, сыныптан тыс жұмыстарда, кез келген пәндерде белгілі бір тақырыпты оқытумен сәйкестендіріп пайдалануға болады. Мақал-мәтелдер балалардың ой-өрісін кеңейтеді, сөздік қорын молайтады, оқушылар көркем, мәнерлі сөйлеуге төселеді, танымдық, шығармашылық қабілеттерін арттырады, қоршаған ортаға тиісті көзқарас қалыптастырады.

Осылайша, бастауыш сыныпта оқытудың жанартпа технологияларын пайдалану – білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Әсіресе оқыту үрдісінде оқушылардың сөздік қорын

молайтуға, сөйлеу белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ықпалы зор. Мұндай жұмыстың нәтижесінде оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге, өз пікірін орынды айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындау – қазіргі білім берудің басты талабы.

Сонымен, сөйлеу дегеніміз – тілдік материалдар арқылы жүзеге асу, тілдік заң ережелеріне, тілдік нормаға бағыну дегенді біл-

діреді. Сөйлеу – әрекет, сөйлеу – тілдің тіршілік ету, өмір сүру формасы. Сөйлеу – тілдің жаны, тіршілігі. Шебер сөйлей алу үлкен өнер болып табылады. Сөйлеуді білмегендер: күлдірейін деп күйдіреді; білдірейін деп бүлдіреді; жұбатайын деп жылатады; қуантайын деп қуартады. Сөйлеу тілінің дамуы – өте күрделі психикалық үрдіс. Ол оқушының психикалық дамуына, ақыл-ойының жетілуіне, жеке басының психологиялық ерекшеліктеріне тікелей байланысты болатындығын мұғалімдер қауымы әрдайым ескерулері қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Shumpeter Y. and his surroundings: on overview // Schumpeter and the Idea of Social Science: A Metatheoretical Study. – Cambridge: Cambridge University Press, 2007. – P.14. – 354 p.
2. Зобарт В. Собрание сочинений в 3 томах. Том 1.
3. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, – 1998. –509 б.
4. Анисимов, Ю.П. Теория и практика инновационной деятельности: учеб. пособие / Ю.П. Анисимов, Ю.В. Журавлёв, С.В. Шапошникова. – Воронеж : ГОУ ВПО ВГТА, –2010. – 540 б.
5. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, – 2005. – ISBN 9965-17-272-2.

МРНТИ 14.01.11

ҚҰРАНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Қ. Бөлеев

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің п.ғ.д., профессоры,
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері,
Ұлттық Білім академиясының академигі, Тараз қаласы

И. Тілеуова

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің магистранты, Тараз қаласы

Құран – Алланың барлығын растайтын тарихи құнды мұра. Қазақ халқының көптеген салт-дәстүрі, мақал-мәтелдері Құран қағидаларымен байланысты. Қазақтың ғұлама ойшылдары Құраннан тәлім алып, өз кезінде оны насихаттаған. ХХІ ғасыр ғылым, білімнің жаһандану ғасыры болғандықтан, бүгінгі жастарымызды Құранның барша адамзатты тура жолға бастаушы Алла тарапынан түсірілгендігін Алланың өмірде көрсеткен белгілері арқылы түсіндіру. Мақалада Құранның тәрбиелік мәні, Құран тарихы, «Құран – Алла сөзі» және «Құранға құрмет» ұғымдарының түсініктемелері ашылған.

Түйін сөздер: Құран, Құран тарихы, Құран – Алла сөзі, Құранға құрмет.

Коран – священная книга мусульман, который свидетельствует о существовании Аллаха. В статье раскрыта воспитательная сущность Корана. Многие традиции и обычаи, пословицы и поговорки казахского народа связаны с принципами Корана. Казахские мыслители в свое время обучались Кораном, и получив знание, способствовали его распространению. В статье объясняются понятие Корана, история Корана и почет Корану.

Ключевые слова: Коран, история Корана, Коран – слова Аллаха, почет Корану.

The Quran is a sacred book of Muslims, which witnesses the existence of Allah. The article reveals the educational essence of the Quran. Many traditions and customs, proverbs and sayings of the Kazakh people are related to the principles of the Quran. Kazakh thinkers at one time were trained by the Quran, and having received knowledge, contributed to its dissemination. The article explains the concept of the Quran, the history of the Quran and the honor of the Quran.

Keywords: the Quran, the history of the Quran, the Quran – the words of Allah, the honor of the Quran.

Қазір елімізде жастарға діни тәрбиесін беру мәселесі көтерілуде. Үкімет отырысында дін және діни тәрбие беру туралы арнайы жоспарлар мен бағдарламалар жасау туралы сөз болды. Осы орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Бұқара санасындағы діншілдіктің артуына әзір болуымыз керек, онда тұрған қатерлі ештеңе жоқ. Жалпы, дін өздігінен өнегелі ақиқаттан бөтен ештеңе үйретпейді. Жалғыз-ақ бізге қауіп төндіретіні діни біліміміздің онша жоғары болмай отырғаны.

Біздің тегіміз түрік, дініміз Ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін Қасиетті кітап – Құран Кәрімді насихаттауымыз керек» деген сөзі негізге алынады [1].

1. *Құран тарихы.* Исламдағы дәстүрлі

сенім бойынша Алла Тағаланың құзырынан біздің әлемге Қадір түнінде түсіріліп, Жәбірейіл періште оны жақын аспаннан жер бетіне жиырма үш жылда бөліп-бөліп жеткізіп отырған. Алла Тағала: «Сондай-ақ қарсы келгендер: «Оған Құран бір-ақ неге түсірілмеді?» деді. Осылайша, көкейіңе қондыру үшін оны үзіп-үзіп анықтап оқыдық».

«Біз Құранды адамдарға тоқтап оқуың үшін бөлімдерге айырып, аз-аздап түсірдік» («Исра» сүресі, 106-аят), - дейді. («Әли Имран» сүресі, 73-аят) [2].

Мұхаммед пайғамбар бастапқыда оқу-жазу білмегендіктен, оны өзінің (әл-кәтиб\әл-куттәб) деп аталатын жазушы сахабаларына жаздыратын. Құранның қағаз бетіне түсірілуі

хазреті Мұхаммедтің көзінің тірісінде, тіпті сонау Мекке дәуірінен бастау алатыны жөнінде сенімді деректер бар. Солардың бірі ретінде әйгілі халифа Омардың алғаш мұсылмандықты қабылдауы кезінде қарындасының үйінен Құран жазулы парақты көргендігі жайындағы сенімді хадистерді атауға болады. Сондай-ақ Мекке дәуірінде пайғамбарымыз Мұхаммедтің Абдулла ибн Сағд бин Әби Сарх атты кәтибі болғандығы белгілі. Бұдан өзге Құранның көптеген жерінде Құран «Әл-Китәб» деп аталады. Оның мағынасы «жазулы, жазба, мәтін» дегенді білдіретінін ескерсек, мұны Құранның жазылуының қажеттілігіне Алладан келген бір меңзеу деуге болады. Шүбәсіз, Мұхаммед пайғамбар мұны дәл осылай деп біліп, Құранды алғаш түсуінен бастап жаздыра бастаған. Бұл жайында түрлі деректерде келтірілетін, Мұхаммед пайғамбардың қырыққа жуық кәтибінің болуы мұны куаттайды. Пайғамбардың кезінде жауырын сүйектерге, қағаздарға, тақтайларға, теріге жазылып отыруын уахидің әлі түсіп бітпегендігімен байланыстыру керек. Алайда, Құранның айна-қатесіз сақталуы тек қана соның арқасында ғана емес, атап айтсақ, хафиз (Құранды жатқа оқушы) сахабалардың мұндағы рөлі өте айқын. Құранды жатқа оқыған хафиздардың ең басында әуелі Мұхаммед пайғамбар келеді. Сахабалар есіне түсіре алмаған жерлерін Пайғамбардан келіп сұрайтын. Пайғамбардың Құранды жаттауы тек ғана жаттау қабілетімен ғана емес, Алланың тікелей демеуімен болды деуге толық негіз бар. (Мұхаммед Құран уахи етілген сәтте тездетіп оқуға тырысқан). «(Ей, Мұхаммед!) Құран түскенде оған асығып тілінді қозғалтпа. Шын мәнінде, оны жинау, оқу Бізге міндет. Ал оны Біз оқығанда, оның оқылуына ілес. Сонан соң оны түсіндіру Бізге міндет» [2].

Пайғамбарымыздың көзі тірісінде Құраннан түсінбегенін мұсылмандар тікелей Пайғамбардан сұрап білетін. Алайда Оның дүниеден озуынан кейін тым жылдам таралып бара жатқан Ислам дінінің киелі кітабын ретке келтіруге мұқтаждық туындады. Осылай Халифа Әбу Бәкір мен Омар Зәйд бин

Сәбит бастаған бір топ ғұламаға Құранның харакелері мен оқылу ережелерін бір арнаға түсіруді табыстады. Қысқа мерзім ішінде тапсырманы сәтті аяқтаған Зәйд бин Сәбит әртүрлі қолдарда жүрген нұсқаларды жойып, Құранның заңды бір нұсқасын қалдырды.

Үшінші халифа хазреті Осман Құран мұсхафын бірнеше данаға көбейтіп, деректер бойынша ең аз дегенде алты, жеті немесе сегіз нұсқа жасатып, бірін өзіне қалдырды. Олардың бір нұсқасы Меккеге, бір нұсқасы Шамға, біреуі Куфаға және Басраға жіберілді. Бір нұсқа Мәдинада қалып, енді біреуі халифаның өзіне қалады. Риуаяттар бойынша Осман халифа оны оқуды қатты ұнататын және көтерілісшілердің қолынан үйінде қаза тапқан кезінде дәл сол мұсхафты оқып отырғандығы айтылады. Құранның көне қолжазбалары, тіпті кей деректемелер бойынша хазреті Осман халифаның қаны тамған нұсқасы әлі күнге дейін сақталып келеді.

Халифа Османның кезінде көбейтілген Құран мұсхафтарының кейбіреуі бүгінге дейін жете алмаған. Проф. док. Исмайыл Хаккы Измирли (1869-1946), олардың арасынан Мәдина мұсхафы Язид бин Мұғауия кезеңінде, (64 X./683 м.) «Харра уақиғасында, Мекке мұсхафы (70 X./689 м.) жылы, ал Куфа мұсхафы (131 X./748 м.) жылы жойылып кеткенін айтады. Дегенмен олардың кейбірі, атап айтсақ үш нұсқасы бүгінге дейін жетіп отыр. Олардың бірі Стамбулдың «Топкапы» көрме сарайында, екіншісі Лондонда «India Office» музейінде, үшіншісі Өзбекстанның астанасы Ташкентте. Орыс патшалығы дәуірінде оның суреті мен көшірмесі басылып шықты [3].

Аталмыш нұсқалардың мәтінін зерттеген док. Хамидуллах (1908-2002), үш нұсқаның да қолданылған бояу, материал және жазу емлесі бір-біріне толықтай сәйкес келетіндігін айтады.

Құран мұсхафындағы сүрелер мен аяттардың тәртібі уахимен белгіленген бе, әлде ижтиһадтың (пәтуәнің) жемісі ме деген сауал да бір кездері көтерілген. Әрине, Құранның тәртібі уахи арқылы, яғни хазреті Мұхаммед пайғамбардың тікелей белгілеуімен бүгінгі

тәртіпке келтірілгендігін ғалымдардың барлығы дерлік қолдайды. Олардың арасынан Құранды терең зерттеген ғалымдар проф. док. Субхи Әс-Салих, проф. док. Әл-Ағзами, проф. док. Хамидуллаһ, проф. док. Карачам және Осман Кескиоғлун атауға болады. Тіпті, Richard Bell секілді кей шығыстанушылардың өзі Құран тәртібін хазірет Мұхаммед белгілегеніне еш күмәнданбайды. Нәтижеде Құранның Пайғамбар кезінде бүгінгі тәртіппен оқылғанын, сахабалардың ешбірінің қайшы әрекетте болмағандығын, бүгінгі сүрелер мен аяттардың сол дәуірдегіге жүз пайыз сәйкестігін нық сеніммен айта аламыз. Бұл жайындағы Алла Тағаланың Құрандағы уәдесін де есте сақтаған жөн: «Расында, бұл Зікірді (Құранды) Біз түсірдік әрі оны Біз қорғаймыз!».

2. *Құран – Алла сөзі*, ол Алланың барлығын растайтын тарихи құнды мұра. Қазақ халқының салт-дәстүрі, мақал-мәтелдері Құран қағидаларымен байланысты. Көптеген қазақ ойшылдары Құраннан тәлім алып, өз кезінде оны насихаттаған. ХХІ ғасыр ғылым, білімнің жаһандану ғасыры болғандықтан, бүгінгі жастарымызды Құранның барша адамзатты тура жолға бастаушы Алла тарапынан түсірілгендігін Алланың өмірде көрсеткен белгілері арқылы түсіндіру.

Ағартушы ұлы Абай Құнанбаев [3]:

Алла мінсіз, әуелден Пайғамбар хақ,
Мүмин болсаң, үйреніп сен де ұқсап бақ.
Құран рас, Алланың сөзі дүр ол,

Тәуиліне жетерлік ғылымың шақ, - деп Алланың еш кемшілігі жоқтығын, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хақтығын, Құранның Алла сөзі екеніне шүбә келтірмеу керектігін айта келіп, сен егер мұсылман болсаң, Құран сөзін үйреніп, білім-ғылым біл деп кеңес береді.

Тәуелсіз ел болғалы имандылыққа ұйып, барлық аймақта діни орталықтар ашылып, мешіт салынуда. Жастар сауатты түрде имандылыққа бет бұрып, жағымсыз, зиянды әрекеттерден бой тартуда. Иманжүзді, салауатты тал шыбық осыдан өспек.

«Біздің дініміз – Ислам: Ислам – деп, иба,

ынсап, қанағат, мейірім, шапағат, жанашырлық, адалдық, ізгілік, жан тазалығына тәрбиелеу мектебі. Осы қасиеттердің бәрі Құраннан табылады. Иман – Аллаға имансыз сену. Саясат күнде өзгереді, ал дін – мәңгілік» [1] деген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының тұжырымды сөзінің дәлелі ретінде, ислам діні – бұл біздің тарихымыз, ұлттық дүниетанымымыз, рухани тазалық пен жаңару көзі.

Құран Алла сөзі болғандықтан онда жалған нәрсе жоқ. Оны Құранның стилистикасын, синтаксисін, лексикасын түбегейлі зерттеген әлем ғалымдары мойындауға мәжбүр. Әлі күнге дейін Мұхаммед (с.ғ.с.) Алланың елшісі екендігіне күмән келтіретіндер аз емес. Түркиядағы Анкара университетінің ғылыми факультетінің студенті Юсуф Керкуклу Құран Кәрімнің 112-ші Ықылас сүресін былай зерттейді: Бұл сүре небәрі 13 дыбыстан қайталанатын 47 әріптен тұрады. Юсуф осы сүреде кездесетін 13 әріпте жоғарыдан төмен қарай оқылуы бойынша жазып шыққан. Көлденеңінен Құранның оқылуы бойынша солдан оңға қарай әр әріптің неше рет қайталанатынын сандарымен белгілейді. Мысалы, ең жоғарыда тұрған «Каф» әріпі – бір рет, екінші тұрған «Ләм» әріпі 12 рет кездеседі, әрі қарай барлық әріптің санын тауып, кездескен қиылыстарына нүкте қойып шыққан. Юсуф осы нүктелерді қосқанда араб әрпімен «Алла» деген сөз шыққан кезде қатты таң қалғаны жайлы айтады. Ықылас сүресінде «Алла» жалғыз екендігі, әрі оған ешкім тең емес екендігі, Алла Тағаланың бар екендігінің және оның бүкіл әлемнің иегері екендігінің тағы бір дәлелі [2].

Құран Кәрім – қасиетті ақыл-оймен құлшылықтар жасалатын, қағида заңдарымен көп істер істелетін айрықша оқулық. Құран Кәрім ешқандай ғылыми тұжырымдарға қайшы келмейді. Құран Кәрім – ең соңғы кітап, әлем мәдениетінің негізгі іргетасы.

3. *Құранға құрмет*. Құран – Алла Тағаланың құлдарына жіберген соңғы кітабы. Ол Пайғамбар Мұхаммедке Раббысы тарапынан Жәбірейіл періште арқылы уахи түрінде түскен. Құранда бұл туралы: «Күдіксіз, бұл

Құран, әлбетте, әлемдердің Раббысының түсіргені. Оны сенімді Рух (Жәбірейіл) келтірді. Ескертушілерден болуың үшін жүрегіңе қондырды» делінген [4].

Құран – ақиқат пен жалғанның, күнә мен сауаптың, қара мен ақтың аражігін ажыратып беруші кітап. Алла Тағала ол турасында: «Сондай-ақ саған әр нәрсені ашықтайтын және мұсылмандар үшін тура жол, игілік хәм қуаныш түрінде Құранды түсірдік», - деген [4].

Құранға иман етіп, оның тең мағыналы аяттарына ой жүгірткен адам басқа жаратылыстардың алдында құлдық етуден босап, жалғыз Алла Тағалаға ғана құл болып, осы арқылы жүрегі жай таппақ.

«(Мұхаммед) саған осылайша әмірімізден бір «Рух» (Құран) уахи еттік. Сен, Кітап не? Иман не? Білмейтін едің. Бірақ, Құранды нұр етіп, онымен құлдарымыздан кімді қаласақ, тура жолға саламыз. Расында, сен тура жолға бастайсың» [4].

Алла Тағала бұл аятта Құран кітабын «рух» деген атаумен атауда. Себебі рухтың денеге өмір сыйлайтындығы сияқты, Құран кітабы да адамның жүрегіне өмір сыйлап, оны екі дүние бақытына жетелейді. Сондай-ақ Құранда жеке адамның және қоғамның бақытты өмір сүруі үшін қажетті болған бүкіл мәселе қамтылған. Сондықтан да біз Алла Тағаланың бұл қасиетті кітабын шамамыз келгенше көбірек оқып, жаттап, оның аяттарына ой жүгіртуіміз керек. Пайғамбарымыз Мұхаммед бізге: «Сендердің араларыңдағы жақсыларың – Құранды үйреніп, оны басқаларға үйретушілер», - деген [4].

Енді Алланың кітабы Құранға қатысты болған әдептерге тоқталайық:

1. *Құранды ықыласпен оқу.* Құран оқу ғибадат болғандықтан, Алла Тағалаға жақындау ниетімен жасаланатын әрбір амал қабыл болуы үшін, екі шарт орындалуы тиіс. Ол шарттың біріншісі – ықылас, ал екіншісі – амалдың Пайғамбар сүннетіне сай жасалуы.

Имам Нәуәуи бір сөзінде: «(Құран оқушыдан) ең бірінші талап етілетіні – ықылас. Яғни, ол арқылы тек Алла Тағаланың ғана ризалығын қалап, одан басқа ешқандай мақсатты көздемеу қажет», - деген. Бұдан түсінгеніміздей, Құран

оқушы адамдардың назарын өзіне аудару, оларды даусының әдемілігімен тамсандыру, кісілердің мақтауын күту, адамдардың арасында дәрежесінің көтерілуін қалау сынды істерді көздемеуі керек. Мұндай ниетте болған адамдар жайында Пайғамбар былай деген: «Расында, ең бірінші болып ақиретте сұралатын адам, ол Алла жолындағы шайқаста өлген адам. Оны алып келеді де, Алла оған Өзінің рақымшылығын есіне салады, ал ол болса бәрін мойындайды. Содан соң Алла одан: «Сен соған ризашылық ретінде не істедің?» - деп сұрайды. Ол: «Мен өлгенше Сенің жолыңда соғыстым!» - дейді. Алла: «Сен өтірік айтасың, өйткені сен, сен туралы адамдар: «Батыр!» - деп айтсын, деп соғыстың және олар солай айтты!» [5] - дейді. Содан соң ол адам жайлы оған сәйкес әмірлер беріліп, оның жүзін төмен қаратып тозаққа тастайды. Содан кейін, білім алған, білімін басқаларға үйреткен және Құран оқыған адамды алып келіп, Алла оған, Өзінің көрсеткен рақымшылығын есіне салады да, одан: «Сен соған ризашылық ретінде не істедің?» - деп сұрайды. Ол: «Мен білім үйреніп оны басқаларға үйреттім және Сен үшін Құран оқыдым!» - дейді. Алла: «Сен өтірік айтасың, өйткені сен, адамдар: «Мынау білімді!» - деп айтсын деп, сондай-ақ Құранды адамдар: «Мынау қари!» - деп айтсын деу үшін оқыдың және адамдар солай айтты!» - Сосын ол адам жайлы оған сәйкес әмірлер беріліп, тозаққа тастау үшін жүзін төмен қаратып сүйрейді. Сосын Алла оған кен ризық нәсіп еткен және оған түрлі байлықпен қамдаған адамды алып келіп, Алла оған Өзінің көрсеткен рақымшылығын есіне салады да, одан: «Сен соған ризашылық ретінде не істедің?» - деп сұрайды. Ол: «Сен риза болатын ешбір мүмкіншілікті мүлт жібермей, Сен үшін ақша жұмсадым» - дейді. Алла оған: «Сен өтірік айтасың, сен оны адамдар, сен жайлы: «Мынау жомарт!» - деп айтулары үшін істедің және адамдар солай айтты!» - дейді. Сосын ол адам жайлы оған сәйкес әмірлер беріліп, тозаққа тастау үшін жүзін төмен қаратып сүйрейді» [7].

2. *Құран аяттарына амал ету.* Бұған

Құранның халал дегенін халал, ал харам еткенін харам деп тану, тыйым еткендерінен аулақ болып, бұйрықтарын орындау сияқты істер жатады. Құранды оқып, оған амал етпеген адамға қатаң ескертулер жасалған. Пайғамбарымыз бір хадисінде: «...Ол екеуі маған: «Жүр» деді. Мен олармен бірге жүрдім де біраз уақыттан кейін жерде жатқан адамға жолықтық. Ол адамның үстінен қолында тас ұстаған бір адам сол таспен басын соғып жарды да, басқа тиіп шетке домалаған тасты ұрушы қайта алып келгенше, тас тиіп жарылғанның басы баяғы қалпына келіп үлгереді. Ал Ұрушы қайтадан оның басынан ұрып, алғашқы істегенін қайталап жатты. Мен: «Бұл кім?» - деп

сұрадым. Олар: «Жүр» деді, біз ары қарай кеттік...» [2;7].

Бұл ұзақ хадистің соңғы жағында бұл адамның қандай күнә жасағандығы себепті соншалықты ауыр жаза тартып жатқандығы жайлы былай деп түсіндіріледі:

«...Сенің көзіңше басын жарған адам жайлы айтар болсақ, оған Алла Құран үйреткен, бірақ ол түнде оны оқымай ұйықтап, ал күндіз онымен амал етпеген. Ал, енді оны осылайша қияметке дейін қинайды» [8].

Сонымен, Құранның тәрбиелік мәні «Құран тарихы», «Құран – Алла сөзі», «Құранға құрмет» ұғымдарының түсініктемелерінің ашылып көрсетуі арқылы қысқаша ғана сөз болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Өнер, 1996. - 272 б.
2. Құран Кәрім. Қазақша мағынасы мен түсінігі / Аударған У.Алтай. – Медина: Құран Шараф, 1991.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1977. -183 б.
4. Құран хикаялары / Аударған М.А.Жадмолла. – Алматы: Жалын, 1992. - 224 б.
5. Алтай Х. Құран әліппесі және иманның шарттары. – Алматы: Кітап, 2001. - 122 б.
6. Жолдыбайұлы Қ. Имани гүл. – Алматы: Дәуір, 2011. - 384 б.
7. Құран және оның қазақша мағынасы. – Алматы, 1993. - 604 б.
8. Хадистер және түсінігі. – Алматы: Шапағат – Нұр, 2008. - 101 б.
9. Хадистану. – Алматы: Шапағат – Нұр, 2004. - 91 б.

МРНТИ 17.07.65

ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІ
(Бағдат Кәрбозұлының зерттеулері туралы толғамдардан)

Бисенғали Жолғабден

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

Мақалада қазақ әдебиетінің ұлттық сипаты, қазақ өлеңі жанрларының ұлттық табиғаты баяндалады. Б.Кәрбозұлы зерттеулеріндегі ұлттық сипаттағы шығармаларына талдау жасалады, теориялық қисындар айтылады. Шығармаларының мазмұнындағы ұлттық астардың көркем бейнесінен кейіпкер дүниетанымындағы ерекшелік, психологиясындағы даралық, ұлттық менталитет т.б. анықталады.

Түйін сөздер: Бағдат Кәрбозұлы, қазақ әдебиеті, ұлттық таным, қазақ өлеңі, қазақ өлеңінің ұлттық табиғаты, ұлттық астар, ұлттық менталитет.

В статье описывается национальный характер казахской литературы, национальная природа жанров казахской поэзии. Анализируется исследование Б. Карбозулы в области творчества с национальным характером. Приводится теоретическая логика. Определяется характеристика мировоззрения героев, личность в психологии, национальный менталитет и т.д.

Ключевые слова: Бағдат Карбозулы, казахская литература, национальное познание, казахская поэзия, национальный характер казахской поэзии, национальный смысл, национальный менталитет.

The article describes the national character of Kazakh literature, the national nature of the genres of Kazakh poetry. The research of B. Karbozuly in the field of creativity with a national character is analyzed. Theoretical logic is given. The characterization of the worldview of heroes, personality in psychology, national mentality, etc. are determined.

Keywords: Bagdat Karbozuly, Kazakh literature, national knowledge, Kazakh poetry, national character of Kazakh poetry, national meaning, national mentality.

Қазақтың мемлекетінің тәуелсіздігі мен елдік санасын, ұлттық рухын сақтаудың жалғыз жолы отаршыл Ресей езгісінен құтылу екенін – Алаш қозғалысың көсемдері ХХ ғасырдың басында – ақ айтты. Тек айтып қана қойған жоқ сол үшін саяси күрестерге көтерілді. Олар - әлемдік деңгейдегі оқу мен өнердің, ғылым мен білімнің адам өмірі мен тіршілігіне ықпалын философиялық деңгейде таныған, қоғамдық-гуманитарлық дамудың әлемдік ағымдары мен бағыттарынан толық хабардар қоғам қайраткерлері еді.

Армандары мен өз өмірлерінің мәнін қазақ халқының бостанды пен тәуелсіздігіне арнады. Ұлт азаттығы мен еркіндігін пен елдік елдік сана идеяларын ұран ғып көтерді де саяси күрестерін бастады, Бұл ұзақ уақып пен ерлікті, табандылықты қажет ететін. Бірнеше ғасырларға созылған отарлық езгі

қазақ халықтың ұлттық рухын төмендетіп-ақ тастаған еді. Оның кейбір мәселелері әлі алдымызда тұр.

Қазақ өнері мен әдебиетіндегі ұлттық сана бейнелерін Алаш қозғалысының алыптары: А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ә.Бөкейханұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ш.Құдайбердиев, М.Әуезов, Ж.Аймауытұлы т.б. бастады. Тіпті сол үшін де олардың алдында есін жия бүгін бастаған ұрпақаты мәңгі қарыздыр.

Олар халқымыздың ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар шығармашылығындағы қазақ өмірінің дербестігі, елінің елдік санасын қорғауға, қасиет тұтуға бағытталған толғау мен тебіреністі толғаныстарға толы шығармаларын теріп талдады. Сыны пікірлер жазды, еңбектерін жариялады.

Осы идеяларды жалғастырушы қаламгер-

лер тәуелсіздік туралы ой-пікірлерді айта бастаған 20 жылдардың орта тұсында отаршыл Ресей, қол астындағы кіріптар елдердің азаттық, бостандық туралы ой-идеялармен күресті күшейтті. Қудалауға кірісті. Қуғынға ұшыратты, қамады, атты, асты. Олардың қатты үрейленетіні, әсіресе, ұлттық ой-идеялар еді.

Қоғамдық-гуманитарлық сана, мәдениет пен тарих, әдебиет пен өнер туралы түсінігі бар сауатты жандар Ресейдің барша пиғылын о бастан-ақ жақсы түсінді. Кеңес үкіметі құлағанға дейін небір сұрқия тәсілдермен ұлттық идеяларды бейнелеген шығармалар мен сөздермен ғана емес, ой-сезімдермен де аянбай шыйқасып келгені қазір жасырын емес. Дәл осы идеялардан отаршыл Ресей үкіметі бүгіндері бас тартты деп айта алмаймын.

Отаршылыққа қарсы күрес - өнер, әдебиет үшін мәңгілік тақырып. Бұл тақырыпта жазылған шығармалары кез-келген елдің азаматтық тарихынан табуға болады. Азаттық туралы ой идеялардың бейнелену үлгісі түрлі сипатта болуы мүмін, бірақ мазмұны мәні өзгермей жетеді оқырманға.

Оған тоқталып жатпай-ақ басты тақырыпқа бағытталайын.

Сонда, баяндаманы осы шиеленіскен түйіндерден басауым тегін емес-ті. Өйткені, қазақ әдебиетінің ұлттық сипаты, қазақ өлеңі жанрларының ұлттық табиғаты туралы тақырыптарды талантты ізденушілері мен аспиранттарына тақырып ретінде қайта-қайта ұсынатын Ұлы ұстазымыз академик жазушы Зейнолла Қабдолов еді. «Қазақ өлеңінің ұлттық сипатын» зерттеу керек деп айтып жүретін.

Бірақ, көбіміз бұл қауіпті тақырыпқа тәуекел ете алмадық. Қауіпті деп тұрғаным кеңес үкіметі ұлттық сана, тәуелсіздік, азаттық деген сөздерді қоластында кіріптар күй кешіп отырған елдердің қоғамдық санасында көп қозғамауға тырысатын. Бұл туралы сөздер қалыпқа қамалған шамадан сәл-сәл шығып бара жатса Ұлтшылдық, халықтар арасына от тастайды деген тәрізді байбаламдарна

басатын. Оның аяғының немен тынатыны белгілі.

«Ұлттық сипат» туралы тақырып алу керек» - деп Зейнаған да онша қыстай қоймайтын. Тақырып ретінде ұсынады, маңызын айтады, қиындығын да ескертеді. Біз мұқият тындаймыз, бірақ тақырыптың қиындығын білеміз, жазып шығуға да болады, бірақ қорғаудың қиындығынан үрейленеміз. Өйткені шығармалардың ұлттық сипаты туралы шындықты айта алмайсың. Мұны Алматыдғы түрлі сипатты жиындар мен қорғауларға көріп жүрген ізденушілер жақсы біледі.

Сонда, осы тақырыпқа тәуекел еткен Бағдат Кәрбозов болатын. Жастығы ма, әлде батырлығы ма, білмеймін, әйтеуір тыптыныш жатқан «мұхитқа» көп ойланып жаптай-ақ қойып кетті. Кейін ойланып отырсам бұл мәселемен Б.Кәрбозұлы кеңес үкіметінің қаһары жүріп тұрған (1984-85 жж.) заманның өзінде-ақ бетпе-бет келген екен. Бірақ, тақырыптың атауы сәл өзгелеу алайда, мәні бір қазақ өлеңіндегі ұлттық сипат дегенді айналып өту қиын.

Бір қарағанда жұмыс атауында шошындындай ештеңе байқалмайды. Алайда, бұл жұмыста қазақ лирикасының жанрлық ерекшелігін көрсету үшін қазақ өлеңінің ұлттық сипаты туралы да айту керек. Өнер мен әдебиеттегі, тіпті қоғамдық-гуманитарлық зерттеулердегі ұлттық мәселелерге кеңес үкіметінің тыжырына қарай бастаған кезеңдері. Тыныш жатқан «жыланды құйрығынан басып...» дегендей бұл бағыттарға жастардың беттегісі келмейтін. Бірақ, асықпай зерттеу барысында айтуға, көп шұқылауға болмайтын «барса келместер» бірден байқалады.

Мәселен, кандаттық зерттеуінің мақсатын аспирант былай нақтылайды: «изучить национальную специфику казахской лирики, ибо искусство слова того или иного народа, прежде всего, категория национальная» [1]. Демек, қазақ лирикасының жанрлық сипатын оның ұлттық табиғатынан бөліп қарауға болмайды деген сөз. Бұл - ғылым есігін

енді ғана ашқан әр адамға түсінікті қағида. Сөз өнері – ұлттық категория. Сондықтан да қазақ лирикасының тарихы: тууы, қалыптасуы, дамуы – қайнарлары, генезисі ұлттық таныммен және дәстүрмен байланысты талдануы керек. бұл Ізденушінің басты мақсатына бастайын даңғыл жол – осы. Бірақ, барлық мәселе - осындай қиын сұрақтарды амалын тауып айналып өтуде. Негізінде сұрақ қиын емес, жауап қиын. Өйткені айту түгіл олай ойлауға да болмайтын қауіпті түйіндер бар.

Қазақ әдебиеттануында осы аталған мәселелер зерттелген жоқ десек бұра тартқан болар едік. Бірақ, арнайы, жан-жақты зерттелмегені ол кезде шындық. Кейбір теориялық монографиялар мен диссертацияларда, ғылыми мақалаларда мәселенің жеке бағыттары, тіпті ұлттық сипаты да қозғалағанмен көп тереңдеуге бара бермейді. Оның теориялық және тарихи мәселері де, сондықтан, біржақты ғана айтылатын. Негізінен көрнекті ақындардың шығармашылық портреттеріне байланысты ғана қарастырылады (Абай, Сәкен, Ілияс, Әбділда, Қасым, Әбу, Ғали т.б.).

Алайда, лириканы зерттеудің бұрынғы, 1970 жылға дейінгі бағыттары: тақырыптық және идеялық-көркемдік, жанрлық ұстанымдары замана зерттеулерінің өзекті ағымдармен қайшылыққа келе бастаған еді. Б.Кәрбозұлы алғашқы монографиялық зерттеуінде осы түйіндермен бетпе-бет кездесті. Лирикалық жанрдың қазақ әдебиетіндегі ерекшелігін айтудың көрініп тұрған шындықтарын қаз-қалпында аша алмайсың. Алайда ретін тауып тапқан жаңалықтарды айту керек.

Жаңа әдіснама – салыстырмалы-типологиялық тәсілдерді басшылыққа ала отыра қазақ лирикасына өзінше классификация жасады. Бұл жіктеудің толымды болмайтына бірден түсінікті, бірақ, жас ізденушіге өзіндік идеяларын дәлелдеу үшін қажет болған тәрізді.

Зерттеуде қазақ лирикасының жанрлық түрлерін салыстыруда оның ішкі түрлеріне

сипатама беріледі. Олардың сол кездердегі көріністері аталады, дәстүр жалғастығы, ұлттық ерекшеліктері көрсетіледі. Лирикалық өлеңдегі сюжеттің де табиғаты мен құрылымы талданып эпос пен драмадағы үлгілерімен салыстырлады. Бірте-бірте басты назар бейнелеу тәсілдеріне ауады. «Ленинге тенеу таба алмай, қиналған...» дегендей Бағдаттың да шындап қиналған тұсы осы болды.

Өнер мен әдебиеттегі барша ұлттардың бостандық, тәуелсіздік, азаттық туралы армандарының, идеяларының көрінісі осында байқалады. Бұл армандар қазақ лирикасында қалай бейнеленеді. Әрі оны типологиялық құбылыс ретінде дәлелдеу керек. Осы алғашқы зерттеуінде лирикадағы түрлі жанрлардың, әсіресе ірі жанрлардың, пішімдерінің тарихи тұрғыда дәстүрмен жалғастығын айта келе оның лирикамызды дамытудағы рөлі, жаңалықтың өткенмен байланысы, жалғастығы, т.б. нақты шығармалар арқылы талданады. Олардың жазба әдебиеттің пайда болуынан өзгеру, даму қазіргі лирикаға ұласуы дәлелденеді. Зерттеуде фолкльорлық жанрлар, діни және тұрмыстық жырлар орын алады. Сол жылдарда лирикадағы діни ой, сезімді, олардың көркемдік рөлін айту оңай емес еді.

Сол сияқты 11-18 ғғ. толғау жанры [2], 19 ғ. лирикалық өлеңдер, Абай шығармалары, 20 ғ. басындағы лирикадан С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Ә.Тәжібаев, Қ.Аманжолов, Ә.Сәрсенбаев, Ғ.Орманов шығармаларындағы жанрдың ерекшеліктері бейнелей құралдарының ұлттық бояулары арқылы көрсетіледі т.б. [3].

Қазақ лирикасының жанрлық сипаты туралы зерттеу жаңалығы бар жұмыстардың бірі болды. Лирикалық шығармаларды жүйелеудің жаңа бағыттары айтылады. Әсіресе оның жанрлық ерекшелігі (спецификасы) аталады. Зерттеу нәтижелерінің дені салыстырмалы-типологиялық тәсілдер арқылы жүргізілген. Бәрін шешті, дәлелдеді деуге болмас, әрине, бірақ кейінгі ғылыми ізденістерге түрткі болғаны анық. Әсіресе, қазақ лирикалық

поэзиясын, қазақ өлеңін жаңаша зерттеудің – ұлттық табиғатын, психологиясын ашудың қажеттігі алға шыға бастады.

Бағдат Кәрбозұлы докторлық зерттеуіне «Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты»- осындай ішкі дайындықпен келді. [4] Әлемдік әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы зерттеу, монографияларды, қазақ өлеңі туралы іргелі еңбектерді: З.Ахметов, З.Қабдолов, Ә.Марғұлан [5], Ә.Қоңыратбаев, Т.Кәкішев, Ә.Нарымбетов, Қ.Мәшһүр-Жүсіпов, Ш.Елеукенов, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов т.б. зерттеулеріндегі ұлттық идея, таным, мінез, жанр, бейнелеу құралдары туралы ойлармен жете танысты.

1994 жыл - Қазақ Республикасының егемендігі жариялан жылдар. Бәрін айтуға, жазуға болатын уақыт келген сияқты. Бірақ, енді ғасырлар бойы Ресей екен шыр-мауықтардан, отарлық идеология зардаптарынан құтылу оңай болмай шықты.

Докторлық диссертация негізгі төрт тараудан тұрады. Оның алғашқы тарауы ұлттық мінездің өлең өміріне әсерін талдауға арналады. Ұлттық мінез сан ғасырларда қалыптасатын күрделі даму тарихының нәтижесі. Әрі біртіндеп қалыптасады. Алуан түрлі тартыстар мен шайқастар, айтыстар негізінде түзеледі, Оны қалыптастыруда сол ұлттың рухани мұралары өнер мен әдебиеттің әсері де аз болмайды,

Қаламгерлер шығармашылығындағы ұлттық мінездердің бейнеленуі туралы аз жазылған жоқ. Қаламгерлердің бәрі бірдей шығармаларында ұлттық бейнелер жасауға талаптанады. Ғалымдар да сыни мақалалары мен зерттеулерінде ұлттық бейнелерге соқпай өтпейді. Бірақ, оның өзіндік табиғатының ерекшелігін анық аша алмайтыны байқалып тұрады.

Ұлттық мінездің халық өмірінің ұзақ жылдарға, талай ғасырларға созылатын қилы-қилы тартыстары мен қайғы-қасіретке толы тіршілік үшін күрестерінде қалыптасып, тұрақты күшке айналады. Өмір үшін күресте жеңістер мен жеңілістер кезек алмасады, самғау мен құлдиларлар

арпалыстарында өзінің қуат-қажырын, бірлігі мен ерлігін, сенімін сақтай алған ұлт қана ертеңінен үміт етеді.

Бұл бағыттағы ғалымдардың еңбектеріне таладау жасай келе Б.Кәрбозұлы негізгі түйіні ретінде Ұлы Абайдың пайымдауларын ұсынады. «Рас бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл заманғылардан артық екі мінезі бар екен» [6.212] Абай ауызбіршілік пен намысқойлықты атайды, - деп жазады. Ұлттық сипаттың пәрменді белгілерін көрсетуде зерттеуші Абайға сүйенеді. Ұлттық мінездің өлеңдегі дара көріністері әдебиеттің өскен, өркендеген шағына сәйкес келеді. Аса талантты білімді ақындардың көбейген шағына тура келеді деген байымдауларды алға тартады. Дауласуға да болады, әрине, бірақ шындыққа өте жақын тұрған пікір екенінде дау жоқ. Зерттеуші Абайдың, Мағжанның, Сұлтанмахмұттың, Қадыр Мырза әлінің өлеңдерін таладау арқылы ұлттық мінездің өлеңдегі көріністерінен алға тартады.

Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді.
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.

Бас басыңа би болған өңкей қиқым
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын.

Ұлы Абай ашына айтып отырған осындай мінездер біздің бүгінгі тірлігімізді де берексіз күйге жеткізіп отыр. Бұлардан құтылу оңай деп кім айта алар. Ал дәл осылар өзге ұлттарда жоқ, тек қазаққа ғана тән дей аламыз ба? Әрине жоқ. Бағыныштылық пен жалтақтық, қара басының қамы үшін бәрін құрбан қылуға бар адамдардың жаңа топтары қай елде болса да кездеседі. Бірақ, өлең өзегінде тұрған ащы ойдың көркем бейнесі таза қазақи көркем бейнелеу құралдарға, негізделген.

«Абай өлеңдерінде ұлттық сезімді бейнелеуге мән берілуі тегін емес. Ұлттық сезім-ұлттық мінездің негізі, бастауы» деген зерттеуші байымдаулары ойлауға тұрарлық.

Өлеңдегі бейнелер жүйесінің ұлттық сипатына арналған талдуларда да соны ойлар

кездесіп отырады. Шығарманың ұлттық сипатын анық аңғартатын белгінің басты көрсеткіші ретінде, осы ұлттық мінездің бейнелену тәсілдеріне көңіл бөлінеді. Оны талантты қазақ ақындары Т.Молдағалиев, Қ.Мырза-Әли, С.Жиенбаев, Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев, Ф.Оңғарсынова, Т.Айбергенов өлеңдеріне жасалған талдауларда көрсетеді. Әсіресе, бұл ақындар шығармашылығының басты арнасы ретінде ұлттық дәстүрге арнайы көп көңіл бөлуі дәлелденеді.

Өлеңдегі бейнелер жүйесінің ұлттық сипаты күрделі қабылдаулардан байқалады. Лирикалық кейіпкердің мендік қабылдауы арқылы бейнеленетін сезімдік қабылдау толғаныстарға ұласады, одан ойға өтіп өлең өзегіндегі бейнеге бөленген көркем мағұмынның дара, ұлттық танымын көрсетеді. Бұл үдеріс негізіне аса талантты ақындар шығармашылығында эстетикалық қабылдаудың жүйелі түрінде көрініс табады. Демек, дара қолданыстан гөрі типологиялық құбылыс ретінде байқалады. Былайша айтқанда ситльдік белгілер қалыптастырады.

Әдебиеттің ұлттық сипаты эстетикадағы басты мәселелердің бірі. Бір қарағанда түсінікті көрінуі де мүмкін. Бірақ, қаламгерлер үшін мұның қаншалықты қиын түйін екенін көпшілік біле бермейді, тіпті ойланып та жатпайды.

Әдебиет тарихына оның ұлттық сипаты туралы тақырыпты арнайы қозғаған романтиктер деген түсінік бар. Бірақ, бұл үстіртін ұғым. Өнердің, әсіресе әдебиеттің ұлттық сипаты дегенді әдебиет тарихынан, барша классиктердің туындыларынан көптеген мысалдар алып түсіндіруге болады. Бірақ, бұл философиялық терең мәні бар, күрделі мәселе. Шекспир мен Пушкинді, Абайды тек бір халықтың мұңын бейнелеген, суреткер деп ұғуға болмайды. Сол тәрізді, Абайды орыстың болмаса ағылшынның мұңын айтқан дей де алмайсың, Шекспир мен Пушкин туралы да осыны айтуға болады. Қазақты Абайдай білген, таныған, қазақ аз. Оның бар жазғаны қазақ туралы болса да өзге халықтарға Абай шығармалары мүлде

жат, түсініксіз көрінбейді. Мәселе осында. Әдебиеттің ұлттық және адамзаттық мәні туралы ұғымдар бүгінде көпке түсінікті. Бірақ, өздерін баяғыдан өркениетті елдер санайтын ұлттардың ғалымдары жазба мәдениеті кештеу қалыптасқан елдердің өнері мен көркем шығармаларына күле қарайды. Бірақ, Қорқыт ата, Оғыз наме, Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Рабғузи, А.Игүнеки, Хорезми, Құтыб, З.Бабыр, М.Дулаты, Ә.Науаи, Махамбет, Абай т.б. сөз зергерлерінің шығармаларына таңданады, үйренеді.

Әдебиет классиктері шығармаларын туғызу үстінде оның жалпы адамзаттық мәні туралы ойланып та жатпайды. Өздері жақсы білетін өлердей сүйетін өз ұлттары мен мемлекеті туралы, оның мұңы мен армандары, өмірі туралы жазады. Бұл шығармалар белгілі бір уақыт пен кеңістікте өмір сүретін адамдардың мұң, армандары адамзатқа ортақ екенін байқатады. Ең маңыздысы осы адамзатқа ортақ ой нақты ұлттық сезімдерді бейнелеу арқылы көрініс табады. Дара көркемдігі арқылы өзгені қызықтырады, қозғайды.

Кез келген ұлттың талантты орындалған шығармаларынан – өнері мен өлеңінен, әдебиетінен, жалпы адамзаттық мән мен мазмұны аңғаруға болады. Өнердің жалпы әдеби мәні мен ұлттық сипаты мүлде кереғар, не бір ұғымдар емес. Айқын ара жігі бар, ажыратуға болатын құбылыстар. Бұл әсіресе осы тақырыптар төңірегінде ойланушы шығармашылық тұлғалар үшін маңызды. Өмір шындықтарын дара бейнелеген аса талантты жазылған көркем шығармалардың ұлттық сипаты адамзаттық мәселелермен аралас.

Қазақ лирикасының ұлттық сипатын тереңдей, жан-жақты арнайы зерттеген Б.Кәрбозұлының еңбектерінде, ғылыми мақалары мен монографияларында қазақ өлеңі жүйелерге бөліне, жіктеле зерттеледі. Жыраулар мен ақындар поэзиясының көркемдігі, Махамбет, Абай өлеңдерінің лирикалық сипаты, Мағжан, С.Торайғыров шығармалары дамытқан ұлттық дәстүр,

Т.Молдағалиев, Қ.Мырза-Әлі, С.Жиенбаев, Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаев, Ф.Оңғарсынова, Т.Айбергенов өлеңдеріндегі ұлттық мінез, жанрлық ерекшеліктер зерттеледі.

Өлеңнің ұлттық сипатын танытатын категориялар арасындағы ең маңыздысы – ұлттық мінез. Ол өзгеге ұқсамайтын, қалыптасқан дара құбылыс. Өлең теориясындағы аса маңызды осы ұғымның табиғаты мен мәнін ашып көрсету үшін лирикалық кейіпкер, ақын тұлғасы мен бейнесі аталатын үш ұғымның маңызы өте зор.

Өлең кейіпкерлерінің, объективті маңызы басым бейнелер жүйесінің, ұлттық сипатын даралай көрсету зерттеушілер үшін де оңай емес. Мұның өзге де толып жатқан түйіндері бар. Мәселен, лирикалық персонаж, символдық бейнелер жүйесінде ұлттық сипат бола ма? Жоқ деп айту қиын болса, бар деп айту да оңай емес. Шығармашылық үдерістегі аса қиын жұмбақ бірі осы. Бұл мыңдаған қаламгерлердің қолына түсе бермейтін құпия.

Б.Кәрбозұлы зерттеулерінде осылардың ұлттық сипаты нақты шығармаларды талдау арқылы көрсетіліп, дәлелденеді, теориялық қисындар айтылады. Мазмұнындағы ұлттық астардың көркем бейнесінен кейіпкер дүниетанымындағы ерекшелік, психологиясындағы даралық, ұлттық менталитет. т.б. көрінеді.

Кез келген ұлттың нақты өлеңдер шоғырына тән типологиялық даралық әрі ортақтық (бәлкім жалпылық сипат) тарихи тұрғыда қалыптасады. Осы үлгілерді ескере отыра өрнектелген бейнелер арқылы дүниеге келген шығармаларда ұлттық сипат мен мұндалап тұрады. Дәстүрлі және жаңа теңеулер, ауыстыру (метафора) мен айқындау (эпитеттің) сан түрлері ұлттық танымның таңғажайып үлгілері арқылы келеді.

Теңеу мен айқындаудың, ауыстырудың т.б. бейнелеу құралдарының қолданылуының негізі бастаулары-ұлттық дәстүрден. Алайда осы сипатты байымдауларды дәлелдеу үшін зерттеуші жоғарыда көрсетілген қаламгерлер шығармашылығынан нақты өлеңдерді теріп алып, топтастырып жүйеге

түсіруге тиіс болды.

Лирикалық жанрлардың жаңа пішімдерінің түрлері осылай дүниеге келіп жедел дамып өркендей бастайды. Көркейіп кемленеді. Келе-келе жаңа үлгілерді әкеледі. Бұл процесс осылай жалғаса береді. т.б.

Қазақ өлеңінің ұлттық сипатын жан-жақты, тереңдей талдау, қол жеткізген нәтижелерді пайдалану дамыту өмір талабы. Жаңа заман адамдарының сезім сырлары мен ой тұжырымдарында жаңалықтар аз болмайды. Бірақ, ұлттық қасиеттердің даму, өзгеу, жаңғыру сипаттарында дәстүр бедерлері аз болмайды. Бадырайып тұрмаса да байыпты зерттеуші таниды. Осы жаңа танымды бейнелеу замана талабы. Тәуелсіз ұлт жан-дүниесі мен рухани байлығының қайталанбас, дара өрнектерін даму, өзгеру, құбылу, даралану үдерісінне сай бейнелеу алда тұрған ұлы міндет!

Қазақ өлеңінің тарихы мен дара келбетін, үні мен сырын, қисындарын зерттеуде отаршыл орыс мемлекетінің сан жылдар санамызға сіңіріп келген идеологиясынан шығу оңай көрінбейді. Әдейі ойластырып егілген шырмауықтардың әбден шатысқан торларынан шыға алмай тыпырлаған ұлттық рухтың шымырлай аққан иірімдерін тани алмай амал кештік. Мұның зардабынан құлан таза айықтық деп айту шындыққа қиянат болар еді. Ана тіліміз орыс тілі, тәрбиеленген ортамыз орыс мәдениеті деп айқайлап жүрген талайлар, тіпті үкімен мағайында жүрсе де, ұлттық рухтан жұрдай талайлар ұялу түгіл ойланбайды да...

Алайда мен қазақпын деп жүргендерге шындап ойланатын, идеология тұзақтарынан босанатын кез келді. Қазақ өлеңінің шынайы келбетін, таңғажайып келбетін көпке танытатын сәт туды, күткен күн келді. Енді санамызды буып келген будан санадан құтылу, тазару керек.

Ұлттық рухымыздың көркем де келісті, дара келбетінің өзге ұлттардан ем еместігін әдеби – тарихи деректер арқылы танытатын кез келді. Б.Кәрбозұлы зерттеулері осы бағыттағы еңбектердің салмақтыларының бірі.

ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Тіпті осы күн мен түндей айқын осы мақсатты қорғаудың өзі оңай бола қойған жоқ. Іргелі ғалымдарымыздың өзі әлемдік әдебиет, мәдениет, философия арналары мен өлеңнің ұлттық сипаты туыстас ұғымдар дегеннен әлі ұзай қоймаған еді. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты, дара келбеті, көркемдігі дегенді бар дауыспен батыл айту-

дан гөрі жалпы адамзаттық хорға, капеллаға қосылдық дегенді тәуірлеу, шынын айтқанда қауіпсіздеу көретіндер әлі де табылады.

Бірақ, енді заман басқа, Тәуелсіз елдің азаматтарымыз. Күн санап буынымыз қатайып, қуатымыз артып келеді. Сан ғасырлар бойы езіліп, шырмалып қалған санамыз тазарып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кәрбозұлы Б. «Жанровая специфика казахской советской лирики». АҚД. Алматы, 1988, 3-с.
2. Абылқасымов Б. Жанр толғау в казахской устной поэзии. Монография.- Алматы, 1984.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-т., -Алматы: Қазақпарат, 2004. 305-361 бб.
4. Кәрбозұлы Б. Сырлы сөз сипаты. -Алматы: Қазақ университеті, 1997
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. -Алматы, 1995. 245-269 бб;
6. Өлең сөздің теориясы. –Аматы, 1973;
7. Современное развитие и традиции казахской литературы.-Алматы, 1978.
8. Қабдолов З. Сөз өнері.-Алматы, 2006.
9. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар.-Алматы, 1985. 352 -367 бб
10. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толықжинағы. 2-т.

МРНТИ: 14.39.05

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ АТА-АНА МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ
КЕЛЕҢСІЗ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ СЫРЫ

А.М. Айнакулова

Ағылшын тілі пәнінің І-санатты оқытушысы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Қордай ауылшаруашылық колледжі

Ата-ана мен бала арасындағы қатынастар бүгінгі таңда көңіл көншітерліктей емес. Осының кеселінен тұрмыс тауқыметтерін қолдан жасап, ауыр трагедияларға жиі ұшырап жүргеніміз – өмірдегі белең алып отырған шындық. Берілген мақалада қазіргі таңдағы ата-ана мен бала арасындағы келеңсіз қарым-қатынастардың сыры сипатталады.

Түйін сөздер: ата-ана, бала, отбасы, жанұя, ана мен бала, бала тәрбиесі, отбасы тәрбиесі, ұлттық тәрбие.

Правильные отношения между родителями и детьми не так часто можно встретить в наши дни. Это одна из причин того, что сегодня есть много молодёжи, которая идёт по пути деградации, тратя своё время на бесполезные занятия и увлечения. Нужно понимать, что отношения в семье с детьми, пока они не достигли взрослого возраста, в основном зависят от родителей. В данной статье излагаются причины отрицательных отношений между сегодняшним родителем и ребёнком.

Ключевые слова: родители, ребенок, семья, мать и ребенок, воспитание детей, семейное воспитание, национальное воспитание.

The right relationship between parents and children is not so common today. This is one of the reasons that today there are many young people who are on the path of degradation, wasting their time on useless pursuits and hobbies. It must be understood that relations in the family with children, until they reach the adult age, mainly depend on the parents. This article outlines the reasons for the negative relationship between today's parent and child.

Keywords: parents, child, family, mother and child, upbringing of children, family education, national education.

«Отбасы» баланың ең жақын әлеуметтендіру ортасы ретінде өмірдің мақсаты, оның құндылықтарын біліп, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мағлұматтарды береді және онда бала басқалармен қарым-қатынас орнатуындағы қабілеттерге іс жүзінде дағдыланады. Қазіргі заманда отбасының құрылымы өзгеріп, ондағы мүшелер саны азайып, бала саны да кеми түсті. Қоғамдағы әлеуметтік, мәдени, экономикалық жаңғырулар әртүрлі сипаттағы әлемдік деңгейдегі ақпарат алмасу, отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас сипатына да өз әсерін тигізіп отыр. Отбасы асыраушы әке ғана емес, ана да оған елеулі үлес қосуы себепті олардың рөлдік қызметі теңеліп, бұнымен байланысты жауапкершілік сипаты да өзгермелі күйге түсті. Көп жағдайда әке жауапкершілігі әлсіреп,

керісінше аналар отбасы үшін жауапкершілікті өз мойындарына алуда. Осы заманның тағы бір ерекшелігі: толық емес отбасылар көбейіп, ата, әке, қайын жұрт, нағашы жұрт секілді т.б. туысқандық байланыстар әлсіреді. Сондықтан, олардың бала тәрбиесіндегі туысқандық сипаттағы жауапкершілігі де төмендеді.

Еліміздегі әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өзгерістермен қатар рухани жаңғыру қажеттігін Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінгі тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деп айрықша мән берді. Сонымен, қазір елімізде рухани жаңғыру міндеті қойылып отырған кезде отбасы тәрбиесі көкейкесті мәселе болып отыр [1].

Адамзатты тәрбиелеу өте ұзақ және күрделі процесс. Жеке бастың қалыптасуы, оның рухани жағынан дамуы бала кезден бастау алады. Жас шыбық иілуге қандай икем болса, бала да тәрбиені қабылдауға сондай бейім. Отбасы – тұлға қалыптастырушы бесік. «Азамат қалыптастырамын десең, бесігіңді түзе» деп, ұлы ғұлама М.Әуезов бекер айтпаған болар.

Қазақ халқы – жанұя құруға дайындалу кезеңінде өзінің ата дәстүріне сүйеніп халықтың тегін сақтау мен ұрық тазалығына мән берумен қоса, ата-ана мен бала арасындағы сыйластықты бұлжытпай орындаған халық. Бұл айтылған мәселелер халқымыздың ежелгі дәстүр-салттарындағы ұлттық ерекшеліктері болатын. Бодандықпен өткен үш ғасыр өрттей шарпып, өзегімізді күйдіріп кеткеніне қазір куә болып отырмыз. Біздің жастарымыз бұрын өз ата-анасы мен туған-тумалары түгіл, жасы үлкен басқа да адамдардың алдынан кесе-көлденең өтпейтін. Мұны олар өздерінің кішілігі мен кісілігінің келбетіндей түсінетін еді. Бұрынғы ата-бабаларымыздың салып кеткен жолы бойынша, ата-ана мен бала арасындағы сыйластыққа, ізгілікке толы этикалық заңдылықтарға бағынатындықтан, ұрпақтан-ұрпаққа өзара үндесе жалғасып жататын. Әрқайсысы өз орындарында тиісті міндеттерін имандылықпен атқаруынан, екі жағы да тіршіліктің рахаты мен мол ләззатын көретін [2].

Ал, осы мәселенің қазіргі кездегі күйі қандай? Ата-ана мен бала арасындағы қайшылықтардың сыры неде? Әрине, бұл сауалдардың тамыры тереңде жатыр. Ата-ана мен бала арасындағы қатынастар бүгінгі таңда көңіл көншітерліктей емес. Осының кеселінен тұрмыс тауқыметтерін қолдан жасап, ауыр трагедияларға жиі ұшырап жүргеніміз де өмірдегі белең алып отырған шындық екенін несіне жасырамыз. Осылайша, ежелден келе жатқан ескі жұртымыздың азып-тозып кетуіне көптеген себептер ықпал етті. Осы себептерді іріктей жұптап зерттесек, төмендегідей үш түрлі мәселенің басы ашылады:

1. Қоғамдық ортаның сыры.
2. Ата-ана тағылымдарының деңгейі.

3. Бала тәрбиесіндегі ағартықтар.

Міне, осылайша жіктеп қарастырсақ, оны зерттеу де талдау да, тіпті олардың өз заманы қалыптастырған жайсыз қадеттерімен күресте оңайға түседі. Енді, мәселенің әрқайсысын қысқаша байыптап көрелік.

Қоғамдық Орта.

Халқымыз өзінің ұзақ тарихында небір аласапыран кезеңдерді басынан өткізіп, аяздай қарыған замана дауылдарының үскірігіне ұшыраған сәттері көп. Әсіресе, соңғы үш ғасырға жуық уақыттың ішінде, аса күрделі кезеңдердің келемеж-кемтар қылықтарын бойына сіңіруге мәжбүр болды. Бодандық заманында бұратана күй кешіп, ежелгі тарихы мен халықтық тағылымдарын бірте-бірте ұмытуға шақ қалды.

Бодандық тіршіліктің тікелей ықпалымен бұрынғы көптеген қадірлі қасиеттерінен баз кешіп, ежелгі дархан мінездерін дарақылдыққа, жомарт пейілдерін ысырапшылдыққа айырбастаған пендешілікке тап болды. Осы тектес жайсыз мінездердің белең алуынан, қарапайым жұртымыздың ішкі мәдениеті мен елдік ерекшеліктері көмескіленіп кетті. Егер бұл халықтың басындағы темір ноктасы ары қарай жалғаса бергенде, бодандыққа мойынсұнған жұртымыздың келешегі қалай боларын кім білсін?!

Сондықтан да, ендігі жерде халқымыздың дәстүр-салттары мен елдік ерекшеліктерін қалпына келтіру үшін, ең әуелі қоғамдағы тоғышарлықпен күресудің тәсілін табу басты шарт. Өйткені, мұнымен алдыңғы буын – Ата-ана да, Зиялы қауым да, Ел басқарушылар да, түгелдей дертті екенімізді мойындағанымыз жөн. Сонда ғана ауруы асқынған қоғамдық орта түзеліп, өмірдегі сала-сала руханияттарымыздың ажары ашылмақ.

Ата-ана тағылымдарының деңгейі.

Бірнеше тарихи кезеңдерден тұратын Орыс империясының Қазақ халқын отарлау дәуірі, сөз жоқ, осы елдің тұрмыс-тіршілігіне бодандыққа тән психологияны қалыптастырумен болды. Оның ең негізгі бағыттары: елдің өз тарихын ұмыттыру, жердің де судың да атауларын өзгерту, халықты өз тағылымдарынан ауытқы-

тып, дәстүр-салттарынан безіндіру, ана тілінің қадірін түсіру тәрізді толып жатқан мақсатты шаралармен ұлттық ерекшеліктеріне орасан ауыр нұқсан келтіруге тырысты. Мұның өзі бірнеше жүздеген жылдарға созылды. Осындай қоғамдық ортада тіршілік еткен ата-аналар да, еріксіз тоғышарлық психологияға бейімделіп, ең алдымен ұрпақ тәрбиесіндегі халық тағылымдарына зиян келтірді. Бұл сәйкессіздік, әрине олардың да жан-дүниелерін жаралау арқылы, адамдық болмыстарына көптеген өзгерістер әкеледі. Осыншама ықпалды тағдыр тауқыметтерінің салдарынан ата-баба дәстүрлерінен адасып, адамдық рухының әлсіреуінен кейбір ата-аналар арақкештікке салынып, тіршілік парасаттарынан айрылуға дейін барды. Тіпті, бұлар үшін ұрпақ тәрбиесінің мәні де жойылғандай еді. Ал, екінші бір парасы – осынау бодандық өмірге бейімделуді, тек ана тілінен безіп қана қоймай ата дәстүрлерін мансұқтауға дейін барды. Соның кеселінен, жас буындардың арасында ана тілін түсінбейтін бір қауым дүниеге келді.

Бала тәрбиесіндегі ағаттықтар.

Бодандық психологияға бой алдырған ата-аналардың әсерімен, ата дәстүрінен безініп, ана тілінен ажырап қалған ұрпақтың жөнін жөндеу бүгінгі таңдағы ең қиын мәселелердің бірі болып отыр. Тіпті, осының салдарынан, қазақ мектебі, қазақ тілі, қазақ балабақшасы, ұлттық дәстүр-салт, ұлттық тарих, халық педагогикасы дейтін елдігімізге ауадай қажет, ұлттық ерекшеліктеріміздің сипаттары егемендігімізді алсақ та, өз ішімізде тамыр тартқан мәнгүрттіктің әсерінен еркін қанат жая алмауда. Әрине, бұған заманды болмаса ата-ананы бірыңғай кінәлаудың өзі де сынаржақтылыққа соқтырар еді. Әйтсе де, өзінің атамекенінде отырып ана тіліне өгейлікпен қарағандарды ештеңемен ақтап алуға да болмайды. Өйткені, ана тілі – тек халықтың алтын дінгегі ғана емес, сонымен қоса адамдыққа жеткізер, ата-баба зердесін оятар жалғыз ғана табиғи кілт екені осы уақытқа дейін ескерілмей келді. Бұл не деген сөз? Айтылған ойдың астарын ашыңқырап айтсақ, кез келген халықтың (ағылшын, қытай,

неміс, орыс, жапон т.б.) болашақ ұрпақтары, ең әуелі өзінің ана тілінде сөйлеу арқылы ғана ата-баба зердесімен жалғаса алады екен. Сондықтан да, басқа тілде сөйлеп, ана тілдерін түсінбейтін ұрпақтың тәрбиесіндегі басты қиындық та осында жатса керек. Жастардың бойындағы өзгеге еліктеушілікпен сіңген «өзім білемдік», әуел бастан негіздерін түсінбейтіндіктен ата-баба дәстүрлерін білуге ұмтылыс жасамау, Ұлтым және Отаным дейтін сезімдер ана тілінде қалыптаспағандықтан, тіршіліктегі жеңіл жүрістер мен бір сәттік құмарлықтар асқына жалғасуда. Осының өмірдегі көріністері тәрізді ұлдарымыз бен қыздарымыздың жаппай шылым шегуі мен арақ ішулері, тіпті соңғы жылдарда мұның үстіне анаша тарту апаты да қаулап барады. Көбінесе жастардың ата-ана пікірлерімен санаспайтындықтары жиі байқалып жүр. Міне, бұлар қазақ халқының дәстүрінде бұрын-соңды болып көрмеген жағымсыз құбылыстар екені рас.

Қазақ отбасындағы ата-ана мен баланың кісілік қарым-қатынасы, эмоционалды сезімдері – олардың жаны мен қанының табиғи бірлігі негізіндегі жақындық арқылы орындалған. Қазіргі уақытта баланы заман талабына сай жеке тұлға етіп қалыптастыру қазақ отбасындағы барлық ата-аналар үшін көптеген қиындықтар туғызуда. Бұрын бәрімізге белгілі халқымыздың аса күшті қасиеті балажандылығы деп саналған. Тіпті қазақ әйелі әулиеге түнеп, перзент үшін өмір сүретін. Ал, қазір қазақ әйелдері арасында балаға деген сүйіспеншілік күрт бәсеңдеп кеткен сияқты (бұған дәлел – тастанды балалар санының күн санап арта түсуі).

Адамның өмірдегі ең қымбаттысы да, ең бағалысы да – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада қалыптасады. Барлық бала жақсы мен жаман әдеттерді өзі өскен шаңырақтан үйренеді. Халқымыздың «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген нақылының астарында қаншама мән-мағына жатыр. Отбасында ата-аналар өзара

дұрыс қарым-қатынаста болса, перзенттері де әдепті, тәрбиелі болып өсері сөзсіз [3]. Бүгінгі таңда көпшілігімізге белгілі күнделікті тіршілік күйбеңімен бала тәрбиесіне көңіл бөлуге уақыт таппай қалатынымыз бәрімізге аян. Ал, балаңызбен сөйлесу, оның ойын ұғу, пікірін тыңдау, қажетті сұрағына жауап беру бүгінгі күнгі ең маңызды жұмысымыз екенін түсінеміз бе [4]?

Осынау уақыт тынысымен жеткен өзгеріс, өлгенімізді тірілтіп өшкенімізді жандырып қана қоймай сонымен бірге арманымызды оятып, көңіл түбінде сөнуге айналған үміт оттарын да үрлегендей болды. Ендеше, Ата-ана мен Бала арасындағы сыйластыққа сызат

түсірген, жоғарыда айтылған үш түрлі мәселе – тоғышар орта, ата-ана парызының азғындауы, ұрығынан және тәлімінен бұзылған ұрпақ тәрбиелері сияқты аса ауыр әлеуметтік дерттерді, тек халық педагогикасының құдіретімен ғана орнына келтіруге болады. Осылайша, тіршілік тұрмысымыздағы келеңсіздіктерді жойып, үзіліссіз ұрпақ тәрбиесінің жүйесін жасау міндеті тұр. Себебі, адам тәрбиесі оңалмай, қайырымды қоғамы мен мейірімді мемлекеті бар гүлденген елді жасау мүмкін емес. Ендеше, келешегіміздің құнарлы өрісі – халық тағалымымен жасарған ұрпақ тәрбиесі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // www.akorda.kz – 12 сәуір, 2017ж.
2. Жұмақан Қ. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі орны // «Ұлттық тәрбие» – №4, 2012ж., – 94-96 бб.
3. Нуриев М.А., Советканова Д.М. Отбасындағы тұлғааралық қарым-қатынастың қалыптасуы // «Білім әлеуметтануы» II халықаралық симпозиум материалдары жинағы, 16-17 мамыр 2013ж. – 189-192 бб.
4. Садықова А.Е., Сагиева Б.Ж. Отбасындағы қыз бала тәрбиесі // «Ұлттық тәрбие» – №3, 2014ж. – 32-36 бб.

МРНТИ 14.01.21

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДЕ БАЛАҒА АТ ҚОЮ

А.Б. Жазылбекова

Алматы облысы Қапшағай қаласы «Д.А.Қонаев атындағы №1 қазақ орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің педагог-психологы

А.К. Құрманғали

педагогика ғылымдарының магистрі, Абай атындағы ҚазҰПУ

*«Есім дегеніміз –
атуа-шекер сыйлық.
Ал сыйлық пен тарту –
адам үшін зор қуаныш»*

Гомер

Бұл мақала қазақ есімдерінің басым тобы халқымыздың өткен замандардан бастап күні бүгінге дейін мәдени-тарихи өмір бейнесін анық көрсететіндігін талдай келе, қазақтың ат қою дәстүрін, есімнің адам өміріне, тағдырына ықпалын зерттеуге арналған. Есім әрбір адамды ерекшелендіреді. Оны ешкімге ұқсамайтындай ете алады. Әрбір есімнің өзіндік құпиясы және адамның өміріне әсері бар. Осы себептерге байланысты қазақтар сәбиге ең күшті, ұлы және қызықты есімдерді таңдауды ұнатады. Есім таңдауға өте мұқият қарайды. Содан түйген ойымыз кейбір адамдардың еліктеушілігі болмаса, жалпы қазіргі күнде халқымыздың нәрестелеріне ұлтымыздың ерекшелігіне сай аттарды қоюды әлі де жалғастырып келе жатқандығын, әсіресе қайта оралған зиялыларымыздың есімдері қазір көптеп қойылып жүргендігін байқауымызға болады.

Түйін сөздер: есім, ат қою, білім, есім, қазақ тілі, дәріптеу, таңдау, бағыт, бағдар.

Имя и связанные с ним ритуалы являются неотъемлемой частью культуры казахского народа. Уже на ранних ступенях развития человечества имени приписывалась магическая сила и сакральность. Оно определяло судьбу человека, его дальнейший жизненный путь, положение в обществе. Имена людей несут в себе значимую часть культуры и традиции всего народа. В последнее время, в связи с приданием казахскому языку статуса государственного, наблюдается интерес к именам исконно казахского происхождения и казахской интеллигенции. Так же наблюдается интерес к самопознанию человека через раскрытие информации и особого смысла вложенного родителями в его имя. Наречение именем – процесс живой, постоянно обновляющийся и непосредственно связанный с историко-культурной жизнью казахского народа.

Ключевые слова: имена, наречение именем, образование, казахский язык, популяризация, выбор, направление, ориентация.

The name and the rituals associated with it are an integral part of the culture of the Kazakh people. Already at the early stages of the development of mankind, magical power and sacredness were attributed to the name. It determined the destiny of man, his future life, position in society. The names of people carry a significant part of the culture and traditions of the whole people. Recently, in connection with giving the status of the Kazakh language to the state language, there is an interest in the names of primordially Kazakh origin and the Kazakh intelligentsia. There is also an interest in the self-knowledge of a person through the disclosure of information and the special meaning invested by parents in his name. Naming is a living process, constantly updated and directly connected with the historical and cultural life of the Kazakh people.

Keywords: names, name, education, Kazakh language, popularization, choice, direction, orientation.

Тарихта талай әлеуметтік істердің, қоғамдық құбылыстар мен ірі оқиғалардың адам есімімен аталып, кейінгі ұрпаққа, тарихқа мәлім болып жүргені белгілі. Егер де есімдердің дәуір, қоғам өміріне қарай даму, толысу, өзгеру сынына ден қойып, айрықша зер салсақ, онда ұлтымыздың әр кезеңдегі тарихи дәуірлердегі рухани және мәдени өмірінен мол мағлұмат аламыз. Әдетте, халқымыздың мәдени өмірі мен тұрмыс жағдайына, шаруашылығы мен кәсіп-тірлігіне байланысты сөздерден кісі есімдері қойылады [1].

Халқымыздың егемендікке қолы жетіп, тәуелсіз ел болғалы бері, адам аттары да жаңару үстінде. Осымен байланысты өмірге келген сәбилерге қойылып жатқан әдемі де айшықты, мән-мағыналары айқын, айтуға жеңіл де ықшам, жарасымды есімдер бүгінгі өмірінің, алдағы болашағының куәсі болмақ [2].

Қазақ есімдерінің құрамы аса мол да бай. Адамдардың аты-жөндерін тұрақты түрде зерделеп, жинап, ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеу ісі ешқашан толастамай, теориясымен қатар қолданылатын мәселе. Осы келелі мәселелерге көңіл бөліп, болашақ ұрпағымызға сәнді де мәнді, айшықты да жарасымды есімдер беру үй іші, отбасына тән шаруа деп білген дұрыс.

Қазақтың салты бойынша, жас нәресте туған кезде ата-анасы ең сыйлы, қатты құрмет тұтатын адамына өз сәбиінің есімін қойғызады. «Балаға қандай ат қойылса, оның болашақ тағдыры соған байланысты болады» деген наным-сенім бар.

Адам есімі келешек тағдырына қаншалықты ықпал етеді? Аттас адамдардың көбісінің мінез-құлығы неліктен бір-біріне ұқсас? Бұл ХХ ғасырдың басынан бері ғалымдардың зерттеу жүргізіп келе жатқан жұмыстарының бірі. Соның нәтижесінде кейін адам есімдерін зерттейтін антропонимика ғылымы пайда болды.

Қазақ тіл білімінде антропонимия деген термин бар. Антро+пос – «Адам, оним// онима – «Есім», «Ат» деген сөз. Ендеше, антропоним дегеніміз – «Кісі есімі». Антропонимика дегеніміз – адамдардың есімдерін зерделейтін ономастика бөлімі [3].

Ономастика – жер-су атауларын, кісі есімдерін зерттейтін ғылым. Антропонимдер ономастиканың антропонимдерді, яғни, кісі аттарын, фамилияларын лақап аттарын және бүркеншік есімдерді зерттейтін саласы. Кісі есімдерінің жалпы жиынтығын антропонимия десе, оларды зерттейтін ғылым саласы антропонимика деп аталады. Тіліміздегі барлық кісі есімдері ономастика заңдылығы бойынша жазылады. Антропонимдер тілдегі сөздік құрамның бір бөлігі болып саналады. Ол өз арнасын жалпы халық тілі қорынан алады да тіліміздің ішкі заңына сәйкес дамиды. Қазақ есімдерінің басым тобы халқымыздың өткен замандардан бастап күні бүгінге дейін мәдени-тарихи өмір бейнесін анық көрсетеді.

Бала – адамның бауыр еті. Қай ата-ана да өз шаңырағында шыр етіп сәби дүниеге келгенінде оған ең жақсы есімді қоюға тырысады. Негізінен, жаңа туған сәбиге есім таңдауға қазақтан дана, қазақтан шебер халық жоқ. Алайда, әрбір ата-ана баласына ат қоярда өзіне жүктелер жауапкершілікті жете сезініп, оған сақтықпен қарағаны, он ойланып, он толғанып барып қана жүрегі қалаған есімді сәбиіне қойғаны абзал. Өйткені, есімдердің адам өміріне, адам атына планеталардың ықпалы өте айрықша. Осы адам есімдерін зерттеуші ғалымдардың дәлелдеуінше, есім бала өміріне айтарлықтай әсер етеді, сәбилерді неғұрлым көркем есімдермен атаған сайын, баланың тұла бойы соған сәйкес көркемделе түседі. Баласының атын ырымдап қою – ата-анасының ниетін білдіреді.

«Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл» деген даналық сөз бар. Ертеден ата-бабаларымыз шыр етіп дүние есігін ашқан нәрестеге ат қою мәселесіне өте байыппен қараған. Сәбиге қойылатын есім оның болашағына ғана емес, сол жанұяның тарихына, айналасындағы адамдарға, ауыл-аймаққа да қатысты болған.

Қазақ халқының ерекше бір көңіл бөлетін ғұрыптарының бірі – өмірге жаңа келген бөпеге ат қою. Жаңа туылған балаға ат қою – өмірлік мән-маңызы бар, аса игілікті іс саналатындықтан, қазақ халқы балаға ат

қоюға ерекше көңіл бөліп, өмір есігін ашқан әрбір перзенттің атын жалпақ жұрт силап-қадірлейтін білікті, қадірлі кісілерге қойдыруға тырысады [5].

Қазақтың салты бойынша, жас нәресте туған кезде ата-анасы ең сыйлы, қатты құрмет тұтатын адамына өз сәбиінің есімін қойғызады. Кейде олар келісе отырып, бала есімін өздері таңдайды. Егер де әке-шешесі, ата-әжесі тірі болса, өз немере, шөберелерінің есімдерін солар қояды. Мұндайда үлкен кісілердің айтқаны – заң. Олар айтқан есімді ата-анасының азан шақыртып, сәбиіне қоюы – бұлжытпай орындалатын міндет. Тек есте болатын бір жағдай, сәбиге ат қойғанда айтылуы қиын, қатаң дыбысты, жақсы да жаман мағына беретін, немесе айқайлап тұрған есімдерді қоймаған жөн. Біздің дана халқымызда «Балаға қандай ат қойылса, оның болашақ тағдыры соған байланысты болады» деген наным-сенім бар.

Біздің ата-аналарымыздың ат қою тілегінде бек те, бай да, хан да, ханым да, қожа да, бибі де, шаһ та, ақ та, бақ та, нұр да, ай да, күн де, гүл де, құрыш та, қылыш та, қорған да, мейрам да, үміт те, өмір де бар.

Бұрынғы заманның медицинасын қазіргі кезбен салыстыруға келмейді. Ертеде әртүрлі аурулардың себебінен, заманның қиыншылығынан жаңа туған нәрестелердің шегінеп кетуі жиі ұшырасқан. Осындай жағдайда қатарынан бірнеше сәбиінен айрылған ата-аналар келесі баласы бәле-жаладан аман болсын деген оймен мағынасыз немесе қораш естілетін есімдерді қоя салатын болған. Мысалы: Итбай, Тышқанбай, Жексен, Бейсенбі деген аттар да сәби қай күні дүниеге келсе сол күнге лайықталып қойылса керек. Бұған қосымша қазіргі күнде де Сейсен, Сәрсен, Дүйсен, Жексенбек есімдер жиі кездеседі.

Ежелден көшпелі тұрмыс кешіп, мал шаруашылығымен айналысқан халықтың осы кәсіпке байланысты, аң-құс атауларына қатысты есімдері де көптеп кездеседі. Мәселен, Құнанбай, Бүркітбай, Балағаз, Ақтайлақ, Құлжабай, Көжекбай, Жамантай, Бұрахан, Қаратай, Құлыншақ, Марқабай.

Кісі аттары қалыптағыша атау күйінде қолданылумен қатар, сыйлау, құрметтеу, еркелету, кішірейту мәнін білдіру үшін, атау формасына арнаулы қосымша жалғанып та жұмсалады. Мысалы: Сәбит, Ахмет деген аттарды құрметтегенде, сыйлағанда я үлкен тұтып атағанда, Сәбең, Ақаң деп атауға болады, Сәуле деген атты еркелетіп Сәулеш деуге болады.

Көшпелі тұрмыс кешіп, уақытты күнге, жұлдыздарға қарап болжаған бабаларымыз жұлдыз, планета есімдерін де өз балаларына қоюы жиі кездеседі. Мәселен, Таңшолпан, Үркер, Айдос аттары әдеби шығармада көп танылса, ал өмірде Шолпан, Венера, Сатурин, Айгүл, Айжан, Күнсұлу, Айсұлу, Күнболат, Айбек аттарды кездестіруге болады.

Ұл балалардың есімі. Қазақ халқы ежелден ұл баланы ұрпағының жалғасы, шаңырағының ұйтқысы санайтыны белгілі. Сондықтан бір отбасында тек қыз балалар ғана болса, онда қыздарға Ұлжан, Ұлдай, Ұлмекен, Ұлдана сынды аттар қойылған, яғни келесі бала ұл болып қалар деген үміт, тілек, ниет айқын аңғарылған. Ұл – келешек отбасы мен әулеттің қорғаушысы. Сондықтан да олардың аты ұлттық салт-дәстүрге байланысты қойылған. Мысалы:

- баласы тұрсын деп – Тоқтар, Тұрар, Тұрсын, Тоқтасын, Өтеген, Өтемес;
- тіл көзден сақтасын деп – Елеусіз, Елемес;
- ұзақ өмір сүрсін деп – Елубай, Жүзбай;
- баласы күшті әрі шыдамды болып өссін деп – Темір, Қасқырбай, Бүркіт;
- атақты адамдардың есімін береді – Абылай, Абай, Шоқан, Шакен, Димаш;
- Ақылбай, Қожақан, Қадырбай, Әділхан, Құтжан, Өскенбай, Байсал, Сүйіндік, Ербол, Асылбек сынды аттарды қойып, ақылды, бай, өсіп-өнген, байсалды, ел сүйетін, ер мінезді, асыл қасиеті мол, қадірлі, әділ болғандарын қалаған.
- Қуандық, Үмітей аттары ата-анасының қуанышы болып келген, кейде соңына дабырлаған бала ере ме деген үмітпен қойылса керек.
- Кейде айналадағы заттардың аттарын қою кездесе (Қамысбай, Ділде), кейде қораш

естілетін аттарды қою да кездесіп отырған. Мәселен, Бөжей, Қодар, Наданбай, Пұшарбай, Тулақ, Жабай, Шұбар, Шөже, Майбасар.

Қыз балалардың аты. Қазақ халқы қашан да қыздарына әдемі, сұлу, нәзік болсын деген ниетпен – Айсұлу, Айдай, Жібек, Алтын, Меруерт, Маржан, Інжу деп ат қойған. Аралас некелі отбасылар өз балаларына Альбина, Сабина, Тимур, Руслан сияқты түркі тектес орыс есімдерін береді. Болашағы нұрлы, өмірі сәнді, мәнді болсын деген ниетпен Нұрғаным, Әйгерім, Салтанат, Керімбала, Камшат, Қамқа сияқты аттар қойылған.

Кейбір халықтарда бір есімді өзгертпей атадан балаға қою дәстүрі кездеседі. Ал, «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деп, ежелден жас балаға дейін жеті атасының есімдерін білуді міндетті санаған халқымыз аталарының есімдерін баласына қоймаған. Бұл қағида бойынша, ең алдымен, жеті атаға жетпеген туыстар арасында қыз алысып, қыз беріспеуге қатаң тыйым салынған. Яғни, бұл жерде ұлттың қан тазалығы, этнобиологиялық тұтастығын қамтамасыз етеді. Екінші қырынан қарайтын болсақ, үлкендерін құдайындай сыйлайтын халық үшін үлкендердің есімін бадырайтып айтып отыру аса зор қателік саналған. Сондықтан жақын туыстар арасында да есімдерді қайталап қою көп кездесе бермеген.

Негізінен, қазақ халқында балаға ат қойғанда ата-аналардың арқа сүйейтін ең басты он бес салт-дәстүрі бар. Олар:

1. Балаға артық саусағына қарай ат қою. Есімдері: Артық, Артықәлі, Артықбай.

2. Балаға тіл-көз тимейді деген ниетпен ат қою. Есімдері: Жаманбай, Қойшыбай, Ошақбай, Тезекбай.

3. Баланың дені сау, жаны берік болуы үшін ат қою. Есімдері: Тасболат, Тастемір, Шымырбай.

4. Баласы шетіней берген үйде жас сәбиге ат қою. Есімдері: Аман, Аманкүл, Есен, Жүрсін, Тоқтар, Тұрсын, Тұрсынқұл.

5. Бала-шағаларының өмірі ұзақ болсын, көп жасасын деген ниетпен ат қою. Есімдері: Жанұзақ, Жүзбай, Жүзжасар, Мыңжасар, Өмірбек, Сексенбай.

6. Бұрын-соңды болған қару-жарақ аттарына байланысты ат қою. Есімдері: Қылышбай, Мылтықбай, Найзабек, Садақбай, Шоқпарбай.

7. Елдің ардақты азаматтарының атын солардай батыр, дана, өнерлі болсын деген ниетпен жаңа туылған балаға ат қою. Есімдері: Абай, Абылай, Ғабит, Жәнібек, Исатай, Қазыбек, Махамбет, Сәбит, Сәкен, Сырым, Төлеби, Ыбырай.

8. Ерекше көзге түскен белгілеріне қарай ат қою. Есімдері: Анарбай, Қалдыгүл, Қалдыбай, Құдірет, Меңдібай, Меңдігүл, Сүндет.

9. Ислам дінінің әсеріне байланысты ат қою. Есімдері: Ғали, Жамал, Зылиха, Иса, Мұхаммед, Омар, Оспан, Сүлеймен, Хадиша.

10. Қыз аттарына аспан әлемінің, аңдардың, асыл тастардың, қымбат маталардың, нәзік өсімдіктердің атын қою. Есімдері: Айман, Алтын, Еңлік, Жібек, Жұлдыз, Күміс, Құралай, Макпал, Меруерт, Раушан, Шолпан, Шынар.

11. Мерзімінен бұрын дүниеге келген балаға ат қою. Есімдері: Лекер, Шалабай, Шалабек.

12. Мұрат-мақсатыма жеттім-ау деген ниетпен ат қою. Есімдері: Арман, Бақыт, Мақсат, Мұрат.

13. Соңғы балаға ат қою. Есімдері: Кенжебай, Кенжегүл, Кенжетай.

14. Төрт түлік мал, аң мен құстарға байланысты ат қою. Есімдері: Арыстан, Аюбай, Бота, Ботагөз, Бүркіт, Қойшыбай, Сандуғаш.

15. Ұлы жоқ үйде қыз туғанда ат қою. Есімдері: Болған, Тойған, Ұлбала, Ұлтуған, Ұлмекен, Ұлбосын, Ұлтуар, Ұлжан, Ұлту [5].

Өзге халықтан енген есімдер. Әсіресе, қазақтарда ежелгі түркі, араб, Иран есімдері көп. Олардың кейбірі мынандай:

Ежелгі түркі есімдері: Едіге («жақсы»), Ораз («байлық, сәттілік»), Манас («сұмдық алып»), Бөкей («батыр, мықты»).

Араб есімдері: Абылай («ата, әке»), Аида («сыйақы, пайдалы»), Әсел («бал»), Әмина («сенімді»), Асхат («бақытты, сәтті»).

Иран есімдері: Айдана («ақылды, дана»), Айнагүл («таза, мөлдір»), Ахан («темір»).

Қазір де түрік (Айлин, Әмина, Айша), ұйғыр (Ділназ, Гүзел, Адель, Гүлзар, Арслан), татар (Замира, Зухра, Мунира, Насима) аттары

қазақтар арасында кең таралған [7].

Ал кейбір адамдар ұрпағым даналардың ізін басып, солар сияқты озық ойлы болса екен деген ниетпен әйгілі адамдардың есімдерін қойған. Әйгілі ақынымыз Мұхтар Шахановтың Мұрат Әуезовқа қарата жазылған «Мені неге Мұхтар қойған?» деген өлеңінде:

Фасырлардың күйін шертіп өтер күн,
Заман терек, адам соның бұтағы.
Мен туғанда досым сенің әкеңнің,
Жазылыпты Абай жайлы кітабы...
Менің әкем соны оқып,
Ұзақ түндер отырыпты оңаша.

Бір биікпен табыстым деп тамаша,
Шаттаныпты балаша... - дей келе, әрі қарай Мұхтар Әуезов сынды ұлы тұлғаның есімін ырымдап өзіне қойғаны туралы жазады.

Өзімізге белгілі ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының шын есімі – Ибрахим болса, Шоқан Уәлихановтың шын есімі – Мұхаметқанафия болған. Бұл аттардың өзгеруінің екінші қырына үңілетін болсақ, тым ұзақ есімдер айтуға қиын әрі сәбилерге ауыр тиеді деп есептелген. Сондықтан, әу баста «азан шақырып қойған аттары» ықшамдалып, өзгеріске ұшырағанадам есімдері жиі кездеседі. Ақиық ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың шын есімі – Мұқаметқали болған. Ал әу баста Нұрмағамбет есімін еншілеген, өзі балуан, өзі әнші ағамыз, кейіннен елге Балуан Шолақ атымен танылған.

Өтеертедеелгетанымаладамдарқайқаладан шықса, сол қаланың атын оның тегіне қосып айту дәстүрі қалыптасқан, оған дәлел ретінде Ахмет Яссауи, Сайф Сараи, Жүсіп Баласағұн, Махмут Қашқари сияқты шығыстың ұлы ғұламаларының есімдерін атауға болады. Отырарлық дана Әбунасыр Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархани әл-Фараби бабамыздың есімі бұл күнде арабтар Фараб атап кеткен Отырар қаласымен тікелей байланысып, ықшамдалып, Әбунасыр әл-Фараби болып айтылып келеді. Қазіргі күні бұл дәстүрді жалғастырушы актер ағамыз – Тұңғышбай Жаманқұлов. Ол өз есімін –Тұңғышбай әл-Тарази деп өзгерткені баршамызға белгілі.

Қай кезде де адам баласы заман өзгерісінің

өз өміріне өзгеріс енгізетінін терең түсінген. Төле би ағамыз «Өткен күн, кеше – тарих, Келер күн, ертең – сыр, Ал бүгінгі күн – үлкен сый» деген. Өткен күн ешқашан да өз ізін қалдырмай кетпейді. Сол сияқты өткен тарихымызға үңілетін болсақ, тарихи оқиғалардың кісі есімдеріне де өз ізін қалдырғанын көреміз.

Ерболат Құдайбергеновтың «Айдана» әнінен кейін елде Айдана есімін, Ұлықпан Жолдасовтың «Алтынай» әнінен кейін Алтынай есімін қыздарына қоятын ата-аналар көп кездеседі. Ерболат есімі де көп тараған есімдердің бірі.

Ал Роза есімімен әйгілі әнші ағамыз Роза Бағлановадан кейін, Роза Рымбаева, Роза Жаманова сынды әнші, актриса апайларымыз, одан басқа да өнер иелері көптеп кездеседі. Осыдан-ақ өнер адамдарының атын қоюға деген ел ықыласын білуге болады.

Көгілдір экраннан түрік сериалдары беріле бастағаннан соң елімізде Ясмينا, Жанан, Орхан есімдерінің қойыла бастағанын көріп келеміз.

Қазақстанда ең танымал есімдер Нұр сөзімен басталады. «Нур» сөзі жарық деген мағынаны береді. Қазақ тілінде «жарық», «сәуле», «күн сәулесі» деп түсінуге болады. Сондықтан, осындай есім берерде өте жарқын, шуақ шашатын адам болсын деп ниет білдіреді. Нұр сөзімен бірге бірнеше сөздерді қосуға да болады: Нұрлықыз – шуақ шашатын қыз, Нұргүл – шуақ шашатын гүл. Ал ер балаларға Нұрлан, Нұрислам, Нұрбек, Нұрсұлтан сияқты есімдерді қойып жатады.

ҚР Статистика агенттігі ең көп таралған ұл балалардың есімдерін былай деп көрсетеді: Ерасыл, Әлихан, Санжар, Арсен, Диас, т.б. Қыздарға: Айзере, Айару, Инжу, Кәусар, Аружан, Аяулым, Сезім, т.б. есімдері көптеп қойылады екен.

Әлемде алфавит әріптерінен тұратын мыңдаған сөздер бар. Бірі адамға жағымды әсер етеді, бірі ренжітіп, күлдіртеді, енді бірі сыңғырлап тұрса, басқасы есті алып шаршатады. Бір ғана сөз әр адамға әрқашан жағымды естіліп, құлақты тартып, қалай айтса да көңілін аударып, бойын сергітеді. Ол –

адамға азан шақырып қойған аты. Сонау адам баласы туғаннан бері, өмір сүріп жүргеннен бері еститіні – өзінің аты. Адам аты қалай айтылса да, қай тілде айтылса да, қандай көңіл күй болса да ешқашан өзінің мағынасын жоғалтпайды. Адам атының қасиеті осында.

Ойшылдардың есебінше, адамның есімі мен оның мінезін және тағдырын байланыстырып тұрған құпия байланыс бар. Анығы – кісінің есіміне оның тағдыры жасырылған. Яғни есімнің құпиясы мен мағынасы адам өмірінде үлкен рөл атқарады.

Ырымдап ат қою – қазақтың қанына сіңген дәстүрі. Соның ішінде бала туысыменен алғаш кездескен кісінің атын қою – бұрындары жақсы ырым саналған. Және де ата-бабаларымыз жаңа туған нәрестеге көз тимесін, өмірі ұзақ болсын деген ниетпен баласына әдейі түпкі мағынасы сиықсыз есімдерді де қойған [8].

Адамдар ат қойған кезде біріккен сөзді ат қоямын ба немесе қысқа ат қоямын ба деп ойлана бермейді ғой. Бірақ сол аттың белгілі біреудің атымен ұйқасқанын немесе ол аттың қандай мағына беретінін ойлайды. «Жаралғанға жабысқан» деген жұмбақтың өзінен-ақ адам баласының дүниеге келген

кезінен белгілі бір атқа ие болатынын білеміз.

Мұсылмандардың ежелгі салты бойынша жас балаға ауыр тиеді деп кейбір аттарды қоймағандығын аталарымыз айтып отыратын.

Осы еңбекте есімдер сырына терең үңіліп, жалпы адамдар өз нәрестелеріне жақсы әрі өнегелі ат қойса екен деген ниетпен біршама жазбалармен таныстым.

Есім әрбір адамды ерекшелендіреді. Оны ешкімге ұқсамайтындай ете алады. Әрбір есімнің өзіндік құпиясы және адамның өміріне әсері бар. Осы себептерге байланысты қазақтар сәбиге ең күшті, ұлы және қызықты есімдерді таңдауды ұнатады. Есім таңдауға өте мұқият қарайды. Содан түйген ойымыз кейбір адамдардың еліктеушілігі болмаса, жалпы қазіргі күнде нәрестелерге халқымыздың ерекшелігіне сай аттарды қоюды әлі де жалғасып келе жатқандығын, әсіресе қайта оралған зиялыларымыздың есімдері қазір көптеп қойылып жүргендігін байқауымызға болады.

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесінде айтылғандай, адамның аты бір-ақ рет қойылады, ал сол есім сол адамның өмір бойы серігі болып жүретіндей, мақтанышпен айта алатындай болғанға не жетсін!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С.Кенжеханұлы. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы, 2004 ж, 63 бет.
2. ҚР мәдениет және ақпарат министрлігі, Тіл комитеті. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. – «Арыс»: Алматы, 2009 ж.
3. А.Құралұлы. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2000 ж, 71 бет.
4. sabaq.kz, ұстаздарға арналаған танымдық-әдістемелік сайт. «Есімдер сыры».
5. С.Кенжеахметұлы. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – «Атамұра»: Алматы, 2013 ж.
6. Бәсіре. Жасөспірімдерге арналған сөзтаным кітабы. – «Эксклюзив КА» баспасы, Алматы, 2015 ж.
7. erkin.ucoz.kz, «Адам есіміне тағдыры жасырылған ба?».
8. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы.

МРНТИ 14.01.11

ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

К.Ә. Қаражанова

Атырау облысы Исатай ауданы Тұщықұдық селосы

Ж.Мырзағалиев орта мектебінің жоғары санатты кітапхана меңгерушісі

Қазіргі кезде жас ұрпақтың жүйеленген тәрбиесі болмағандықтан, қылмыс атаулы қаптап кетті. «Тәрбие жүйесінің» жоқтығынан, қоғамда тәртіп, ұрпақта тәрбие әлсіреп кетті. Отбасындағы тәрбиенің күші әлсіреп отыр. Яғни мұның астарында халықтық салт-дәстүріміздің шынайы өмірден алшақтап, әр елдің салтын ұстанып, өзіміздің бет-бейнемізді жоғалтып бара жатқанымыз десек артық айтқан болмаспын. Себебі Қазіргі күні салт-дәстүріміз тек қазақтың Наурыз мерекесінде көрініс берумен шектелудеміз. Салт-дәстүріміз көзден кетіп, ойда қалуы болашағымыздың бұлыңғырға айналуы. Әр елдің салты әр үйдің төрінде көрініс беруі біздің кім екенімізді айқындағандай.

Түйін сөздер: Ұлттық қасиет, Қара шаңырақ, атамекен, салт дәстүр, тәлім тәрбие.

В настоящее время отсутствие системы воспитания привело к росту всяких правонарушений. Это в свою очередь отразилось в дисциплине и воспитании в обществе, снизилась роль семейного воспитания. Следовательно, происходит удаление связи народных традиции с жизнью. Начали придерживаться традиции других народов, что приводит к потере национальных ценности. Сейчас народные традиции ограничиваются празднованием Наурыз, что отрицательно влияет на будущее нашего народа. Для этого, чтобы показать кто мы- наши народные традиции должны сохраняться в каждом доме.

Ключевые слова: национальная особенность, кара шаңырақ, родная земля, традиции, обычаи, воспитание.

At present, the lack of a system of education has led to the growth of all kinds of offenses. This, in turn, was reflected in discipline and education in society, the role of family upbringing decreased. Consequently, the connection of folk traditions with life is removed. They began to follow the traditions of other peoples, which leads to the loss of national values. Now the folk traditions are limited to the celebration of Nauryz, which adversely affects the future of our people. For this, to show who we are, our folk traditions should be preserved in every home.

Key words: national peculiarity, khan shanyrak, native land, traditions, customs, education.

Қазақ қандай болу керек десе, жаз жайлау, қыс қыстау, қора толы төрт түліктің сай болуы, дастарханымыз өз өнімімізбен мол болуы, төріміз қонақтан арылмаған, көңіліміз бір-бірімізге тарылмаған, кең қазағымның жомарттығы арылмаған сағымға айналғаны өкінішті. Неге біз өзімізден айырылып қалдық деп сұрақ қоя отырып, талдауға көз жүгірттім. Себебі, Қазақтың қара шаңырағынан бастасак, тұрмыс тіршілігі көші-қонда пайдаланатын үй жабдығының өзін кітаптан оқитын дәрежеге жетуіміз көңіл құлазытады. Сол үй жабдығының өзін өзіміз төрт түліктің өзінен алып, өзгеге телмірмесек, өзгенің

қаңсығына төріміз бен дастарқанымыздан орын бермесек біз өз өнімімізді қазіргі жаңаға бейімдеу арқылы өзгені тамсандырсақ, қазақ деген атымызды өркениетті дамыған елдің биігінен көрсете білсек, сонда ғана өз қасиетімізді жоймас едік. Өз мәдениетіміз, әдебиетіміз, салтымызды жоғалтсақ, өзгенің салтын ұстанып та жарыта алмаспыз. «Өзін сыйламаған, өзгені сыйлап жарытпас» деген осыдан шықса керек. Төріміз шетел жиһазы, дастарханымыз әр елдің қатырған құнары жоқ азығы, кигеніміз әр елдің шекпені. Біз тек бүкіл елдің жемтігі болып ішіп, кигенімізге мақтанудан бірінші болып тұрғанымызды

білсек қой, шіркін! Біз мақтанудан жан салмаймыз, сыртымыздан басқалар күле қарап отырғанын сезсе ғой дейтін қазағымның да азайып бара жатқаны ащы да болса жанға батады. Өз өнімімізді киіп, ішсек оған күле қарап, заман ағымынан қалып қойған деп, өз надандығымызды, біліміміздің таяздығынан екенін аңғармайтындығымызда. Ал, профессор А.Айталының «Аптықпағанның асығы алшысынан» атты еңбегінде «неміс патриотизмінің он өсиетінде «ұсақ-түйек» шығын шығарғанда да, Отаныңның және ел азаматтарының мүдделерімен есептесу, шетелдік тауарын сатып алғанда, өз еліңе зиян келтіретініңді ұмытпау, сенің ақшаның текке неміс саудагерлері мен жұмысшыларына пайда әкелуін ойлау, шет елден келген машина мен құрал-саймандарды қолданып, неміс жерін, неміс шаңырағын, неміс шеберханасын қорламау, дастарханыңа шет елдің етін, майын т.б. қоймау, себебі, ол неміс ет өндірісі мен отандық мал шаруашылығына зиян келтіретінін ойлау, әр уақытта неміс қағазына, неміс сиясына малып, неміс қағазымен жазып, неміс сүзгісімен сүзу, неміс игілігіне тек немістің ұны, немістің жемісі, немістің еті жарайтынын білу, тек қана неміс матасынан тігілген сырт киім мен неміс қолынан шыққан бас киімдерді кию, егер сен неміс кофесін ішкің келмесе, Германияның отар елдерінен әкелінген кофені ішу және балаларың мен әйеліңе де отар елінің қақасын ішкізіп, шоколадын жеуге әмір ету, еш уақытта шет елдің тауарына қызықпау және Германия азаматының керегі тек Германия шығара алатынын есінде берік сақтау туралы» баса айтылады [1].

Демек, жоғарыда айтылған неміс-герман патриотизмінің он өсиетінің біздің қазақстандықтар үшін де қажетті тұстары байқалып отыр, яғни отандық тауар өндіруге септігін тигізетін мемлекеттік деңгейдегі осындай ұлттық негіздегі ереже, өсиеттердің маңызы зор деп түсінген жөн.

Сонымен қатар, қытай халқында: «қытайдың баласы қай жерді аяғымен басса, сол жер қытай елі», - деп түсінік беріледі. Демек әрбір елдің өзіндік менталитетіне сәйкес осындай

ұғымдар бар.

Ал бізде қала мен ауылда үй салып жарысудан еліміз өркениетті елдердің алдыңғы сатыда деп, шет елден жұмысшы жалдап ақшамызды банктерді қаржыландырып бәсекеге түсудеміз. Ол үйдің қызығын өзі де, өзге де көрмесе, ол үйді неге салып жатырғанын өзі біле ме екен? Өзінен қайран өмірі кеткенде баладан да, үйден де қайыр көрмей, қариялар үйінен шығарын сезер ме екен? Несиеге ақша алып, үй салуда, ол үйге кіру тойы, ұрпақ өсіп үйлену тойы, дүниеге сәби келіп бесік тойы, тілашар, келін шай, құда түсу, туған күн т.б. қазақта не көп, той көп. Бәрі-бәрі үйде емес қоғамдық орындарда, бизнес тойханаларында тағы да жарыса тойлаудамыз. Байларға еріп, ішерге тамағы жоқ та тойханадамыз. Міне, өмір, уақыттың қадірін білмей жарысып, буынып асылып, қорлыққа шыдай алмай өмірден өтудеміз. Надандығымыз бізді көрге тыққанша да білмей азғындаудамыз.

Небір түрлі ауру да бізді аттап кете алмайтындығын ашып айтатын қауымның азайып бара жатқандығы ойыма ой қосып, сөзіме арқау, қаламыма тиек болды. Кейінгіге сөзімен де, ісімен де үлгі өнеге боларлық қарияларымыз жоқтың қасы. Аузы дуалы кейінгіге айтар тұщымды сөзі жоқ ата-әжеміздің азайып бара жатқандығы неден? Сөзімен, ісімен, ізетті де парасатты, білімді, кеңдік пен жомарттық бойынан табылатын қайран қарияларды шам жағып іздеп табу қиынның қиыны. Зиялы қариялар қайдасың? Мына уақытымыздың құнын бағаламай, дүние бәсекесі, ақша, байлық қуып жарысудан жан салмаймыз, бір-бірімізге ор қазып, надандықтан әрі оза алмаймыз. Осы надандық, жамандық, жалқаулықты жеңетін жерге тер төгіп уақытымызды еңбекпен жеңіп, басқалардан неге біз оза алмаймыз. Жер қасиетін жер бетінде алшаң басып, неге біз тайрандаймыз. Осы қасиеттердің жолын ашып, білім іздеп шарқ ұрып ұша алмаймыз?

Мен жусан иісі аңқыған ауылымда, қазыналы қара шаңырақтағы Ұлы Отан соғысынан оралмаған Қаражан әулеті, Алма әжемнің бауырында, ұстазым, әрі әкем Әзіржан мен

Ағзия анамның тәрбиесімен, тілдің нәрімен сусындап, қазақы тәлім-тәрбие алып өскенімді мақтан етемін.

«Егер халықтың тағылым қағидаларын түгел толайым жинаса, шет тілдерге аударылса, жер бетіндегі жұрттар мен ұлттар біздің ата-баба тәлімгерлігіне таңдайларын қалай қағар еді?» - деген екен ақын атамыз М.Әлімбаев.

Иә, халқымыз ғасырлар бойы өз ұрпағына ақыл-нақыл айту арқылы сөз өнерінің құдіретті күшімен әсер етіп, жүрек тебіренісін туғызып, адамгершілікке баулып өсіруді мақтан еткен.

Ата-анаңның парызын «Адам ақылымен сымбатты, ұрпағымен қымбатты» деп бейнелесе, «еккенің тікен болса, орғаның балауса болмас», «Азаматтың қасиеті – ерлігінде, елдің қасиеті – бірлігінде», «Адамдықтың нұры бол, Адалдықтың ұлы бол!» деп, ұрпаққа жақсылықты сезіндіріп, жамандықтан безіндіріп, ізгілікке шақырады.

Міне, бабамыздың ұрпаққа аманаты. Осы адамдық жолында аға ұрпақ өкілдері басын тауға да, тасқа да соққан, қарлығаштай қанатымен ел-жұртына су себуге асыққан.

Осы жерде салт-дәстүріміз бен ұлттық өнерімізді менсінбейтін, ана тілінен безген мәңгірттер ойға оралып, халқымыздың рухани жебеушісі Ахмет Иассаuidің «Менің асыл хикметімді жаны ауырмасқа айтпағын, баға жетпес інжуімді құнын білмеске сатпағын» деген сөздері еріксіз еске келеді.

«Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтып күн көрер» дегендей, алдында үлгі болар үлкені жоқ, өнеге етер үрдесі жоқ, қаны қазақ болғанмен, тілі, діні жатқа айналған кейбір замандастарымды көргенде көңілге кірбің ұялап, бойымды оларға деген бір аяныш сезім пайда болады.

Сөз бен істің сәйкессіздігі азғындаудың басты белгісі екен. Мұндай адамдарға жүрегіңнің түбінде ешқандай аяныш сезімі оянбайды. Қоғамымыздың әр мүшесін, әр мұсылманды тозаққа тартып тұратын нәпсіге еріп кетуден бой тарта білу керек... Сондықтан, өзінің нәпсісіне қарсы, биік адамгершілік мұраттарға ұмтылу, ізгі істер жасау, жамандық атаулыдан бас тартып, шын мұсылманға тән парызы

болуға тиіс...

Халық қасиеттілігі, Алласын жақсы көрушілігі, даналығы, ерлігі, еңбегі, арманы, тұрмысы, салты біздің ата мұра уақыт кестесін мүлтіксіз орындауымыз қажет. Адам өміріне ең қауіпті мәселе – аш жалаңаш болуы емес, ең зияны – тиесілі уақытында ұйқыдан тұрмауы. Таңғы 4-тен-5-ке дейін тұрса, ол уақыт адамға қажымайтын қайрат, көтеріңкі көңіл бітіреді. Сағат 5-тен 6-ға дейін тұрса, байсалдылық, жайбарақат көңіл, денсаулық дариды. Сағат 6-дан 7 ге дейін тұрғандардың иммунитеті, ауыру-сырқауға қарсы тұратын қабілеттілігі азая бастайды.

Қазақтың ақ жарқын мінезі, баладай сауықшылдығы, білім құмарлылығы, Алласына жол табушылығы, кішіпейілділігі, еңбекқорлығы, еркіндік сүйгіштігі, даналығы қайран қалдырады.

Ерте тұратын қасиеттілігінен, жақсы тілек сезімдерінен, ашық бояулардың әсерінен, жер ананың тізесінде ұйықтайтындығынан олар ауырмайтын еді. Жасы үлкенді айрықша сый-сыяпатқа бөлеген. Уақыт күшін сыйлағандығынан алдын кесіп өтпеген. Ризашылығын, батасын алуға тырысқан, көңіл мерекесін таңдаған. Тойды-тойға ұластырып отырған.

Қазақ дүние жинамаған сақы халық болған. Ата-дәулеті балаға мұра болмайтындығын жақсы түсінген. Барлығы ниетіне қарай әр адамға Алла жеке-дара беретінін біліп, қанағатшыл, рахымшыл, қайырымды болған. Уақыт заңдылығымен бағыну олардың өмірінің негізі еді. Тіршілік талабын, әр істі уақытында істемесе, уақыт тұтқынына түсетінін жақсы білген. Біреудің дүние мүлкін ұрлауға болмайтыны сияқты, өз уақытыңды да біреудің уақытын ұрлауға, уақытыңды бос кетіруге мүлдем болмайды. Уақыт кестесін мүлтіксіз орындауымыз қажет.

Уақыт дегеніміз – Құдайдың бұйрығы, Құдайдың энергиясының күші, ол бәрін көріп, естіп тұрады. Ешқашан уақытқа қарсы келетін күш жоқ, ешкімнің уақытқа қарсы келетін мұрсаты да, хақысы да жоқ.

Керемет құдіретті мезгіл – уақытында

тұрып, көзін ашып, ояну, сол мезетке бір күннің нәтижесі байланысты. Қашанда бірінші сөзің де, соңғы сөзің де Алла болуы керек. Күніне рахмет айтып қуануың керек.

Төсекте уақытыңда тез тұру. Сағат 8-ге дейін ұйықтағандар түрлі дертке шалдығады. 9-10-ға дейін – жазылмайтын дертке ұшырайды. 10-11-ге дейін ұйықтаса о дүниеге кешікпей аттанады.

Емделу дегеніміз – адамгершілік қасиетті бойға сіңіру. Мінез-құлқыңызды жақсылыққа бағыштау, уақытыңда тұрып, уақытыңда жату.

Жаман ойларға бойынды алдырмасаң – нағыз батырлығың, өзінді-өзің құтқарғаның, емделгенің. Барлығын кешіре алатын адамға Аллам сыйлық ретінде, жақсы жадына сақтау қабілетін береді, адам ұмытшақтыққа ұрынбайды.

Ағайыным, уақытты өз еркіммен пайдаланамын деп адаспаңыз. Уақыт сізге тәуелді емес. Сіз уақытқа тәуелді екеніңізді естен шығармаңыз. Уақытыңыз кестелі, көркем болсын! Өз уақытымызға жауап береміз, жауаптылығымызды жауапкершілікпен Алламыз шексіз махаббатпен сыйлады бізге, адамзатты жер тіршілігінің қожасы қылып тағайындады.

Алламызға арналған махаббат күші – жаратылыс негізі, ақыл көзі, сезім нәзіктілігі, өшпейтін рухымыздың күштілігі. Тәңірімізге арналған махаббатымыз ғана бізге денсаулық береді, шабыт шақырады, қасиеттілік дарытады. Тәңіріміздің ризашылығына жету үшін, ата-анаға, туыстарға, жетімдерге, жарлыларға, алыс-жақын көршілерге, қасындағы досқа, ғаріптерге әр уақытта жақсылық жасау керек екендігін білуіміз керек.

«Кімде-кім бастаған істің сәтті аяқталуын мақсат етіп, қойған мақсатына толық берілген болса, ол кісі ешқашан зерікпейді, басқа ешнәрсені көңіліңе де алмайды».

«Ешнәрсеге қызығушылығы жоқ болып іші пысса, өмірден түңіліп жүрсе, оған жауапкершілік жүктеңіз, бос уақыт болдырмайтын тапсырма беріңіз».

Адамның сөзі мен амалы бір-біріне сай болуы шарт. Адамның сөздері ең алдымен өз бойында көрсетуі қажет. Басқаша айтқанда,

өнегелі болуы шарт. Өйткені, адамның жаратылысы ақиқатты естігеннен гөрі көргенді қалайды. Тұлғалық қасиеттен жүрдай әрі сөзі мен ісі бір-біріне қайшы келетін адамның сөзі өтімсіз болады.

Имам Ханбалидің өсиеті: «Ілім адам баласына нан мен су секілді керек. Ілім, риуаят, құрғақ мағлұмат пен білімнің көптігі емес. Ілім – пайдалы болған және сол арқылы амал етілген нәрсе», «Құлдың жүрегін тазалауы және түзетуі үшін жақсылармен бірге болудан артық пайдалы нәрсе жоқ. Және де құлдың пасықтармен бірге болып, олардың істеген істеріне мән беріп назар салуынан артық зиян жоқ». «Күнә иманды әлсіретеді, әр нәрсенің өзіне тән кереметі бар. Жүректің кереметі – Жаратушыға разы болу, тағдырға мойынсұну» «Сұрағанын бермегеніндеренжіген, ашуланған және қапаланған жолдас нағыз жолдас емес», «Ашуланып тәкәппарланған бастан ақыл іздеп әуреленбе». «Адамдардың ақымақтары өздерін мақтағанда рахаттанып масайрағандары». «Тәуекел – әр нәрсені Алладан деп білу және ризықты оның бергеніне сену». «Адамға аз ғана дүние жетерлік болар, ал оның артығы артықтық етеді». «Бір кісі садақ жолдасын жоғалтса, оған ауыртпалық түседі». «Өтірік айту сенімділікті жоғалтады». «Кемшіліктен пәк, кемшілігі жоқ жолдас іздеген кісі жолдассыз қалар».

Қазақ нені қасиет тұтады? Кез келген ұлттың қадір тұтып, қызғыштай қоритын мұралары, байлығы, қасиеттісі болады. Ал тумысынан ырымшыл келетін біздің қазақ халқының мұндай құндылықтарын саусақпен санап тауысу мүмкін емес шығар. Атамекен – әркімнің ата-бабасының, өзінің туып өскен жері. Туған жерді құрметтеу, оған әрдайым барып тұру – азаматтық белгі. Қазір де қарт кісілеріміздің кіндік қаны тамған жерлеріне адалдығы соншалықты, топырағының сол жерден бұйыруын тілеп, қоныс аудармай отырады. Кішкентай балаларды да туған жеріне аунатып алатын ырым бар. Бұл сәби отаншыл болсын, жерін сатпасын деген ниеттен туған.

Қара шаңырақ – ата-бабадан қалған

үй. Қазақ мұндай үйді де, иесін де ерекше құрметтейді. Күтіп таза сақтайды. Басқа аймаққа қоныс аударса да, үйді құлатпауға, сатпауға тырысады. Ананың ақ сүті – адамзат үшін ең қадірлі ұғым. Ананың ақ сүтін ақтау да үлкен парыз саналады. Аналардың «Ақ сүтім ақталды» деп марқаюы – перзенттеріне деген ризалықтарының белгісі. Ананы риза ету – Алланы риза ету деген түсінік те бар. Құран – Мұхаммед пайғамбарымызға түскен қасиетті кітап. Сол секілді хадистер мен діни шариғат жинақтары да киелі саналады. Мұндай кітаптар таза қолмен ұсталып, аяқ асты етілмейді. Дастархан – тағам байлығы мен берекесінің нышаны. Кезінде жомарттар мен мырзалардың, қолы берекелі әйелдердің аттары дастарханмен шығатын болған. «Абай жолындағы» Бөкей асын еске түсіріп көрсеңіз болады. Қазақ дастарханды аттауға, дастархан басында әдепсіз сөз айтуға тыйым салады. Қара қазан – тоқтық пен мырзалықтың айғағы, сонымен бірге ол мол ас пен адалдық асының бірлігі ретінде бағаланады. От орны – ықылым замандарда киіз үйдің ортасына ошақ құрылып, қазан асылатын болған. Халқымыз от орнын аттамауға тырысқан екен. Төр – әр үйдің қонақ отыратын жоғары әрі құрметті орны. Үйге келген сыйлы адамға «Төрге шығыңыз» деген ілтипат білдіріледі. Батырлардың қару-жарағы – нағыз киелі заттар. Қабанбай, Бөгенбай, Кенесары, Ағыбай сынды батырлардың қылышы мен найзасы, сауыты мен дулығасы, ер-тұрманы, садағы мен шоқпарлары ғасырлан ғасырға жеткізіліп келе жатқан мұралар. Аңшы, шебер құралдары – мергеннің, ұстаның балғасы, етікшінің бізі де ерекше мүлік есебінде сақталады. Танымал адамдардың қаламы – сирек кездесетін жәдігер ретінде мұражайда, автордың үйінің төрінде сақталады. Бұлақ – тазалық пен нәр көзі есебінде қасиетті деп қаралған. Қарапайым ғана «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген қағида оның жоғары бағасын білдіріп тұр емес пе? Бақан – шаңырақ көтеретін киіз үй мүлкі. «Бақанды аттама» деген тиым да оның өзіндік құндылығын арттырады.

Мал басы. Әр үйде малдың басы сол үйдің

құты деп саналады. Олардың қатарында үйірін итқұсқа бермейтін айғыр, соңынан төл ерткен мама бие, қой бастайтын серке де бар. Қазақ мұндай мал басын сатпайды, айырбастамайды. Сондай-ақ, малдың басын, сәбидің қалжасына сойылған малдың мойын омыртқасын жоғарыға іліп қоятын ырым да бар. Домбыра – сан ғасырлардан бері сырын сақтап, қазақ даласында кеңінен танымал болған аспап. «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген аталы сөз аспаптың қаншалықты құрметті екендігінен хабар беріп тұр. Қазақ домбыраны аяқ асты етпеген, керісінше, әрдайым төрден орын беріп, басына үкі таққан. Ұлтымыздың қадір қасиетін арттыратын ұлттық мәдениетіміз, тұрмыс салтымыз өзге ұлттың басып жаншуына көнбейтін ұлы мұраларымызды ұрпаққа мұра ата баба қалдырған ізгі қасиеттерімізді жоғалтпай, өзгеге тапталмай жеткізу біздің басты мақсатымыз.

Осы жерде ер азаматтар атына да бір ауыз ащы сын айта кеткеннің артықтығы болмас. Бүгінгі қоғамда тәрбиенің табиғилығының ара салмағының ауытқуынан еркектерімізді де дәрменсіздік дерті жайлаған. Өйткені, еркекті еркек етіп тәрбиелеп шығаратын – еркек болуы тиіс. Ондай еркектер қайда?! Атадан қалған «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақал – мәңгі мәнісін жоймайтын ұлық тәрбие. Қазақта туылған бала бұрын аталарының тәрбиесінде болатын. Ата деген, өз әулетінің, артылса ағайынның, ауылдың пірі саналатын. Олар тұрғанда өз балаңды өзін балам деп айтудың өзі ұят көрінетін. Бұл қанға сіңген имандылықтың әдемі көрінісі болатын.

Қазіргі сәби – көктемде туыла салып, күзде өзі лақтап тұратын ешкінің баласы сияқты, жас келіндердің өз бауырларында тәрбиеленеді. Ата мен әже тәрбиесін көре бермейді. Жастар тәрбиесіздіктен өзін туып-өсірген ата-аналарынан туған сәбилерін алшақтатумен әлек. Жаңа туған сәбиіне өзі балалықтан арыла қоймаған жас ана не тәрбие бере қояды? Ол аздай ана көкірегі арқылы сәби жүрегіне сіңетін мейірім шапағатты толық бермей жатып, баланы балалар бақшасына өткізгенше

асығамыз. Қызмет не жұмыс қалып бара жатыр. Ал балалар бақшасында балаларды қоршаған мейірімсіз сұсты төрт дуал мен бар балаға ортақ әңгіме айтып, тәрбиешілік жасайтын қыздар мен әйелдер қарсы алады. Одан мектепке барады. Онда да қыз-келіншектердің тәрбиесі. Одан оқу орындарына барады, онда да негізінен қыз-келіншектердің тәрбиесі...

Сіз өсіп тұрған биік ағаштың қасына жас шыбық көшетін отырғызып көргеніңіз бар ма? Көрсеніз жақсы, көрмесеніз сол шыбық үлкен ағашқа қарап бойын сылайды. Өйткені, жаратылыстың, табиғаттың тәрбиесі солай. Осы сияқты туылғаннан бастап, негізінен тек қана әйелдердің тәрбиесін көрген ұл баланың өзі әйел мінезді болып өседі. Ал әйел мінезді еркектен – еркекке тән, ер мінезді азаматты күту қиын. Ал ондай еркек келешек өз ұлында ер мінезді нағыз азамат етіп тәрбиелей алмайды. Өзінде жоқты қайдан берсін.

Ал әйел табиғаты жаратылысында еркектен еркектік қайсар кесек мінезді ғана күтеді. Ол мінезді ер адамның бойынан таппаған әйел, өзі мінездес жанға ашып айта қоймағанмен, тойымсыз аш көңілмен қарайды. Бұл жерде цыган әйелдердің ерлеріне өз қолымен қамшы ұстатып, өзін-өзі сабаттыруы сол табиғи үстемдікті табиғи түрде мойынсұну деп ұғынудың артықтығы жоқ. Жаратылыстағы еркек пен әйел арасындағы ара салмақты ұғындыру үшін келтірілген мысал. Бүгінгі

таңда біздің әйелдеріміздің еркекті еркек ретінде мойынсынбауы, сыйламауы, жиі ажырасуы, көңілдес тауып, тіршілік етуі, осындай дәрменсіздіктен келіп шығуда. Олай болса, әр отбасы қоғамымыздың бір бөлшегі қоғамымыздың мықты болуы, «Үй иесі нашар болса, қонағы билер» деген халық нақылы осыдан қалса керек.

Бүгінгінің қариясы... Бір құрбымның әңгімесінен. Алаңсыз ас бөлмесінде жұмыс істеп жатқам. Бір кезде сыртта айқайласқан, шуласқан дауыс шықты. Адам жақсы-жаманды білгісі келіп тұрады емес пе? Тыңдамақ болып есікке жақындағанда, әжесіне айғайлап жатқан 5-6 жасар баланы көрдім. «Мал, ешек» дегенді бір емес, бірнеше рет айтты немере. Әже де баламен бала болып аузына келгенді айтып жатыр. «Мен саған тамақ бердім, қыдырттым сол үшін ұрса алам», - дейді балаға. Құдай-ау ертегісін айтатын, өнегелі өмірден сыр шертетін әжелер қайда? Бүгінде әжелеріміз соңынан ерген ұрпаққа бас болғысы келмейді. Керісінше, жас болғысы келеді. Қанша жас болам десе де, Алланың берген әжімін қайда жасырады? Самайдағы ақ шашы мен әжіміне лайық іс жасайтын әжелерді аңсайтын болдық. Ескіліктің мынадай сөзі бар еді. Қарттың үш түрі бар: 1-Бала қарт, 2-Дана қарт, 3-Шала қарт.

Бүгінгінің кейбір қарттарын қай түрге қосуды сіздерге қалдырдым. Өз қадір қасиетімізді жоғалтпауда атсалысайық, ағайын!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұр. 2013ж. №15.16.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Иманбаева С.Т. Елбасының «болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты идеясын іске асыруда Сейталиев Қадыржан Бірәнұлы еңбектерінің маңызы.....	6
Есимбекова Д.Б. Ұрпақ тәрбиесіндегі «рухани жаңғыру» принциптері.....	10
Ахметова Б.К. Рухани жаңғыру – болашақтың жарқын көрінісі.....	14
Тумабаева М.Б., Сейтимбетова С. Ұлттық, рухани тәлім-тәрбие берудің әлеуметтік қажеттіліктері.....	18
Есқанина А.С. Рухани жаңғыру – болашағы жарқын ел болуымыздың кепілі.....	23
Ainakulova A.M., Ainakulova A.M. What should be the Teacher of the XXI Century», or rather The «Teacher of «Mangilik El»?.....	27
Исатаева Ә.А. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін инновациялық технологиялар арқылы дамытудың психологиялық аспектілері.....	31
Бөлеев Қ., Тілеуова И. Құранның тәрбиелік мәні.....	36
Бисенғали Жолғабден Ұлттық таным және қазақ өлеңі (<i>Бағдат Кәрбозұлының зерттеулері туралы толғамдардан</i>).....	41
Айнақұлова А.М. Қазіргі таңдағы ата-ана мен бала арасындағы келеңсіз қарым-қатынастардың сыры.....	48
Жазылбекова А.Б., Құрманғали А.К. Ұлттық дәстүрде балаға ат қою.....	52
Қаражанова К.Ә. Ұлттық тәлім-тәрбие жүйесін жаңғырту – өзекті мәселе.....	58

ЖЫЛ БОЙЫ ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР МЕН ТҰРАҚТЫ АВТОРЛАРДЫҢ ТІЗІМІ
№1(37)2017

Нуриев М.А., Садыкова А.Е. Мұғалімнің педагогикалық әдеп этикасы мен эстетикасы
Нуриев М.А., Советканова Д.М. Педагогтың өзін-өзі білімдендірудің жолдары
Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Солтанов К.М. Жастарға рухани-адамгершілік тәрбие берудің тарихи негіздері

Джанзакова Ш.И., Өтегенова Г.Б. Ұлттық тәрбиенің дамуы мен қалыптасуының тарихи алғышарттары

Seth A. Agbo, Bekisheva R.M., Rskeldieva D.B., Aliakbarova A.T. The university combining upbringing and teaching

Мардахаев Л.В. Праксиологические основы национального воспитания

Бөлесев Қ., Өтемова Қ.Т. Қазақ этнопедагогикасындағы «кемел адам» тұлғасын қалыптастыру

Құсайынова С.Қ. Қазақ халық педагогикасындағы гигиеналық тәрбие

Хасенов Ғ.Қ. Мектепте патриоттық тәрбие берудегі алғашқы әскери дайындық пәнінің орны

Байқоңырова А.О. Сайын Мұратбековтың «Қылау» әңгімесін оқытудағы тәрбиелік мәселелер
Дүйсенәлі Әлімақын Жанат Ақмадидың «Есенгелді би» романының бүгінгі жастарға берер тәрбиелік тұжырымдары мен көркемдік ерекшеліктері

Парманова Э.А. Қазақтың ұлттық болмысына тән этноментальды мәтіндердің тәрбиелік мәні
Мұхамбетова А.З. Жан-жануар компонентті фразеологизмдер семантикасындағы ұлттық дүниетаным көрінісі

Төлепбергенова А.Б. Шешендік сөз түрлерін мотивация арқылы оқыту

Сұлтанова С. «Сын тұрғысынан ойлануға үйрету» модулінің білімді ұрпақ тәрбиелеудегі пайдасы

Адасбаева Г.С. Бастауыш сынып оқушыларының білім деңгейін арттыру жолдары

Картбаева К.С. Фонетикалық бірліктерді оқытудағы әдістер

№2(38)2017

Нуриев М.А., Садыкова А.Е. Мұғалімнің құқықтық-саяси сауаттылық мәселесі

Нуриев М.А., Советканова Д.М. Педагогикада кездесетін кикілжің жағдайлар және оларды басқара алу

Нуриев М.А., Айнақұлова А.М. Педагогтың ұжымдық топтық жұмыс жасай алуы – тиімді қарым-қатынас орнатудағы негізгі күзиреттілік

Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Солтанов К.М., Кенжетай М. Ұлттық руханияттың тарихи бастаулары

Бөлесев Қ., Бөлеева Л.Қ. Қазақ этнопедагогикасының мазмұны

Бөлесев Қ., Қанатбекұлы А. Қазақ халқы тарихи тұлғаларының педагогикалық мұраларының зерттелуі

Ғаббасов С. Адам тәрбиесінің жаңа ілімі

Нұршат Жұмабай. Қытай Халық Республикасын мекендеген қырғыздардың жаңа туылған балаға байланысты салт-дәстүрлері

Сейсенбаева Ж.А., Амангелдиева Қ. Қазіргі шешендік өнердегі замана мәселелері

Сейсенбаева Ж.А., Жораева С. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея мен ұлттық рух тұрғысында тәрбиелеудегі ерекшелік

Сейсенбаева Ж.А., Жақсыбек А. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу – бүгінгі көркем шығарманың өзегі (Б.Мұқайдың шығармашылығы негізінде)

Асильбекова А.М. The problem of «false friends of translator» in translation

Бекжігітова К. Өзінді тәрбиелеу – жарқын болашағыңның кепілі

Бақыт Ж. Ұлттық тәрбие негізі отбасындағы тәрбиеден бастау алады
Кенжебекова Н.Л. Ұлттық тәрбие негізінде жас отбасын тәрбиелеу – маңызды мәселе
Ошақбаева Қ. Отбасында ұлтымыздың тәрбиесіне баулу
Берниязова Ұ. Отбасы берекесі – сабырлықта
Исламова Ә.Т. Ұлттық тәрбие – отбасы құндылығы
Мұханбетқали А. Жас ұрпағымыздың бүгінгі тәрбиесі – ұлтымыздың ертеңгі болашағы

№3(39)2017

Нуриев М.А., Садыкова А.Е. Мұғалімге қажетті ғылыми-технологиялық және экономикалық сауаттылық негіздері

Нуриев М.А., Айнакулова А.М. Қазіргі заманның әмбебап педагогы

Нуриев М.А., Советканова Д.М. Характеристика системы образования Республики Казахстан в светском аспекте

Айнакулова А.М. Ағылшын тілі – бәсекелестік тілі

Талдыбаева А.Қ. Тіл – қатынас құралы

Бораш Р.Б., Баусариева С.Т. Лирикалық шығармаларды оқытудың дидактикалық ұстанымдары

Бөлеев Қ., Құсайынова С.Қ. «Қазақ отбасындағы дәстүрлі келін тәрбиесі» бағдарламасының мазмұны

Бөлеев Қ. «Имандылық тәрбиесі» бағдарламасының мазмұны

Оразова Р.К., Дігәрбек Е. Шәкәрім шығармаларындағы діни концептілерінің тағылымдық сипаты

Түргенбай Ә.Т. Көпшілік алдында шешен сөйлеудің маңызы

Нұршат Жұмабай, Сарқытқан Қастер. Қытай халық республикасын мекендеген қырғыздардың астрономиялық және күнтізбелік ілімдері мен наным-сенімдері

Қаражанова К.Ә. Адам өмірінің табиғатпен байланысының құндылығы

№4(40)2017

Иманбаева С.Т. Елбасының «болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты идеясын іске асыруда Сейталиев Қадыржан Бірәнұлы еңбектерінің маңызы

Есимбекова Д.Б. Ұрпақ тәрбиесіндегі «рухани жаңғыру» принциптері

Ахметова Б.К. Рухани жаңғыру – болашақтың жарқын көрінісі

Тумабаева М.Б., Сейтимбетова С. Ұлттық, рухани тәлім-тәрбие берудің әлеуметтік қажеттіліктері

Есқанина А.С. Рухани жаңғыру – болашағы жарқын ел болуымыздың кепілі

Ainakulova A.M., Ainakulova A.M. What should be the Teacher of the XXI Century», or rather The «Teacher of «Mangilik El»?

Исатаева Ә.А. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін инновациялық технологиялар арқылы дамытудың психологиялық аспектілері

Бөлеев Қ., Тілеуова И. Құранның тәрбиелік мәні

Бисенғали Жолғабден Ұлттық таным және қазақ өлеңі (*Бағдат Қарбозұлының зерттеулері туралы толғамдардан*)

Айнакулова А.М. Қазіргі таңдағы ата-ана мен бала арасындағы келеңсіз қарым-қатынастардың сыры

Жазылбекова А.Б., Құрманғали А.К. Ұлттық дәстүрде балаға ат қою

Қаражанова К.Ә. Ұлттық тәлім-тәрбие жүйесін жаңғырту – өзекті мәселе

Басуға 03.04.2018 қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₈.
Қаріпі «Тип таймс». RISO басылым. Сықтықар қағазы.
Көлемі 19,5 б.т. Таралымы 200 дана. Тапсырыс 10.

050010. Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

«Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды